

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

ӘОЖ 332.14

Қолжазба құқығында

**НЕСИПБАЕВ РУСЛАН ЕСЕНТАЙУЛЫ**

**Аумақтардың дамуын стратегиялық басқару  
(Қарағанды облысының мысалында)**

6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші  
экономика ғылымдарының докторы,  
профессор  
Борбасова З.Н.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
экономика ғылымдарының докторы,  
профессор  
Абрамов Р.А.

Қазақстан Республикасы  
Қарағанды, 2024

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	5
<b>КІРІСПЕ</b> .....	7
<b>1 АУМАҚТЫҢ ДАМУЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	11
1.1 Мемлекеттік стратегиялық басқару объектісі ретінде аумақтар ұғымына қатысты тұжырымдамалық тәсілдер.....	11
1.2 Аумақтың дамуын стратегиялық басқарудың әлемдік тәжірибесі.....	28
1.3 Қазақстандағы аумақты дамытуды стратегиялық басқару құралдары	45
<b>2 АУМАҚТЫ ДАМЫТУДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУДЫ БАҒАЛАУ (ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)</b> .....	63
2.1 Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау.....	63
2.2 Өңірлік деңгейдегі негізгі стратегиялық құжат ретінде Қарағанды облысын дамыту бағдарламасының нәтижелілігін бағалау.....	78
2.3 Қарағанды өңірін стратегиялық басқарудағы жергілікті мемлекеттік билік органдары қызметінің тиімділігін талдау.....	102
2.4 Қарағанды облысының даму жоспарының нәтижелілігін эмпирикалық зерттеу (социологиялық зерттеу деректері негізінде).....	117
<b>3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АУМАҚТЫ ДАМЫТУДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ</b> .....	143
3.1 Қазақстандағы аумақты дамытуды стратегиялық басқаруға тәсілдерді трансформациялау.....	143
3.2 Аумақты дамыту бағдарламасын / облысты дамыту жоспарын бағалау бойынша әдістемелік тәсілдерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстар	149
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	156
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	161
<b>ҚОСЫМША А – Шет елдердегі аумақты дамытуды стратегиялық басқарудың ерекшеліктері</b> .....	174
<b>ҚОСЫМША Ә – Қазақстан өңірлерінің дамуын стратегиялық басқарудың бағдарламалық құралдарын дамыту кезеңдері</b> .....	180
<b>ҚОСЫМША Б – Қазақстан Республикасының өңірлерін дамыту бағдарламаларын салыстырмалы талдау</b> .....	187
<b>ҚОСЫМША В – Қарағанды облысының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы</b> .....	190
<b>ҚОСЫМША Г – Сауалнама</b> .....	195

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасының президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі: Қазақстан халқына жолдауы (2020 жылғы 1 қыркүйекте).

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарын бекіту туралы: 2022 жылдың 21 ақпанда, №812 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдама туралы: 2007 жылдың 26 желтоқсанда, №1297 бекітілген (күші жойылды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 мамырдағы №481 қаулысымен).

Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы: 1993 жылдың 8 желтоқсанда, №2572-ХІІ қабылданған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы: 2017 жылдың 29 қарашада, №790 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының аймақтық саясатының тұжырымдамасы туралы: 1996 жылдың 9 қыркүйектегі, №1097 бекітілген (күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.07. №1598 қаулысымен).

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы туралы: 2006 жылдың 28 тамызда, №167 бекітілген (күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдесі, №118).

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуінің 2007-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы: 2006 жылдың 14 қарашада, №216 бекітілген (күші жойылды Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 13 сәуірдегі, №47 жарлығымен).

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы: 2011 жылдың 21 шілдесі, №118 бекітілген (өзгерістермен және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасын бекіту туралы: 2011 жылдың 26 шілдесі, №862 бекітілген (күші жойылды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №728 қаулысымен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы: 2012 жылдың 25 мамырда, №683 бекітілген (күші жойылды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №728 қаулысымен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы: 2014 жылдың 28 маусымда, №728 бекітілген.

Үкіметте Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жобасы мақұлданды // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми интернет-ресурсы (07.01.2021).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы «Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының жобасы туралы: 2019 жылдың 23 тамызда, №625 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсанда, №990 бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қуатты өңірлер-елді дамытудың драйвері» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №729 бекітілген (күші жойылды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 828 қаулысымен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы: 2017 жылдың 29 қарашада, №790 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы: 2013 жылдың 16 қаңтарда, №466 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан-2050: стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан халқына жолдауы (Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің деректері «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы»: 2018 жылдың 15 ақпанда, №636 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Бұйрығы. Республикалық және облыстық маңызы бар қалаларды дамыту стратегияларын әзірлеу жөніндегі әдістемені бекіту туралы: 2019 жылдың 11 қаңтарда, №3 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтары туралы: 2021 жылдың 26 ақпанда, №520 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №728 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 26 желтоқсанда, №98 бекітілген.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

LOLF	– Бюджет туралы органикалық заң
LPI	– Logistics Performance Index/логистиканың тиімділігі индексі
АДБ	– Аумақты дамыту бағдарламалары
АЕМ	– Ауылдық елді мекендер
АҚ	– Акционерлік қоғам
АҚШ	– Америка құрама штаттары
АӨК	– Агроөнеркәсіптік кешені
АШТӨ	– ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші
АЭА	– арнайы экономикалық аймағы
БКЖ	– Балансталған көрсеткіштер жүйесін құру тұжырымдамасы - Balanced Scorecard
БҚО	– Батыс Қазақстан облысы
БХӨЖ	– Бүкілқытайлық халық өкілдерінің жиналысы.
ҒЗИ	– Ғылыми зерттеу институты
ГФР	– Германия федерациялық республикасы
ДРМК	– Даму және реформа жөніндегі мемлекеттік комитетке
ДЭФ	– Дүниежүзілік экономикалық форумы
ЕАЭО	– Еуразиялық экономикалық одақ
ЕО	– Еуропалық Одақ
ӘКК	– әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясын
ӘМСҚ	– Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры
ЖАО	– Жергілікті атқарушы орган.
ЖЖМ	– Жанар-жағармай материалдары
ЖІӨ	– Жалпы ішкі өнім
ЖОО	– Жоғары оқу орны
ЖӨӨ	– Жалпы өңірлік өнім
ЖСҚ	– Жобалау-сметалық құжаттама
ЖШС	– Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ИИДМБ	– Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы
КЕАҚ	– Коммерциялық емес акционерлік қоғам
КТС	– Корпоративтік табыс салығы
КСРО	– Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚР	– Қазақстан республикасы
ҚТЖ ҰК	– «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
ҚХР	– Қытай Халық Республикасында
МБА	– Мемлекеттік басқару академиясы
МӘМС	– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі
МЖӘ	– мемлекеттік-жекешелік әріптестік
МЖЖ	– Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің
ММ	– Мемлекеттік мекеме
НББ	– Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу
НКИ	– Нақты көлем индексі
ННБ	– нәтижеге негізделген бюджеттеу

ОҚО	– Оңтүстік Қазақстан облысы
ОМО	– Орталық мемлекеттік орган
СЖРА	– Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
СЖҮҚ	– Суды есепке алудың жалпыұйлік аспаптары бойынша құлақтандыру
СҚО	– Солтүстік Қазақстан облысы
ТДҚ	– Тұрақты даму қоры
ТКШ	– Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
ТМККК	– тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі
ҰК	– ұлттық компаниясы
ҰЭМ	– Ұлттық экономика министрлігі
ФАП	– фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункттер
ФЗ	– Федералдық заң
ХӨЖ	– Халық өкілдерінің жиналысы
ШҚО	– Шығыс Қазақстан облысы
ШОБ	– Шағын орта бизнес
ЭЫДҰ	– Халықаралық экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Дағдарыстан кейінгі және жаһандық кезеңде ұлттық экономиканы қалпына келтіру міндеттері тиімді өңірлік экономикалық саясат мәселелеріне ерекше назар аударуды талап етеді.

Нәтижелі табысқа жетудің маңызды кепілі – тиімді әлеуметтік-экономикалық дамудың іс жүзінде жүзеге асырылатын және ресурстармен қамтамасыз етілген басқару құралдарын іздеу мүмкіндігі. Әлеуметтік-экономикалық дамудың қол жеткізілетін мақсаттарын көздеуді іске асыру үшін соған сәйкес келетін, тиімді басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін әртүрлі сценарийлердің сенімділігі мен тәуекелдерін анықтауды қамтамасыз ететін заманауи жоспарлау құралы қажет. Сонымен қатар, қолда бар әлеуеттердің ұзақ мерзімді кезеңде тиімді пайдалануын қамтамасыз етуге, инновациялық технологиялардың конверсиясын, қосымша құнның өсуін, капитал мен білікті еңбек ресурстарының тартылуын және т.б., қамтамасыз ететін өсу нүктелерін іздеуге және жандандыруға бағытталған стратегиялау процестерінің ғылыми негіздемесі қажет.

Қазіргі уақытта жергілікті басқару органдары әртүрлі себептерге байланысты стратегиялық мемлекеттік жоспарлау процедураларын жүзеге асыру кезінде «жоспарлау технологиясы – басқару – нәтижелерді бақылау» үштігінің жиынтығы ретінде стратегиялық басқару шешімдерін қабылдауды қолдау жүйесі арқылы шешілуі мүмкін бірқатар шешілмеген мәселелерге тап болады. Елдегі, оның ішінде өңірлік деңгейде қалыптасқан жайсыз жағдайды түзетудің тиімді жолдарының бірі – стратегиялық мемлекеттік басқару жүйесіне көшу, оған дәлел Қазақстан Республикасында бірқатар жаңа стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың қабылданып, іске асырылуы. 2020 жылы бүкіл мемлекеттік жоспарлау жүйесінің орталық буыны-Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік құрылды [1]. 2021 жылғы ақпанда мемлекеттік жоспарлау жүйесіне елеулі өзгерістер енгізілді. Ел дамуының кеңістіктік аспектісі бөлігінде жергілікті атқарушы органдардың төмен тұрған құжаттарын үйлестіретін елдің аумақтық даму жоспары қабылданды [2]. Өңірлер деңгейінде өңірлерді дамытуды стратегиялық басқарудың құралдарының бірі облыстарды дамыту жоспарлары болып табылады, олар өз кезегінде әртүрлі тиімділік пен нәтижелілікті көрсетеді.

Қазіргі өңірлік саясат шеңберінде аумақтарды стратегиялық дамыту құралдары мен тетіктерін іске асыру проблемаларының өзектілігі және сонымен бірге теориялық және әдіснамалық дамуының жеткіліксіздігі, олардың практикалық маңыздылығы диссертациялық зерттеу тақырыбын таңдауға, оның мақсаттары мен міндеттерін алға қоюға мүмкіндік берді.

### **Мәселенің зерттелу және ғылыми даму дәрежесі.**

Стратегиялаудың теориялық және практикалық негіздері, Әлеуметтік-экономикалық жүйелердің дамуын стратегиялық жоспарлаудың әртүрлі аспектілері әлемге әйгілі Р. Акофф, И. Ансофф, Минцберг Г., Куинн Дж.Б., Гошал С. және басқада ғалымдардың еңбектерінде баса назар аударылды.

Аумақтық құрылымдардың дамуын стратегиялық басқарудың теориялық және әдіснамалық ережелерін шетелдік және отандық ғалымдар Пивен И.Г., Шеховцева Л.С., Каркавин М.В., Байдаков С.Л., Шевелева Р.Н., Каткалов В.С., Боземан В., Страуссман Дж., Толстогузова О.В., Ефимова Е.В., Степанова С.В. және басқалар, стратегиялық жоспарлау құралдарын әзірлеу мен пайдаланудың жалпы мәселелері Хамбар Б., Сагиндикова Е.Н., Ювица Н.В., Межевич Н.М., Черняк С.Я., Сактоев В.Е. еңбектерінде қарастырылады.

«Аймақтар» немесе «Өңірлер» санатын аумақтарды ерекше басқару объектісі ретінде қарастырып, оны зерттеу мәселелері келесі шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды: М.Г. Лапаева, С.П. Лапаев, Т.А. Витульева, Ф.Х. Доронина, С.В. Захаров. «Өңірлердің» дамуы туралы ғылымға ерекше назар аудара отырып қомақты үлес қосқан Қазақстандық ғалым-экономистердің ішінде Е.Б.Аймагамбетовті, А.А. Әлімбаевты, Т.П. Притворованы А.А. Сатыбалдинді, Н.К.Нурлановты, А.А. Таубаевты, Д.Н. Улыбышевті және т.б., атап өтуге болады.

Аталған зерттеушілердің зерделеніп отырған мәселелерді шешуге қосқан елеулі үлесіне қарамастан, аумақтың өңірлер бойынша дамуын стратегиялық басқарудың, әсіресе жаңа сын-қатерлер жағдайында, теориялық және әдіснамалық тұрғыда, одан әрі зерттеуді талап етеді.

Зерттеудің ғылыми-әдістемелік маңыздылығы, басқарудың тиімді механизмін қалыптастырудың айтылған мәселелерінің өзектілігі, сондай-ақ теория мен практиканың жекелеген ережелерінің жеткіліксіз өңделуі зерттеу тақырыбын, оның пәнін, объектісін таңдауды, мақсаты мен міндеттерін анықтады.

#### **Ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеттері.**

Диссертациялық зерттеудің мақсаты - аумақты дамытуды мемлекеттік стратегиялық басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу, оны жетілдіру бойынша ғылыми және практикалық ұсыныстарды әзірлеу.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылып, шешілді:

– мемлекеттік стратегиялық басқару объектісі ретінде аумақтар ұғымына тұжырымдамалық тәсілдерді зерттеу;

– әлемнің дамыған елдеріндегі аумақты дамытуды стратегиялық басқарудың ерекшеліктерін анықтау;

– Қазақстан өңірлерінің дамуын стратегиялық басқарудың бағдарламалық құралдарының даму кезеңдерін және нәтижелілігін зерделеу;

– Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі жай-күйіне баға беру және оның даму бағдарламасын іске асырудың тиімділігін арттыру проблемаларын анықтау;

– Қарағанды өңірін стратегиялық басқарудағы жергілікті мемлекеттік билік органдары қызметінің нәтижелілігіне баға беру;

– Қазақстанда аумақты дамытуды стратегиялық басқару тәсілдерін трансформациялау бойынша ұсынымдар ;

– аумақты дамыту бағдарламасын / облысты дамыту жоспарын бағалау бойынша әдістемелік тәсілдерді жетілдіру бойынша ұсынымдар.

**Зерттеу объектісі** аумақты дамытуды мемлекеттік стратегиялық басқару



болып табылады.

**Зерттеу пәні** аумақты дамыту бағдарламалары/облысты дамыту жоспары және елдің/өңірдің басқа да стратегиялық және бағдарламалық құжаттары нысанында іске асырылған мемлекеттік стратегиялық басқарудың әдістері мен құралдары болып табылады.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін** Аймақтық экономика және басқару теориялары, мемлекеттік стратегиялық басқару теориялары, отандық және шетелдік ғалымдар әзірлеген мемлекеттік стратегиялық басқарудың тиімділігін анықтау мен бағалаудың әдіснамалық негіздері құрады.

Таңдалған тақырыптың ерекшелігі статистикалық мәліметтер негізінде сипаттамалық, жүйелік талдау, экономикалық талдау, салыстырмалы және динамикалық талдау принциптерін қолдануды алдын-ала анықтады.

**Зерттеудің эмпирикалық базасын** Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігінің Ұлттық статистика бюросының материалдары, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің, Қарағанды облысы экономика басқармасының ресми сайттарының материалдары құрады. Жұмыс барысында мемлекеттік жоспарлау жүйесі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері, Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттары пайдаланылды.

**Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы** диссертациялық жұмыста аумақтың дамуын мемлекеттік стратегиялық басқарудың нәтижелілігіне жүгізілген терең зерттеумен оны жетілдіру бойынша ұсыныстарымен анықталады:

– мемлекеттік стратегиялық басқару объектісі ретінде аумақтар ұғымына тұжырымдамалық тәсілдер зерттелді;

– Қазақстан өңірлерінің дамуын стратегиялық басқарудың даму кезеңдері жүйелендіріліп, бағдарламалық құралдарының тиімділігі айқындалды;

– Қарағанды облысының даму бағдарламасына облыстың дамуын стратегиялық басқарудың негізгі құжаты ретіндегі нәтижелер бойынша басқару әдіснамасы тұрғысынан экономикалық баға берілді және оны әлеуметтанулық сауалнама жүргізу арқылы іске асырудың тиімділігі айқындалды;

– аумақты дамытуды стратегиялық басқаруды жетілдіру бойынша шаралар ұсынылды.

#### **Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Зерттеу аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын стратегиялық басқарудың құрамдас бөліктерін жүйелеуге мүмкіндік беретін мемлекеттік стратегиялық басқарудың объектісі ретінде аумақтар ұғымына тұжырымдама.

2. Қазақстан өңірлерінің дамуын стратегиялық басқарудың бағдарламалық құралдарының нәтижелілігін арттыру бойынша ұсыныстар.

3. Қарағанды облысының даму бағдарламасын әзірлеу мен іске асырудың тиімділігін бағалау нәтижелері.

4. Аумақты дамытуды стратегиялық басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстар.

**Практикалық маңызы** Аумақты дамытуды мемлекеттік стратегиялық басқарудың тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдардың практикалық

маңыздылығы - аумақты дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен бағалауды жетілдіру болып табылады. Автор әзірлеген әдістемелік құралдар Қазақстан өңірлерін, оның ішінде Қарағанды облысының дамуын стратегиялық басқарудың тиімділігін арттыруға көмектеседі.

**Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу** Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ұсыныстары Қазақстан Республикасында да, жақын және алыс шет елдерде де халықаралық және ғылыми конференцияларда баяндалды және талқыланды: Strategic territorial development management (on the example of the Karaganda region) 2021), Improvement of regional development using current and strategic territorial management mechanisms (2020), Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасының әзірлеу мен іске асырудың тиімділігі (2021), Басқару объектісі ретіндегі ауылдық аумақтар ұғымы, функциялары мен ерекшеліктері (2021), Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасының әзірлеу мен іске асырудың тиімділігі (2020), Аумақтарды дамытудың стратегиялық бағыттары (2020).

Диссертация тақырыбы бойынша Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 9 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде Scopus базасына кіретін ғылыми журналда 1 мақала, ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған журналдарда 3 мақала, және ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында 2 мақала, алыс шет елдер журналында 3 мақала, жарияланды.

**Диссертацияның құрылымы.** Жұмыс нормативтік сілтемелерден, Белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Жұмыстың мазмұны 191 дереккөзді, 34 кестені, 31 суретті және 5 қосымшаны қолдана отырып, 173 бетте көрсетілген.

# 1 АУМАҚТЫҢ ДАМУЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Мемлекеттік стратегиялық басқару объектісі ретінде аумақтар ұғымына қатысты тұжырымдамалық тәсілдер

Мемлекеттің стратегиялық міндеті өңірлердің ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуы болып табылады, оның мүмкіндігі негізінен сауатты өңірлік басқаруға байланысты. Тиімді өңірлік басқарудың негізі өңірдің кешенді дамуын қамтамасыз ететін процестерді дәл және жан-жақты құру және жөндеу болып табылады.

Аумақты дамытуды стратегиялық басқару мәселелері мемлекеттік басқару жүйесіндегі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Халықаралық тәжірибеде «Стратегиялық басқару» ұғымы 70-ші жылдардың басында, жалпы менеджменттің дамуының логикалық салдары ретінде пайда болды. Стратегиялық басқарудың қажеттілігі мынадай шарттармен анықталады: ішкі және сыртқы өзгерістерге байланысты түбегейлі жаңа міндеттердің пайда болуы; ұлттық экономикалар қызметінің географиялық шеңберлерінің кеңеюіне және өзекті міндеттердің көптігіне байланысты күрделі басқару проблемаларының пайда болуы; басқарудың жоғарғы буынының рөлін арттыру; сыртқы ортаның тұрақсыздығын күшейту және т.б. [3]. Мұның бәрі Стратегиялық басқару және жоспарлау тұжырымдамасы ұзақ мерзімді жоспарлау тұжырымдамасының эволюциялық жалғасы болғанын және оның тиімділігіне байланысты кең таралғанын дәлелдейді [4].

Алайда, соңғы уақытқа дейін стратегиялық басқару негізінен кәсіпорындарды, фирмаларды, ұйымдарды басқару функциясы ретінде қарастырылды. Даму барысында стратегиялық басқару теориясы ғалымдармен кеңейтіліп, мемлекеттерге, аймақтарға және т.б. таралды.

Көптеген ғалымдар стратегиялық басқарудың бірқатар тұжырымдамаларын, жалпы елдің және оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының сценарийлері мен бағдарламаларын ұсынды. Осы тұжырымдамалар мен бағдарламалардың көпшілігі экономика және менеджменттің ірі ғылыми мектептері құрған аймақтық басқарудың белгілі модельдеріне негізделген (Л.И. Абалкин, А.Г. Гранберг, Д.С. Львов, А.Г. Поршнева және т.б.) [5] және стратегиялық басқару мен жоспарлаудың негізгі зерттеушілерінің еңбектері (И. Ансофф, Р. Акофф, П. Друкер, В. Кинг, Д. Клиланд, Дж. Куинн, Г. Минцберг, Д. Миллер, М. Портер, Р. Симонс, Ф. Селзник, А. Стрикленд, А. Томпсон, Г. Хэмэл, А. Чандлер, Й. Шумпетер және т.б.) [6].

Аумақтық дамуды қарастырған кезде әлеуметтік-экономикалық жүйе «аймақ», яғни біртұтас аумақтық құрылым ретінде анықталады [7]. Осыған байланысты әлеуметтік-экономикалық жүйелерді стратегиялық басқарудың қолданыстағы тұжырымдамаларын жүйелеу және оларды аймақты дамыту үшін қолдану мүмкіндігін бағалау қажет деп санаймыз (1-кесте).

Кесте 1 – Әлеуметтік-экономикалық жүйелерді стратегиялық басқару тұжырымдамаларына сәйкес жүйеленуі

Тұжырымдамалар		Әзірлеушілер	Оң жақтары	Жағымсыз жақтары
1		2	3	4
Дәстүрлі	Қалаларды дамытудың бас жоспарларын құру тұжырымдамасы	КСРО-дағы жобалау институттары	Ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін ескере отырып кешенді шешімдер	Үздіксіз болжауды және жалпы ел мен аймақ бойынша теңгерімді жоспарлауды қажет етеді
	ағдарламалық-мақсатты жоспарлау және басқару әдісі	Моисеев Н.Н., Поспелов Г.С.	Қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін синтездеп, мақсатты бағдарламаларды негізді тұжырымдауға мүмкіндік береді	Икемділік пен бейімделушілік жеткіліксіз. Жоғары динамика мен белгісіздік жағдайында жүзеге асыру іс жүзінде мүмкін емес
Дәстүрлі емес	Стратегиялық дамудың индустриялық-экономикалық тұжырымдамасы	М. Портер, Х. Хинтерхубер, П. Гемозт	Көрнекілігі мен анық құрылымы, жүзеге асырылуы толық сипатталған, басқару объектісінің даму тарихы ескерілген	Тұжырымдама өте теориялық, деректерді қалыптастыру және олармен жұмыс істеу көбінесе қиын, процестің бөліктерін нақты ажырату жоқ
	Стратегиялық дамудың ресурстарға бағытталған тұжырымдамасы	К. Эндрю, И. Ансофф, Р. Манн, А. Гальвейер, Г. Эмел, К. Прахаланд	Қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануға негізделген икемділік пен көрнекілік	Мемлекеттік және муниципалды басқару жүйелері үшін іс жүзінде өңделмеген
	Жүйеге бағытталған тұжырымдама	Ф. Малик, Х. Ульрих, Г. Пробст, П. Гомец	Объектіні пәнаралық қарастыру, жеңіл түсінікті ұғым және тұйық, логикалық әдістеме	Абстракцияның жоғары деңгейі, тәжірибеде жүзеге асыру қиын және примитивизация қаупі бар
	Гомеостат әдіснамасына негізделген әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқару тұжырымдамасы	Горский Ю.М., Бир С., Эшби Р.	Гомеостатикалық жүйелерді модельдеу үшін жақсы дамыған аппараты бар	Іс жүзінде жүзеге асыру қиын, проблемаларды талдаудың күрделі алгоритмі және есептеулер үшін сенімді деректерді алу мүмкіндіктерінің аздығы
	Балансталған көрсеткіштер жүйесін құру тұжырымдамасы - Balanced Scorecard (БКЖ)	Р. Каплан, Д. Нортон	БКЖ тұжырымдамасы басқа тұжырымдамалармен біріктірілген және оны жүзеге асыру өлшенеді	Жақсы стратегияны таңдауға кепілдік жоқ, оны жүзеге асыру өте қымбат, көптеген адамдарға стратегиялық ақпараттың қол жетімділігінің төмендігі

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	Жаңа мемлекеттік менеджмент тұжырымдамасы	К.Худ, Д. Осборн, Т. Гэблер және басқалар	Мемлекеттік сектордағы басқару мақсаттары үшін табысты бизнесті басқару технологияларын бейімдеу. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын, халықтың қызмет көрсету сапасына қанағаттану дәрежесін арттыру. Басқарудың тиімділігі, нәтижелілігі, мониторингі, ашықтығы және есептілігі. Стратегиялық менеджментті жүзеге асыру. Нәтижеге негізделген бюджеттеу	Мемлекеттік сектор бір-біріне ұқсамайды және NPM механизмдері барлық жерде бірдей жұмыс істей алмайды; мемлекеттік сектордағы басқару моделі бизнестегі басқару моделімен толық сәйкес келе алмайды; бағдарламаларда бақылау қиын болатын шамадан тыс көрсеткіштердің пайда болуы
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [8-12]				

Авторлар Байдаков С.Л., Каркавин М.В. XX ғасырдың ортасынан бастап КСРО-да қолданылатын бес жылдық жоспарлар негізінде қалаларды дамытудың бас жоспарларын құру тұжырымдамасын және бағдарламалық-мақсатты жоспарлау мен басқару әдістемесін қолдануға негізделген стратегиялық басқару тұжырымдамаларын аумақты дамытуды стратегиялық басқарудың дәстүрлі тұжырымдамаларына жатқызады. Өз еңбектерінде дәстүрлі стратегиялық басқару тұжырымдамаларының жағымды және жағымсыз жақтарын қорытындылай келе, авторлар экономика дамуының қазіргі жағдайларына неғұрлым сәйкес келетін басқару жүйелерін құрудың басқа дәстүрлі емес тұжырымдамаларын қарастырады [13, 14].

Біз, өз кезегінде, осы тізбені Мемлекеттік басқарудың жаңа парадигмасына сәйкес келетін жаңа мемлекеттік басқару тұжырымдамасымен толықтырдық. 2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасында дамыған мемлекеттердің тәжірибесі бойынша әкімшілік реформа жүргізіле бастады. Яғни, мемлекеттік секторда нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған модель қолданыла бастады. Тұжырымдаманың мәні келесідей: нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлау; бөлінген ресурстар мен мақсаттардың сәйкестігін қатаң бақылау; қызметті ұйымдастырудың әртүрлі органдары мен стратегиялық және бағдарламалық құралдары арасындағы байланыстарды кеңейту; басқарудағы тиімділік, нәтижелілік, мониторинг, ашықтық және есеп беру [7, б. 79-89]. Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан унитарлық (біртұтас) мемлекет болып табылады және мемлекет деңгейінде қолданылатын тұжырымдама өңірлер деңгейінде де қолданылуы тиіс.

Ғылыми әдебиеттерде стратегиялық басқарудың барлық аталған тұжырымдамалары тәсілдің сипаты бойынша екі үлкен топқа бөлінеді:

1. Жүйенің ішкі ортасының факторларын ескеретін жүйелік тәсіл. Бұл тәсіл логика мен дәйектілікті стратегиялық басқару процесін қамтамасыз етеді. Тәсіл тиімділіктің, өнімділіктің және тиімділіктің жоғары көрсеткіштерімен сипатталатын тұрақты даму принципіне негізделген.

Бұл тәсіл жүйенің барлық элементтерінің тұтастығы мен өзара байланыстылығымен, даму бағыттары мен сипатының баламалылығымен, сондай-ақ жоғары басқарумен сипатталады.

2. Жүйенің сыртқы ортасының факторларын ескеретін ситуациялық тәсіл. Бұл тәсіл шешім қабылдаудың жоғары икемділігін стратегиялық басқару процесін қамтамасыз етеді. Бейімделу принципіне сүйене отырып, бұл тәсіл жүйенің ішкі элементтерін қоршаған ортаның өзгеретін факторларына тез және икемді түзетуден тұрады [10, с. 42; 15].

Айта кету керек, жүйелік көзқарастағы тұжырымдамалар тобы ел деңгейінде де, оның аймақтарында да мемлекеттік басқаруға көбірек тән, өйткені олар негізінен жүйенің ішкі ортасының факторларын ескереді. Бұл тәсіл стратегиялық басқару процесінің логикалық және дәйекті болуын қамтамасыз етеді.

Ситуациялық көзқарасы бар тұжырымдамалар тобын әдетте корпорациялар пайдаланады, өйткені олар негізінен жүйенің сыртқы ортасының факторларын ескереді [10, с. 43].

Әлеуметтік-экономикалық жүйелерді стратегиялық басқарудың әртүрлі концепцияларының жағымды және жағымсыз жақтарын зерделеу біздің зерттеулеріміз үшін ең тиімдісі жаңа мемлекеттік басқару тұжырымдамасы немесе нәтижелер бойынша басқару тұжырымдамасы болып табылады деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді. «Дәстүрлі мемлекеттік әкімшілік басқарудан айырмашылығы, мемлекеттік басқару табысқа жету үшін міндетті түрде стратегия сезімі болуын талап етеді» [16].

Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды реформалау жағдайында аймақ басқару және даму объектісіне айналады, ол әртүрлі құралдар мен технологияларды (дәстүрлі және инновациялық) пайдалана отырып, аумақта болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарады.

Қазақстанның аумақтық-кеңістіктік деңгейіндегі нәтижелері бойынша басқару тұжырымдамасы бірнеше шарттармен ұйғарылған:

- мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының-ұлттық жобалардың, мемлекеттік органдардың даму жоспарларының, облыстардың даму жоспарларының келісілуін қамтамасыз ету қажеттілігі [2; 17]. Бұл жағдайда аумақты дамытудың негізгі құжаттары аймақтық мәселелерді шешуге бағытталған облыстарды дамыту жоспарлары болып табылады;

- аймақ, ел халқының өмір сүру деңгейі мен сапасында көрінетін жалпы әлеуметтік тиімділікті бағалауға негізделген мемлекеттік басқару органдары қызметінің тиімділігі [18];

- бәсекелестік, қаржыландыру көздерін іздестіру, оның ішінде бизнес ресурстарын тарту арқылы;

- қол жеткізілген нәтижелерге тұрақты мониторинг, бақылау және бағалау жүргізу;

- қойылған мақсаттар мен міндеттерді түзету және жоспарлар мен жобаларды өзгерту және т.б.

Мемлекеттік стратегиялық басқарудың объектісі ретінде аймақ-оның құрамдас элементтері бір-бірімен тығыз байланысты күрделі жүйе [19]. Өңірлік экономика және басқару зерттеушілерінің еңбектерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын талдау «өңір», «аудан» және «аумақ» санаттарын айқындаудың әртүрлі тәсілдерін айқындауға және оны нормативтік тәсілмен толықтыруға мүмкіндік берді (2-кесте).

Кесте 2 – «Аймақ» ұғымын анықтау тәсілдері

Тәсілдер	Автор/нормативтік акт	Ұғымдар, анықтамалар
1	2	3
Аумақтық-географиялық	Некрасов Н.Н.	Аймақ – азды-көпті біртекті табиғи жағдайлары бар және сол сияқты табиғи-ресурстық кешендердің сәйкес қолданыстағы және келешегі бар әлеуметтік инфрақұрылыммен үйлесуі негізінде өндіргіш күштердің өзіне тән бағдары бар елдің үлкен аумағы.
	Алаев А.Б.	Аудан-оны қанықтыратын элементтердің жиынтығы бойынша басқа аумақтардан ерекшеленетін, сондай-ақ құрамдас элементтердің

2-кестенің жалғасы

1	2	3
		бірлігі, өзара байланысы, тұтастығы бар аумақ
	Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б.	Аймақ-табиғи немесе тарихи қалыптасқан экономикалық-географиялық жағдайлардың және халықтың ұлттық құрамының жиынтығымен ерекшеленетін облыс, аудан, аумақ, елдің бір бөлігі
Жүйелік	Гранберг А.Г.	Аймақ-бұл бірқатар белгілері бойынша басқа аумақтардан ерекшеленетін және оны құрайтын элементтердің тұтастығы, өзара байланысы бар белгілі бір аумақ
	Бильчак В.С., Захаров В.Ф.	Аймақ-меншіктің барлық нысандарының өндіріс құрылымымен, халықтың, жұмыс орындарының шоғырлануымен, өз аумағының жергілікті басқару органдары бар кеңістік пен уақыт бірлігіне шаққандағы адамның рухани өмірімен сипатталатын әлеуметтік-экономикалық тұтастық
Әкімшілік-аумақтық	Гутман Г.В., Корчагин Ю.А., Игнатов В.Г.	Аймақ – нақты белгіленген әкімшілік шекаралары бар, оның шегінде қоғамдық-экономикалық процестердің ұдайы өндірісі жүзеге асырылатын, халықтың өмір сүруін қамтамасыз ететін, аймақтың қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесіндегі орнымен айқындалатын аумақтық құрылым.
Әлеуметтік-экономикалық	Добрынин А.И.	Аймақ-ұдайы өндіріс процесінің бірлігі мен тұтастығымен сипатталатын елдің халық шаруашылығының аумақтық мамандандырылған бөлігі
	Долятовский В.А. Черкашина Г.В.	Аймақ – шектеулі ішкі ресурстары, өзіндік өндірістік құрылымы, нақты қажеттіліктері мен сыртқы ортамен байланысы бар күрделі аумақтық-экономикалық кешен.  Аймақ-адамдардың өмірін қамтамасыз етудің Әлеуметтік және экономикалық процестерін жаңғыртатын әлеуметтік-экономикалық жүйе. Бұл нақты белгіленген шекаралары мен аумақтық басқару органдары бар аумақтық құрылым
Нормативтік	«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 2572-ХІІ Заңы	Өңір - республиканың мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын бірнеше елді мекендерді қамтитын республика аумағының бөлігі. Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық округ өңірлер болып табылады.
	«Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысы	«Аймақ» терминінің аумақтық байланысы бар
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [20-25]		



Осылайша, «аймақ» ұғымы әрқашан аумақ ұғымымен байланысты [7, с. 79-89]. 2-кестеде келтірілген әртүрлі авторлардың анықтамалары, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасындағы нормативтік-құқықтық анықтамасы бұған дәлел болып табылады.

Географиялық, әлеуметтік-экономикалық, әкімшілік-аумақтық, аумақтық-географиялық, жүйелік және нормативтік сияқты әртүрлі аспектілер тұрғысынан «аймақ» ұғымын анықтауға арналған заманауи ғылыми тәсілдерге талдау жүргізе отырып, қолданыстағы тәсілдердің әртүрлілігі сипаттамалық белгілердің барлық жиынтығын ескеру қажеттілігімен байланысты мәселені толығымен шеше алмайтындығын атап өткен жөн. Мұнда біз Т.А. Витульеваның бұл терминді анықтауға кешенді көзқарас ең ақылға қонымды деген пікірімен келісеміз [21, с. 41-45].

Стратегиялық басқару тұрғысынан аумақ, аймақ, ең алдымен, әкімшілік-аумақтық бірлік болып табылады, ол басқару объектісі ретінде әрекет ете отырып, аумақтық бірлікпен, даму мақсаттары мен міндеттерінің бірыңғай жүйесінің болуымен сипатталатын күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе болып табылады. Бұл ретте басқарудың мәні белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу үшін басқару субъектісінің басқару объектісіне белгілі бір ықпалын жасау мен жүзеге асырудан тұрады [25, с. 15].

Сонымен, *стратегиялық басқару* мен жоспарлаудың *объектісі* аймақ, аумақ болып табылады.

*Стратегиялық басқару* және жоспарлау *субъектісі* объектінің ерекшелігіне байланысты және жалпы жағдайда мемлекеттік басқару органдарын, сондай-ақ жеке секторды қоса алғанда, көп деңгейлі сипатқа ие [19, с. 134].

Стратегиялық басқару жүйесінің негізгі термині – «стратегия» ұғымы. Қазіргі уақытта ғылыми әдебиеттерде стратегияның көптеген анықтамалары бар, сондықтан негізгі теориялық тәсілдерді жүйелеген жөн.

Алдымен канадалық профессор Г. Минцбергтің стратегиялық басқару мектептерін жіктеуін қарастырайық, ол стратегиялық басқарудың он негізгі ғылыми мектебін бөліп көрсетті (3-кесте).

Кесте 3 – Минцберг қаласындағы стратегиялық басқару мектептерінің жіктелуі

Мектеп атауы	Өкілдері	Ерекшеліктері
1	2	3
1-топ-стратегиялық басқару мектептерін тағайындау		
Дизайн мектебі	К. Эндрюс	Стратегия-түсіну процесі
Жоспарлау мектебі	И. Ансофф, П. Лоранж, Д. Стейнер	Стратегия-ресми процесс ретінде
Позициялау мектебі	М. Портер	Стратегия-аналитикалық процесс ретінде
2 - топ-стратегияны қалыптастыру мектептері		
Кәсіпкерлік мектебі	П. Друкер Й. Шумпетер, А. Коул	Стратегия-болжау процесі ретінде

### 3-кестенің жалғасы

1	2	3
Когнитивті мектеп (таным мектебі)	Г. Саймон, А. Дюгейм, К. Швенк, Э. Хафф, С. Макридакис	Стратегия-психикалық процесс ретінде
Оқыту мектебі	Ч. Линдблом, Д. Куинн, Г. Минцберг, П. Сенге	Стратегиялар-даму процесі ретінде
Билік мектебі	А. Макмиллан, Г. Минцберг, Л. Болман, Т. Дил	Стратегия-келіссөздер процесі ретінде
Мәдениет мектебі	Э. Ренман, Р. Норманн, Э. Петтигрю, С. Фельман, Д. Барни, Б. Вернерфельт	Стратегия-ұжымдық процесс ретінде
Сыртқы орта мектебі	М. Ханнан, Д. Фриман, У. Тейлор, К. Одивер	Стратегия-реактивті процесс ретінде, яғни ұйым сыртқы күштерге жауап береді немесе күйреуді күтеді.
3 – топ-стратегияны әзірлеу және қалыптастыру процесін біріктіретін мектеп		
Конфигурация мектебі	А. Чандлер П. Хандавалл, Р. Майлз, К. Сноу, Д. Миллер, П. Фризен	Стратегия-трансформация процесі ретінде
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [25, с. 21; 26]		

Минцберг қаласындағы стратегиялық басқару мектептерін және басқа дереккөздерді талдау [27-33] ғылыми әдебиеттерде ұсынылған басқару мектептерінің барлығы кәсіпорын деңгейінде стратегия ұғымын, стратегиялық жоспарлау теориясы мен тәжірибесін жинақтайтынын және проблемалардың жай-күйін және қазіргі стратегиялық басқару тәжірибесін аумақтық деңгейде қарастырмайтынын көрсетеді.

Өз кезегінде, В.Е. Сактоев «стратегия» терминін анықтау кезінде Г. Минцберг сипаттаған «стратегиялық басқару мектептеріне» қатысы жоқ дефинитивті тәсілдерді ұсынады (4-кесте).

Біз В.Е. Сактоевтың «стратегия» ұғымының мәні жоғарыда қарастырылған барлық тәсілдерді бір анықтамаға біріктіретін «интеграцияланған» тәсілді барынша толық көрсетеді деген пікірін қуаттаймыз [34]. Даму стратегиясы оның тұжырымдамасы мен басымдықтарын да, іс-қимыл бағдарламасын да анықтап, байланыстырушы буын болуы керек. Біздің

ойымызша, бұл тәсіл О.В. Толстогузов ұсынған «аймақ стратегиясы» ұғымында көрініс табады.

Кесте 4 – «Стратегия» анықтамасының негізгі дефинитивті тәсілдері

Тәсілдер	Өкілдері	Сипаттама белгілері
Бағдарламалық-мақсатты	А. Чандлер, О. Виханский, Р. Фатхутдинов және басқалар.	Стратегия – дамудың бағыты, үлгісі, алға қойылған мақсаттарға жетудегі іс-қимыл жоспары ретінде
Ұйымдық-басқарушылық	И. Ансофф, А. Томпсон, А. Стрикленд, В. Винокуров және басқалар.	Стратегия-ережелер жиынтығы ретінде, мақсаттарға жету үшін басқару шешімдерінің жүйесі
Процесс	А. Гершун, М. Горский	Стратегия процесс ретінде, мақсатқа жету кезеңдерінің реттілігі
Интеграцияланған	Г. Минцберг, Д. Аакер	Стратегия – бұл оның элементтерінің жиынтығы: іс-қимыл жоспары, мінез-құлық қағидаттары, даму перспективалары
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [34, с. 120]		

Оның пікірінше, өңірдің стратегиясы – маңызды проблемаларды анықтауға және талдауға негізделген, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарының ғылыми негізделген жүйесі ол шешімдер қабылдау және іс-қимылдарды жүзеге асыру қағидаттарын, стратегиялық мақсаттарға, экономикалық жүйенің қажетті жай-күйіне қол жеткізу үшін дамудың басым бағыттары мен ресурстарын қамтитын негізгі немесе бас іс-қимыл жоспары. Яғни, ол аумақтың миссиянын қамтамасыз етуге, стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған басқару субъектісін басшылыққа алатын ережелер жиынтығын білдіреді [19, с. 133].

Ал, А.Ю. Цветковтың пікірінше, аумақты дамыту стратегиясы – бұл мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін аумақтың бағыты мен мақсатты бағдарларына қатысты оны дамытудың ұзақ мерзімге, сапалы анықталған бағыты [35].

Қарастырылған барлық жағдайларда стратегия аумақтың дамуын стратегиялық басқару процесінің негізгі буыны болып табылады.

Осылайша, стратегия бір уақытта мақсатты бағдарлар тізбегіндегі соңғы буын (миссия - пайымдау - мақсаттар - стратегия) және стратегиялық басқарудың циклдік сипатын анықтайтын мақсаттарға жету жолдары тізбегіндегі бастапқы буын (стратегия - Стратегиялық жоспар - бағдарлама - жоба) болып табылады [36].

Әдебиеттерді талдау қазіргі уақытта «дамуды басқару» және «стратегиялық тәсіл» сияқты ұқсас ұғымдар бар екенін көрсетеді.

Осылайша, дамуды басқару экономиканың сандық өсуін және оның құрылымын сапалы жақсартуды, сондай-ақ әлеуметтік прогресті арттыруға немесе жүйені бір күйден анағұрлым күрделі күйге ауыстыруға бағытталған

процесті білдіреді [37].

Л.С. Шеховцеваның пікірінше, даму стратегиялық тәсілдің синониміне айналуға, яғни стратегиялық тәсіл өзгермелі жағдайлардағы дамушы тәсілді білдіреді. Стратегиялық тәсіл стратегиялық басқаруда жүзеге асырылады [38].

Толығырақ түсіну үшін мемлекеттік басқару органдарының, қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың, аймақтың кеңістіктік дамуына айтарлықтай әсер ете алатын іскер адамдар қауымдастығының жұмысын үйлестіруге мүмкіндік беретін аумақты кешенді дамыту стратегиясына да тоқталу керек. Бұл аймақ экономикасына белгілі бір даму векторын орнатуға мүмкіндік беретін стратегиялық тәсіл [39].

Өңірдің экономикалық дамуын басқарудың қазіргі заманғы парадигмасының ерекшелігі стратегиялық басқаруды енгізу болып табылады. Көптеген ғылыми әдебиеттерді талдау қазіргі уақытта аумақтың, аймақтың дамуын стратегиялық басқару тұжырымдамасының көптеген анықтамалары бар екенін көрсетті:

– инновациялық негізде жаһандану жағдайында оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін аймақтың өзгеруін, дамуын басқару [38, с. 690-692];

– халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған, қазіргі және болашақтағы жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін, аймақтың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық жүйені өзгерту процесі, оған мыналар кіреді: топ ішіндегі мүдделерді үйлестіру, ресурстарды, шектеулерді және дамуға қолайлы факторларды толық есепке алу, мақсаттар мен басым міндеттерді анықтау, іс-қимыл бағдарламаларын қалыптастыру [40];

– техникалық, экономикалық, әлеуметтік, функционалдық, экологиялық және басқа мағынада жаңа белгілер пайда болатын дамуды басқару, ал соңғысы қолда бар немесе жаңа құрылымдық байланыстарды қалыптастыруда көрінуі мүмкін, осыған байланысты жаңа қасиеттерді ашатын құрылымдық қайта құру басқару объектілерін дамыту стратегиясының жетекші өлшеміне айналады [41];

– халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған, қазіргі және болашақтағы жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін, аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық жүйені өзгерту процесі [42];

– аймақтың бәсекелестік артықшылықтарын сақтау және стратегиялық басқару модельдері немесе алгоритмдері негізінде ұзақ мерзімді перспективада басқару объектісін тұрақты дамыту мақсатында өзара байланысты Басқару операцияларының немесе Басқару субъектісінің әрекеттерінің, талдау, шешім қабылдау және жүзеге асыру процестерінің, жоспарлау мен басқарудың динамикалық жиынтығы [19, с. 25];

– стратегиялық жоспарлаудың негізгі бағдарламалық құжаттарын әзірлеу мен іске асырудың бірыңғай процесі, сыртқы және ішкі ортаның өзгеруі жағдайында стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған басқарушылық іс-қимыл жүйесі [43];

– аймақтағы өзгерістерді «бақылауда ұстайтын» және оларды стратегиялық мақсаттарға жетуге бағыттайтын бағытталған процесс;

– өзара байланысты және өзара тәуелді басқару процестерінің

динамикалық жиынтығы, атап айтқанда: аймақтың ішкі және сыртқы ортасын талдау; аймақтың жүйелік функциясын (миссиясын) және оның даму Стратегиясының мақсаттарын анықтау; аймақтың жұмыс істеуі мен даму стратегиясын таңдау; аймақ стратегиясын іске асыру; аймақтың даму стратегиясын іске асыруды бағалау және бақылау [44];

– өзінің ресурстық әлеуетін сыртқы ортаның мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерімен салыстыруға негізделген, сыртқы ортаның перспективалық өзгерістеріне жылдам жауап беру және жаңа сапалы деңгейге жету мүмкіндігін қамтамасыз ететін стратегиялық таңдау негізінде стратегиялық шешімдер қабылдау және жүзеге асыру процесі [3].

«Стратегиялық басқару» ұғымына берілген әртүрлі түсініктемелерді қорытындылай келе, стратегиялық басқару сыртқы және ішкі ортаның өзгеруі жағдайында стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған стратегиялық басқару шешімдерін қабылдау процесі деп санаймыз.

Аймақтың дамуын басқарудың стратегиялық тәсілін әлеуметтік-экономикалық жүйені перспективаға дамытуға жоспарланатын бағдарламалар, принциптер, әдістер жиынтығы ретінде анықтауға болады [42, с. 2389-2392].

Жоғарыда айтылғандай, мақсат қою мен даму стратегиясын әзірлеу аумақты стратегиялық басқару процесінің негізгі кезеңі болып табылады. Стратегияны нақтылау аймақты/аумақтық дамыту жоспарлары жүйесінде көрініс табады. Дұрыс таңдалған және тұжырымдалған мақсаттар мен стратегия дамудың дұрыс бағытын белгілейді, қажетті нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді, аумақты басқарудағы жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау процестерінің негізі болып табылады [35, с. 52-57] және басқару тиімділігін арттырады.

Әрине, стратегияны анықтау үшін аумақтың дамуының ішкі және сыртқы ортасының факторларын мұқият талдау, оның бәсекелестік артықшылықтарын, күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ сыртқы ортаның мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтау қажет. Мұндай талдаудың ең көп таралған әдісі-SWOT талдауы [28, с. 62-70; 35, с. 52-57].

Өңірдің дамуын стратегиялық басқару тетігі ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін өңірлік билік органдары қолданатын әлеуметтік-экономикалық даму процесіне басқарушылық ықпал ету қағидаттарының, функцияларының, әдістері мен құралдарының жиынтығы болып табылады [3; 45].

Аймақтың дамуын стратегиялық басқару жүйесіне келетін болсақ, бұл күрделі процесс, оны жүзеге асыру белгілі бір қағидаттарды іске асыруды талап етеді. Көптеген әдебиеттерді зерттеу келесі қағидаттарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

– жүйелілік қағидаты-өңірлік деңгейде өндірістік және шаруашылық қызметтің барлық салаларын, барлық үрдістерді, өзгерістер мен кері байланыстарды қамтуға, сондай-ақ Қызметтің мақсаттарын, олардың бағыныстылығын айқындауға, қойылған мақсаттарға қол жеткізудің баламалы әдістерін салыстыруға мүмкіндік береді;

– үздіксіздік қағидаты-өңірдің әлеуметтік-экономикалық жүйесінде де,

одан тыс жерлерде де болып жатқан өзгерістер негізінде әзірленетін перспективалық жоспарларды уақтылы түзетуді, сондай-ақ ұзақ мерзімді, орта мерзімді және жылдық жоспарлардың келісімділігін қамтамасыз етеді;

– әзірленіп жатқан перспективалық даму жоспарларының өзара байланыстар қағидаты - тігінен (өңір, тұтастай экономика) және көлденеңінен (кәсіпорын, өнім берушілер және тұтынушылар);

– әлеуметтік әріптестік қағидаты-олардың мүдделері мен мақсаттарын үйлестіруді, ресурстарды біріктіруді, бірлескен қызметті өрістетуді және жауапкершілікті бөлуді қамтамасыз ететін билік, бизнес және халық арасындағы қарым-қатынастардың жаңа түрін құру;

– жоспарлау объектісі болып табылатын жүйенің өзіне сәйкестік принципі, бұл жоспарлаудың және болжаудың барлық дәстүрлі әдістерін талдау және түбегейлі жаңа процедуралар мен модельдік аппараттарды әзірлеу қажеттілігін тудырады;

– есепке алу қажеттілігі принципі-белгілі бір аймақтың ерекшелігі мен аймақты максималды пайда мен артықшылықтарға қол жеткізу үшін әлемдік, аймақаралық әлеуметтік-экономикалық процестерге қосуды ескереді [42, с. 2389-2392].

Осылайша, аймақтың дамуын стратегиялық басқару жүйесі (1-сурет) көптеген элементтер мен олардың аймақтық деңгейлердегі және қатысушылар арасындағы (билік, бизнес, халық) көбею процесінің аймақтық ерекшеліктерімен анықталған, өзара байланысын біріктіруді білдіреді. Аймақтың әлеуетін бағалау және оған әсер етудің сыртқы факторлары, негізінде стратегиялық шешімдерді әзірлеу, таңдау және іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуін сондай-ақ кері байланысты сақтау [3].

Аймақ экономикасының дамуын стратегиялық басқару функцияларының құрамын анықтау-біржақты түсінігі жоқ міндет. Әдебиеттерде «базалық» және «байланыстырушы» басқару функцияларын бөлуді көздейтін тәсіл кең таралды, ал байланыстырушы функциялар «базалық» функцияларды жүзеге асыруға арналған.

Аймақтық экономикалық дамуды стратегиялық басқаруға қатысты зерттеушілер Андреев В.Н. және басқалары келесі функцияларды негізгі ретінде қарастыруды ұсынады:

– жоспарлау, оның ішінде аймақтық экономикалық дамуды стратегиялық талдау функциялары;

– аймақтың стратегиялық таңдауын анықтау (қарастырылып отырған келешекте басым дамуды алатын экономика салалары мен түрлері);

– аймақтық экономиканы дамытудың стратегиялық мақсаттарын қалыптастыру;

– экономикалық аймақтық даму мен ұйымдастырудың стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру.

Өз кезегінде, аймақ экономикасының дамуын стратегиялық басқарудың «байланыстырушы» функцияларына коммуникация, мотивация және шешім қабылдау функцияларын жатқызу ұсынылады [46].

Қазіргі уақытта ғылыми еңбектерде стратегиялық басқарудың құрылымы,

құрамы мен циклдары туралы біртектес тұжырымдама ұсынылған, біріншісінің негізгі компоненттері:

- стратегиялық жоспарлау;
- стратегияны іске асыру;
- стратегиялық бақылау [47, 48].

Бірқатар зерттеушілер жеке процедуралардың маңыздылығын атап көрсетеді және стратегиялық басқару құрылымын қызметтің мақсаттары мен сипаты, әдістемелік, ақпараттық және нормативтік-ұйымдастырушылық қамтамасыз ету бойынша ерекшеленетін көптеген кезеңдерге бөледі: стратегиялық талдау кезеңі; тұжырымдамалау кезеңі; стратегиялау кезеңі; бағдарламалау кезеңі; мониторинг кезеңі [36].

Өңірдің дамуын стратегиялық басқару жүйесінің құрамына барынша толық түрде кіреді:

1) басқару жүйесінің қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар кешені;

2) өзара байланысты ішкі жүйелердің жиынтығы:

– мақсатты-өңірлік экономиканы дамытудың нақты маңызды мақсаттары;

– функционалды-жоғарыда қарастырылған негізгі басқару функцияларының жиынтығы;

– қамтамасыз ету - қолдаушы элементтердің жиынтығы (құқықтық, ақпараттық-талдамалық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық, кадрлық және әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз ету);

– объект – басқару объектісі элементтерінің жиынтығы (аймақтық экономиканың дамуы).

3) өңірдің дамуын стратегиялық басқару саласындағы практикалық қызметті жүзеге асыратын және бағыттайтын ұйымдық құрылымдардың жиынтығы [49].

Зерттеуші А.Ш. Ахмедуев стратегиялық басқарудың келесі негізгі циклдарын айқындап көрсетті:

– бұл ұзақ мерзімді стратегияны әзірлеу мен қабылдауды, ұзақ мерзімді мақсаттар мен басымдықтарды, экономикалық және әлеуметтік дамудың сценарийлері мен кезеңдерін анықтауды көздейтін стратегиялық жоспарлау;

– институционалдық қайта құрулар, стратегиялық басқарудың ұйымдық-орындаушылық құрылымдарын қалыптастыру, бұл билік органдарын жаңғыртуды және олардың қызметін ұзақ мерзімді стратегияны іске асыруға, стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарға қол жеткізуге қайта бағдарлауды көздейді;

Бұл өзара іс – қимыл басымдықтар мен мүдделер теңгеріміне: қойылған мақсаттар мен қол жеткізілген нәтижелер, Өңірлік даму әлеуеті және оны пайдалану деңгейі, ресурстар шығындары және алынған әсер тұрғысынан қол жеткізуге мүмкіндік береді, өңірлік дамудың тиімділігін оның құрамдас бөліктері-саяси, экономикалық, әлеуметтік және т. б. тұрғысынан қамтамасыз етеді.

5. Стратегияны әзірлеу блоктары мен кезеңдерін анықтау және оларды

стратегиялық жоспарлауға қатысушылар арасында бөлу:

– талдау блогы жобалық алаңдардың жұмысын қалыптастыруды және ұйымдастыруды, өңірлердің қол жеткізілген әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін бағалауды, даму басымдықтарын айқындау үшін бизнес-қоғамдастық пен халыққа сауалнама жүргізуді қамтамасыз етеді;

– мақсат қою және сценарийлер блогы: стратегиялық басымдықтарды, мақсаттар мен міндеттерді айқындауды; баламаларды, сценарийлерді, даму бағыттарын әзірлеуді; мерзімдер, кезеңдер мен нәтижелер көрсеткіштерін айқындауды; кеңістіктік және инвестициялық даму стратегияларын қалыптастыруды қамтиды;

– болжау блогы (жобалық) қаржы ресурстарын бағалауға және мемлекеттік бағдарламаларды қалыптастыруға бағытталған;

– атқарушы блок стратегияны іске асырудың бағыттарын, құралдары мен тетіктерін айқындайды.

Стратегиялық жоспарлау процесіне дайындық кезеңіндегі мүдделер мен қоғамдық үміттерді терең зерттеу ұзақ мерзімді перспективада аймақтың теңгерімді және тұрақты дамуына бағытталған әлеуметтік-экономикалық даму Стратегиясын сапалы әзірлеу мен іске асырудың алғышарты болып табылады [75].

#### *Беларусь Республикасы тәжірибесі*

Беларусь Республикасында стратегиялық жоспарлау қажеттілігі соңғы кездері жалпыға бірдей таныла бастады. Елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі өңірлік стратегиялардың маңыздылығы мыналарға байланысты: біріншіден, «күшті өңірлер-күшті орталық» деген белгілі формуламен. Екіншіден, орталық, республикалық басқару органдары өз стратегияларын өңір деңгейіне дейін сапалы және толық көлемде орналастыра алмайды. Үшіншіден, тіпті ең жақсы әлеуметтік-экономикалық стратегиялар, егер олар аймақтық мүдделер мен мақсаттарды ескермесе, тиімді жүзеге асырыла алмайды [76].

Елдің және оның аймақтарының экономикасын стратегиялық жоспарлауды қаржылық қамтамасыз ету Беларусь Республикасындағы мемлекеттік қаржыны басқару жүйесін реформалаумен, дәлірек айтқанда, мемлекеттік бағдарламаларды қалыптастыру және іске асыру арқылы шығыстарды басқарудан нәтижелерді басқаруға жылдық жоспарлаудан үш жылдық жоспарлауға көшу процесімен байланысты [77].

Беларусь Республикасында Стратегиялық жоспарлау және болжау жүйелерінің құрылымы мен жұмыс істеу тәртібін реттейтін нормативтік құжаттарға мыналар жатады:

1. «Беларусь Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік болжау және бағдарламалары туралы» Беларусь Республикасының 1998 жылғы 5 мамырдағы №157-3 Заңы.

2. «Беларусь Республикасының Мемлекеттік болжау және әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары туралы» Беларусь Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Беларусь Республикасының Министрлер Кеңесінің 1998 жылғы 20 тамыздағы №1321 Қаулысы.

3. «Беларусь Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын

мемлекеттік индикативті жоспарлау туралы» Беларусь Республикасы Заңының жобасы [78].

Индикативті жоспарлауға өтпелі кезеңнің бірқатар жағымсыз жақтары бар, атап айтқанда:

– директивті түрде белгіленген жоспарлы көрсеткіштер әлі де қолданылуда;

– аймақтардағы кластерлік саясатқа кедергі келтіруі мүмкін салалық басқару күшті ықпалын тигізуде;

– ұзақ мерзімді және орта мерзімді қаржылық жоспарлау механизмі жоқ, бұл Өңірдің орнықты даму стратегиясына енгізілген іс-шаралардың іске асырылу дәрежесін және орындалу мерзімдерін нақты және негізді анықтауға мүмкіндік бермейді;

– ел мен оның өңірлері халқының экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін экономикалық саланың басымдылығы негізгі табыс көзі ретінде және өмірдің әлеуметтік және экологиялық салалары үшін донор ретінде негіз етіп алынады, бұл ретте экологиялық компонент екінші рольдерде қала бермек;

– бизнес секторын стратегиялық өңірлік жоспарлау процесіне енгізу тәсілдері пысықталмаған, сонымен қатар қазіргі және перспективалық жоспарлау мен басқару тетігінде бизнес-қоғамдастық негізінен өз ресурстарына, өзінің күн тәртібіне бағдарланады;

– бизнес секторын стратегиялық өңірлік жоспарлау процесіне енгізу тәсілдері пысықталмаған, сонымен қатар әрекеттегі және перспективалық жоспарлау мен басқару механизмінде бизнес-қоғамдастық негізінен өз ресурстарына, өзінің күн тәртібіне бағдарланады;

– заңнамалық және практикалық деңгейде елдегі өңірлік дамудың нысаналы салаларын жаңа тұжырымдамалық негізде (мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ), әлеуметтік тапсырыс, жергілікті қоғамдастықтың кластерлік бастамаларының институттары және т.б.) реттейтін басқару құралдарының жиынтығы толық көлемде әзірленбеген;

– Беларусь экономикасының әкімшілік-командалық жүйеден нарықтық басқару түріне көшуімен байланысты өтпелі сипаты сонымен қатар аймақтық процестің барлық қатысушыларының өзара әрекеттесуін тұрақты негізде қамтамасыз ете алатын аймақтық даму институттарының белгілі бір жетілмегендігіне себепші болады.

Қалыптасқан жағдай әлеуетті Стратегияларды әзірлеушілердің дағдылары мен тиісті құзыреттерінің болмауымен күрделене түседі, бұл өңірлік стратегиялық жоспарлауға жаңа тәсілдерді енгізуді қамтамасыз ету мүмкіндіктерін шектейді. Жеке және мемлекеттік секторларда, сондай-ақ жалпы жұртшылық арасында қоғамдық шарт механизмі негізінде қабылданған шешімді қабылдау (мақұлдау) мәдениеті және оны орындауға міндеттеме әзірленбеген [77, с. 787-809; 79]. Осылайша, шет елдердегі аумақты дамытуды стратегиялық басқарудың ерекшеліктерін біз (Қосымша А)-да жүйеленгенін көре аламыз.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, төмендегідей

қорытынды шығаруға болады:

– шет елдердегі аумақты дамытуды стратегиялық басқаруды талдау көптеген елдерде өңірлік деңгейде стратегиялық жоспарлау жөніндегі қызметті кәсібилендіру практикасы іске асырылып жатқанын көрсетеді. Оны практикалық сынақтан өткізу аумақтық даму бағыттары мен механизмдерін негіздеуге тікелей қатысатын жоғары білікті кадрларды шоғырландыратын құрылымдар құру арқылы жүзеге асырылады;

– барлық дамыған елдер стратегиялық жоспарлау негізінде өз аумақтары мен экономикаларын дамытуға ерекше көңіл бөледі.

Әлемдік тәжірибе стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың сапасын да оларды әзірлеу кезеңінде – «алдын ала» бағалаудың бір бөлігі ретінде қарау керек деп айтуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, стратегиялық немесе бағдарламалық құжаттың секторды/саланы дамыту тұрғысынан әлеуетті тиімділігін тексеру қажет. Қазіргі уақытта әзірленетін бөлімшелерде бағдарламалық құжаттардың сапасын мемлекеттік қызметшілер өздерінің салалық құзыреттері мен қалаулары тұрғысынан субъективті түрде анықтайды. Бұл Қазақстанның мемлекеттік жоспарлау жүйесінде ведомстволық деңгейде алдын ала бағалаудың формалды жүйесі іс жүзінде жоқ екенін көрсетеді. Бағдарламалардың сапасын Экономика министрлігі және (тиісті салалық департамент және әдістеме басқармасы) да қадағалап отырғанымен, негізгі назар әдістемелік нұсқаулардың талаптарының сақталуына және бағдарламаны әзірлеудің қатаң мерзімдерінің сақталуына аударылады, бұл бағдарламаның жоғары сапасын қамтамасыз ету жеткіліксіз деп есептейміз. Өйткені бұл да нысаналы индикаторлар сапасының тиісті деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Сол үшін Қазақстан Республикасында ведомстволық бағалау жүйесін жетілдіріп қана қою жеткіліксіз болады. Тиімділікке негізделген басқару жобаларды, бағдарламаларды, бөлімдерді және жеке қызметкерлердің жұмысын қамтитын кешенді бағалау жүйесін енгізуді талап етеді. Мұндай бағалау жүйесін іске қосу үшін Үкіметтің қызметін бағалау туралы жаңа Заң әзірленуі мүмкін – мұндай ұсыныс АҚШ, Франция, Жапония және басқа елдердің тәжірибесіне негізделгенін айта кету керек. Бұл заң бағалау жүйесінің негізгі параметрлерін және жекелеген элементтердің рөлін айқындауы, сондай-ақ тиісті өкілеттіктермен Экономика министрлігінің үйлестіруші рөлін қамтамасыз етуі және қолдауы тиіс.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесін дамытуға қызметкерлерді еңбек нәтижелері бойынша бағалау және марапаттау қағидаттарын енгізу ықпал ететін болады. Дегенмен, ол бәсекелестік ынталандыру түрінде немесе мансаптық өсуді реттейтін ережелер жүйесі түрінде де ұйымдастырылуы мүмкін.

Тиімділікті басқару үшін Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару тәжірибесіне реттеуші жүктемені азайтудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылатын реттеушілік әсерді бағалауды (РӘБ) енгізу де маңызды, бұл ретте келешекте мемлекеттік басқарудың тиімділігін бағалау үдерісін

дамыту мүмкіндігі бар. реттеушілік әсерді бағалауды Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде мемлекетаралық деңгейде синхрондауға болады.

Мұндай жалпы проблемалардың болуы посткеңестік кеңістіктегі елдердегі мемлекеттік басқаруды реформалау тәжірибесін мұқият зерделеуге негіз бола алады. Өйткені әрбір мемлекетте басқару құралдарын жаңғырту процестері ұлттық ерекшелікке ие болады. Олар ең алдымен, жүргізіліп жатқан әкімшілік реформалардың бағыттары мен жетістіктері бойынша ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың стратегиялық мақсаттары бойынша айқындалады. Сонымен қатар бағалауды одан әрі дамытуға кедергі келтіретін мәселелер анықталып, кешенді бағалау жүйесін енгізу қажеттілігі туындады. Мұндай бағалау АҚШ, Германия, Жапония және басқа елдердің тәжірибесіне негізделгенін біздің шолудан да жақсы байқауға болады. Бұл мәселені Қазақстанда да кейбір зерттеушілер де алға тартып тиімділікке негізделген басқару үшін жобаларды, бағдарламаларды, бөлімдерді, сондай-ақ жекелеген қызметкерлердің жұмысын қамтитын кешенді бағалау жүйесін енгізуді он жылға тарта ұсынып келеді [75, с. 251-255]. Мұндай бағалау жүйесін іске қосу үшін «ҚР -да Үкіметтің қызметін бағалау туралы» Қазақстанда жаңа Заң әзірленуі мүмкіндігіне біз де қосыламыз. Біз бұл тезисті, ғылыми жаңалығы бар ұсыныс ретінде; Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі қалыптасқан стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды алдыңғы және кейінгі генезисінің өзара байланысын зерделеуге қатысты тұжырым ретінде, оны алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибеге сүйенген бағалау жүйесінің жетіспейтін элементтерінің негіздемесіне қосу ұсынылады. Тиімділікке негізделген басқару стратегиялық жоспарлау жүйесінің барлық аспектілерін қамтитын кешенді бағалау жүйесін енгізуді талап етеді.

Көптеген шет елдерде бағдарламалар мен саясаттарды бағалау ұзақ уақыт бойы мемлекеттік басқару құралдарының арсеналының бір бөлігі болып табылады және тәжірибеде кеңінен қолданылады. Мысалы, Ресей мен одан басқа да ТМД елдерінің (м.: Беларусь Республикасы) мемлекеттік құрылымдары бұл құралды енді ғана меңгере бастады. Себебі олар жалпы мұндай проблемалармен бұрын бетпе-бет келмеді, оның ішінде басқару құралы ретінде де, азаматтық қоғамды қалыптастыру тетігі ретінде де бағалаудың рөлін жеткіліксіз түсінді. Нәтижесінде мемлекеттік органдардың бағалауға сұранысы әлі де төмен; Ұлттық бағалау ұйымдары жоқ, білікті бағалаушыларды кәсіби даярлау жетіспейді, өзіміздің әдістемелік базамыз нашар дамыған, тіпті біздің жүргізілген сұраунама зерттеулерінің нәтижесі де осыны көрсетті.

### **1.3 Қазақстандағы аумақты дамытуды стратегиялық басқару құралдары**

Мемлекеттік стратегиялық басқарудың нысандарын, әдістері мен құралдарын сапалы өзгерту бизнес ортада да, әртүрлі мемлекеттік басқару органдарында да дамыған басқарудың үздік тәжірибелерін зерделеуді, түсінуді және пайдалануды талап етеді. Аумақтарды дамытудың тиімді құралдарын қолдану ғана неғұрлым жақсы дамыған елдермен бәсекелесуге мүмкіндік

береді, дамудың озық қарқынын қамтамасыз етеді, инвестициялар тартуға және елдің стратегиялық бағдарламалық құжаттарын іске асыруға мүмкіндік береді [41, с. 25; 42, с. 2389].

Өңірлердің жекелеген топтарының бастапқы мүмкіндіктері мен оған дайындық дәрежесін ескере отырып, нарыққа көшу процесін басқару тетігінің жетілмегендігі тұтастай алғанда республика экономикасын реформалауды айтарлықтай баяулата түсті. Нарықтық реформалардың мемлекеттік және өңірлік басқару құрылымдарға қатысты тік және көлденеңінен әркелкілігі мен үйлестірілмегендігі реформалардың бірыңғай мемлекеттік саясатын мақсатты түрде жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Мұндай жағдайда аймақтар дағдарыстан шығудың әдетте ұтымдылықтан алыс өзіндік жолын таңдады. Сонымен қатар, стратегиялық міндеттерді шешу көбінесе аймақтық басқару органдарының көзқарасынан туындайды, ал жалпымемлекеттік деңгейде шешімдер қабылдау кезінде аймақтық ерекшеліктер әрдайым дұрыс бағаланбайды.

Сондықтан, экономиканы басқарудың аймақтық деңгейі нарықтық өзгерістерге мүлдем дайын емес болып шықты. Басқарудың командалық-әкімшілік жүйесі жағдайында кез-келген аумақтың экономикасы одақтас, республикалық, салалық органдар басқаратын жекелеген аймақтарға бөлінді және аймақ экономикасын біртұтас басқару болмады.

Трансформациялық процестермен және басқарудың жаңа жағдайларымен нарықтық қатынастардың қалыптасуының аумақтық ерекшеліктерімен байланысты қосымша проблемалар туындады. Мұның бәрі мемлекеттің дамуының жаңа кезеңінде оның негізделген өңірлік саясатын әзірлеу және іске асыру қажеттілігін туғызды. Мәселен, мемлекеттік өңірлік саясатты ғылыми және әдістемелік негіздеу және оны мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде келісілген іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында 1996 жылы Қазақстан Республикасының Өңірлік саясатының тұжырымдамасы қабылданды [76].

Қазақстан Республикасының Өңірлік саясатының мақсаты халықтың тыныс-тіршілігі үшін салыстырмалы түрде тең мүмкіндіктер жасауды және еңбекті ұтымды аумақтық бөлу және аумақтық өзін-өзі басқаруды дамыту қағидаттарын қалыптастыру негізінде әрбір өңірдің ресурстық-өндірістік әлеуетін тиімді пайдалануды көздеді.

Тұжырымдама елдің дамуын басқаруды орталықтандыру мен орталықсыздандырудың тиімді үйлесімі, өкілеттіктердің көпшілігін орталықтан аймақтық деңгейге кезең-кезеңімен беру және тиісінше жергілікті билік органдарының құқықтарын кеңейту және аумақтардың теңдестірілген әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде олардың жауапкершілігін арттыру талаптарынан туындайды.

Өңірлік саясаттың осы мақсатына қол жеткізу бірқатар міндеттерді кезең-кезеңімен шешуді талап етті:

– 1-кезең (1996-1997) – өңірлік саясатты әзірлеу және іске асыру үшін алғышарттар жасау;

– 2-кезең (1998-2000) – елдің экономикалық дамуының жалпы

стратегиясы шеңберінде өңірлік дамудың бірінші кезектегі міндеттерін іске асыру;

– 3-кезең (2001-2010) – республика экономикасының жандануы мен өсуі жағдайында кең ауқымды міндеттерді шешу мүмкіндігінің пайда болуы [76].

Кейбір авторлардың пікірінше, бұл мақсатқа бірқатар себептерге байланысты қол жеткізілген жоқ. Біріншіден, осы кезеңде Қазақстан, посткеңестік кеңістіктің барлық дерлік елдері сияқты, жүйе құраушы кәсіпорындардың шаруашылық байланыстарының бұзылуы, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, сондай-ақ әлеуметтік және демографиялық проблемалардың кең ауқымы салдарынан өндірістік сектордың толық құлдырауымен қатар жүретін қайта құру дағдарысын бастан кешірді. Екіншіден, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда қалған өнеркәсіптік кешен нарықтық экономика жағдайында өңірлердің біркелкі дамуын қамтамасыз ете алмады [77, с. 787-809].

Осыған қарамастан, бұл тұжырымдама өңірлерді дамытуды басқарудың мемлекеттік саясатын одан әрі қалыптастыру және жетілдіру үшін негіз қалады.

Қазақстан өңірлерінің дамуын стратегиялық басқарудың бағдарламалық құралдарын дамытуды шартты түрде (Қосымша Ә) көрсетілген 3 кезеңге бөлуге болады.

Өңірлерді дамытудың 1-ші кезеңінде (1996-2011) мынадай бағдарламалық құжаттар қабылданды және іске асырылды: Қазақстан Республикасының Өңірлік саясатының тұжырымдамасы [76; 79]; Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы [80]; Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы [81] және басқалар.

Өңірлерді дамытудың 2-ші кезеңінде (2011-2019) мынадай бағдарламалық құжаттар қабылданды және іске асырылды: Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы [82]; «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы [83]; Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы [84]; Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы [85]; мемлекеттік Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы [86].

Өңірлерді дамытудың 3-ші кезеңінде (2020 – қазіргі уақытқа дейін) мынадай стратегиялық және бағдарламалық құжаттар қабылданды және іске асырылуда: Елдің 2030 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы [87]; Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [88]; Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспары [2]; «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы [89].

Олардың кейбіреулеріне біршама толығырақ тоқталайық.

Инфрақұрылымды, шаруашылық қызметті нығайтуға және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға ықпал ететін маңызды инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлеріндегі бар айырмашылықтарды қысқарту қажеттілігі проблемалы өңірлерді таңдаулы қолдау саясатымен ұштастыра отырып, 2001 жылы ҚР Өңірлік саясатының 2002-2006 жылдарға арналған жаңа

тұжырымдамасын қабылдауды талап етті [79]. Осы тұжырымдаманың негізгі бағыттары: өңірлерді одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамыту; проблемалық өңірлерді мемлекеттік қолдау; республикалық және жергілікті басқару деңгейлері арасындағы қатынастарды жетілдіру; халықты қоныстандыру бағдарламалары және жұмыспен қамтуды ынталандыру. Сонымен бірге, бұл кезең елдің экономикалық даму стратегиясында салалық тәсіл басым бола бастағанымен сипатталады. 2004 жылы Қазақстан экономикасының базалық салаларында жеті пилоттық кластер құруға әрекет жасалды [77, с. 787-809].

Жаңа өңірлік саясатта Қазақстан теңестіру стратегиясын іске асырудан «өсу нүктелері» стратегиясына көшті. «Экономикалық өсу нүктелері» саясатының басым бағыты, яғни өңірлердің арасынан елдің барлық басқа аумақтарын дамыту үшін әлеуетті «локомотивтерді» бөлу белгіленген елдің алғашқы бағдарламалық құжаты 2006 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Аумақтық даму стратегиясы болды [80; 90].

Салалық тәсіл осы Стратегияда да байқалды. Стратегия елдің аумақтық дамуының стратегиялық бағыттарын, соның ішінде экономикалық кеңістік қалыптастыруды және халықтың қоныстануын, кластерлердің қалыптасуымен өзара байланысты аумақтарды инфрақұрылымдық қамтамасыз етуді айқындады және тиісті мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламаларды әзірлеу немесе түзету үшін негіз болуға тиіс болды.

Осы стратегия шеңберінде өңірлердің бәсекеге қабілетті мамандануын қалыптастыру негізінде елдің тұрақты даму мақсаты қойылды. Осы кезеңде аумақтарды дамыту бағдарламаларымен қатар мамандандырудың базалық салаларының әлеуетін бағалауға және одан әрі даму бағыттарын анықтауға мүмкіндік беретін салаларды дамытудың шебер-жоспарлары әзірлене бастады [77, с. 787-809].

Тұрақты даму бойынша қойылған мақсатқа қарамастан, Стратегия тұрақты даму принциптерін немесе қоршаған ортаны қорғау мақсаттарын қамтымады. Осыған сәйкес, 2007 жылы барлық салалар өздерінің аумақтық стратегияларын құра бастады және алға жылжуға арналған кластерлер құрды. Негізінде, облыстардың аумақтық бағдарламалары мемлекет пен коммерциялық құрылымдар арасындағы кедейлік пен серіктестікке қатысты мәселелерді де қамтуы керек еді (мемлекеттік-жеке серіктестік). Алайда аймақтық тұрақты даму бағдарламалары мен аумақтық бағдарламалар әртүрлі тәсілдерді қолданды және үйлестіру механизмі болмаған кезде бір-бірін қайталауы мүмкін [91].

Қазақстан Республикасының Аумақтық даму стратегиясымен қатар 2006 жылы «Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасы» әзірленді [81].

3.6 «Өңірлердің тұрақты дамуы» міндетіне сәйкес Қазақстан Республикасында аумақтық деңгейде тұрақты дамуды тек әкімшілік-аумақтық бөліну субъектілері шеңберінде жүзеге асыру мүмкін емес деп есептелді, өйткені Қазақстан жағдайындағы табиғат, оның ресурстары мен экожүйелері айқын трансөңірлік сипатқа ие. Осыған байланысты бассейндік принцип



бойынша тұрақты экожүйелік дамудың сегіз аймағы үшін орнықты дамуға көшу жөніндегі өңірлік іс-шаралар жоспарларын әзірлеу көзделді. Алайда, Тұжырымдамада бассейндік принцип елдің әкімшілік бөлінісі, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, экономикалық кластерлер құру сияқты аумақтық ұйымның басқа нысандарын алмастырмайтыны көрсетілген.

Ел өңірлерінің даму тұрақтылығын арттыру күтілетін нәтижелердің бірі ретінде көзделді [81]. Тұтастай алғанда, Тұжырымдама халықаралық деңгейде экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне нұқсан келтірместен экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мақсаттар арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу міндетін қойды, сондай-ақ Қазақстанды 2012 жылға қарай әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті 50 елінің тобына кіруге бағыттады.

Тұжырымдамада экономикалық дамуға басты назар аударылды, ал ел тарапынан тұрақты дамудың маңызды әлеуметтік және экологиялық аспектілеріне тиісті назар аудармады. Тұжырымдама сектораралық тәсілдің құралдарын қамтамасыз етпеді және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін, энергетика, көлік және ауыл шаруашылығы сияқты салаларға біріктіру мүмкін болмады.

Қазақстандағы кедейлік деңгейінің айтарлықтай төмендеу фактісін мойындай отырып, қоршаған ортаның жай-күйін, әлеуметтік жағдайларды жақсарту және өмір сүру сапасын, әсіресе, ауылдық жерлерде оларды жалпы арттыру тұрғысында көп нәрсе шешілмеген күйінде қалды. Тек бірнеше облыста ғана орнықты дамудың өз бағдарламалары мен іс-қимыл жоспарлары әзірленді (соның ішінде Астана мен Алматыда). Тұтастай алғанда, азаматтық қоғамның стратегиялық жоспарлау және тұрақты дамуды жүзеге асыру процесіне қатысуы салыстырмалы түрде шектеулі болып қалды [91, с. 32].

Елдің даму стратегиясында салалық тәсілді қолдану экономиканың кеңістіктік-құрылымдық әртектілігін күшейтті.

Осыған орай, Қазақстан Президентінің 2012 жылғы Жолдауында көрсетілген қала құраушы кәсіпорынның құлдырауынан аман қалған моноқалалар проблемасының ауырлығы артты. Бұл мәселені шешу үшін Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған [84] бағдарламасы әзірленді, оның шеңберінде елдің барлық моноқалалары экономикалық әлеуетіне қарай топтастырылды. Әрбір топ үшін кәсіпкерлік бастамаларды дамыту, моноқалалар халқының санын оңтайландыру, инфрақұрылымдық проблемаларды шешуден тұратын мемлекеттік қолдаудың жекелеген шаралары әзірленді [77, с. 787-809]. Осы бағдарламаға енгізілген 27 қазақстандық қаланың ішінде Теміртау, Степногорск, Шахтинск, Жаңаөзен, Арқалық, Кентау, Қаратау, Абай, Рудный, Серебрянск және басқалары болды.

Осы бағдарлама шеңберінде қойылған мақсатқа қол жеткізу дәрежесін бағалау үшін мемлекет мынадай нысаналы индикаторларды әзірледі:

- экономикалық әлеуеті төмен моноқалалардың өнеркәсіптік өндіріс көлемін ұлғайту;
- моноқалаларда белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпорындар санын арттыру;
- моноқалаларда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесін төмендету;

– моноқалалардағы жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі [84].

Бірінші және өте маңызды нысаналы көрсеткіш экономикалық әлеуеті төмен моноқалаларды ғана қамтитынын атап өткен жөн. Біріншіден, экономикалық әлеуеті төмен аумақтарда өнеркәсіп көлемінің ұлғаюы елеулі инвестиция құюды және бизнесті жүргізу үшін барынша тиімді жағдайлар жасауды талап етеді. Мұндай қалалардың проблемаларын неғұрлым зерделі шешу олардың экономикалық мамандануын өзгерту және халық санын оңтайландыру болып табылады. Сонымен қатар, көрсетілген нысаналы көрсеткіштер бағдарламаның орташа және жоғары әлеуеті бар моноқалаларды дамытуға әсер ету дәрежесін бағалауға мүмкіндік бермейді [77, с. 787-809].

Айта кету керек, 2015 жылы экономикалық жағдайдың нашарлауы бастапқыда 1,1 трлн теңге бөлінген бағдарлама бюджетінің қысқаруына алып келді. Содан кейін өзінің тиімсіздігіне байланысты моноқалаларды дамыту бағдарламасы мемлекеттік бағдарламаға – Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына біріктірілді.

2012 жылғы моноқалалар бағдарламасының нысаналы индикаторларының бірі моноқалалардағы жұмыссыздық деңгейін 2020 жылға қарай 5%-ға дейін төмендету болды. Бүгінгі күні ҚР (СЖРА) Ұлттық статистика бюросының сайтында моноқалалар бойынша соңғы ресми деректер көп жағдайда барлық 27 моноқалалар бойынша қолжетімді емес. Бірақ ақпарат қолжетімді болып табылатын Арқалық, Рудный, Лисаковск және Кентау сияқты қалаларда жұмыссыздық деңгейі 5%-дан жоғары [92].

2011 жылғы Жолдауда өңірлік саясаттың жаңа парадигмасының қажеттілігіне баса назар аударылды. Бұл тәсіл елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының 2020 жылға дейінгі болжамды схемасында, аумақтарды дамытудың бес жылдық бағдарламаларында, сондай-ақ индустриялық-инновациялық және әлеуметтік даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларда іске асырылды. Олар еліміздің облыстары мен өңірлерінің мүмкіндіктерін ескере отырып, жергілікті жерлерде өзекті және перспективалы міндеттерді жүйелі түрде шешуге бағытталған жаңа өңірлік саясаттың негізіне айналды [93].

Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының 2020 жылға дейінгі Болжамдық схемасын әзірлеу [82] мемлекеттің елдің даму стратегиясындағы салалық тәсілдің дәрменсіздігі фактісін қабылдауының дәлелі болды [77, с. 787-809].

Жаңа редакцияда қабылданған Елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамдық схемасы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің басқа құжаттарын іске асыру үшін базалық негіз болып табылады [94]. Бүгінгі таңда бұл өңірлік дамудың негізгі ағымдағы және ұзақ мерзімді бағыттары, бар проблемалары, резервтер мен мүмкіндіктері бойынша деректердің ең өзекті көзі болып табылады. Болжамды схеманың мақсаты – әрбір өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде өңірлердің тұрақты дамуы үшін жағдай жасау [82]. Оны әзірлеумен Қазақстан Республикасының Өңірлік саясаты өзінің дамуының жаңа кезеңіне өтті. Экономиканы кеңістіктік ұйымдастырудың неғұрлым бәсекеге қабілетті нысаны ретінде агломерацияларға ерекше назар аударылатын кеңістіктік даму бірінші кезектегі басымдыққа ие болды.

Осыған қарамастан, Болжамды схеманың бірқатар кемшіліктері бар, олардың бірі мақсатқа сәйкес келмейтін нысаналы индикаторларды таңдау болып табылады, алға қойылған міндеттер негізінде оларға қол жеткізу мүмкін емес, мысалы [77, с. 787-809]: экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру; халықты қоныстандырудың оңтайлы жүйесін қалыптастыру; өңірлердің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандырылуын дамыту; өңірлік инфрақұрылымды нығайту; халықтың өмір сүру деңгейін арттыру бойынша жағдайлар жасау; экологиялық жағдайды сақтау және жақсарту [82].

Бұл нысаналы индикаторларға мемлекеттік органдардың қызметіне қарамастан қол жеткізілуіне әкеледі. Бұл кеңістіктік дамуға бағытталған бағдарламаларға ғана емес, сондай-ақ Қазақстанда қабылданатын басқа да бағдарламалардың көпшілігіне тән [77, с. 787-809].

Болжамды схема негізінде 2011 жылы Үкімет «Өңірлерді дамыту» бағдарламасын қабылдады, оның шеңберінде өңірлердің өзекті әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешу көзделген. Бұл бағдарлама Елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын; Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 және 2012 жылдардағы Қазақстан халқына Жолдауларын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Осы бағдарламаны 2 кезеңде жүзеге асыру көзделді: 1-кезең – 2011 және 2012 жылдар (пилоттық), 2-кезең – 2013-2020 жылдар. Бағдарламаның іс-шаралары мен жобалары жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жұмыспен қамтуды арттыруға, экономиканың барлық дерлік салаларында заманауи инновациялық технологияларды енгізуге, өңірлерде әлеуметтік-рекреациялық сала объектілерін, оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, спорт, саябақ аймақтарын салу мен реконструкциялауға және т.б. бағытталған [83]. Бағдарламаның міндеттері ретінде мыналар анықталды:

1. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын шектейтін жүйелі проблемалар мен факторларды анықтау және оларды жою үшін жергілікті атқарушы органдардың тиімді іс-әрекет механизмін әзірлеу.

2. Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Ақтау қалаларында орталықтары бар агломерацияларды басым түрде дамыту арқылы өңірлік және әлемдік нарықтармен интеграцияланған экономикалық өсудің ұзақ мерзімді орталықтарын қалыптастыру.

3. Ауылдық аумақтарды дамыту.

4. Өңірлерді олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және экономикалық әлеуетті ұтымды кеңістіктік ұйымдастыру және халықты қоныстандыру үшін қаржылық қолдау.

Жоғарыда аталған міндеттерге қол жеткізу үшін 11 нысаналы индикатор анықталды. Аталған көрсеткіштерге ішінара қол жеткізілді деп айту қажет, өйткені «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №728 қаулысымен бағдарламаның күші жойылды [85].

Жүргізіліп жатқан әкімшілік реформа мен мемлекеттік жоспарлау реформасына сәйкес және ел деңгейінде, атап айтқанда өңірде стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың нақты өзара байланысын орнату

мақсатында 2011 жылғы қаңтардан бастап өңірлерде аумақтарды дамытудың бес жылдық бағдарламалары енгізілді [92]. Олар негізгі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге, халықтың өмір сүру деңгейі мен жұмыспен қамтылуын арттыруға, өңірлердің өндірістік, еңбек және зияткерлік әлеуетін нығайтуға бағытталған [93, с. 3-86].

Қазақстанның өңірлік саясатын оңтайландыру жөніндегі маңызды шаралардың бірі ретінде «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 16 қаңтардағы №466 Қаулысымен [95] өңірлік дамудың арнайы министрлігі құрылды [96], оның міндеттеріне мыналар жатқызылды:

– келесі салалардағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу:

- 1) өңірлік даму;
- 2) жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту;
- 3) жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау;
- 4) жер ресурстарын ұтымды және тиімді басқаруды қамтамасыз ету;
- 5) геодезия және картография саласын дамыту;
- 6) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін, тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту.

Алайда, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін реформалау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы №875 Жарлығымен [97] орталық мемлекеттік органдар функцияларының қайталанымын жою мақсатында министрліктер саны 17-ден 12-ге дейін қысқартылды және, өз кезегінде, Аймақтық даму министрлігі Ұлттық экономика министрлігіне атқарымдарын табыстау арқыла таратылды.

2015 жылы Ұлттық экономика министрлігі әзірлеуші болып табылатын «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы» жұмыс істей бастады. Ол халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін өңірлердің мықты жақтарын дамытуға негізделген Халықаралық экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (ЭЫДҰ) тәжірибесін негізге алған [98].

Аясы тар ведомстволық көзқарасты ұстана отырып, жоғарыда қаралған бағдарламалық құжаттар Елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасында тұжырымдалған мемлекеттік өңірлік саясаттың басымдықтарына жеткіліксіз бағытталғанын айа кеткен жөн. Сонымен қатар, қолданыстағы бағдарламалық құжаттарды сынап талдау оларда қарастырылған институционалдық және әкімшілік ресурстар іс жүзінде бір-бірімен жеткілікті түрде үйлестірілмегенін және көбінесе бір-бірін қайталайтынын анықтады.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында [99] Президент барлық өңірлер бір-бірімен ажырамас байланыста жұмыс істеуі тиіс екенін атап өтті. Өңірлер мен шағын қалаларды дамытуға бағытталған барлық мемлекеттік және салалық бағдарламаларды үндестіру, әсіресе жұмыспен қамту және көші-қон саласындағы теңгерімсіздіктерді еңсеруге, халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартуға назар аудару қажет болды [93, с. 383]. Осыған байланысты Үкімет өңірлік бағдарламаларды түзетіп, толықтырды және 2014 жылғы маусымда

бұрын қолданыста болған бағдарламалық құжаттарды біріктірген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бірыңғай бағдарламасын («Өңірлерді дамыту», «Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламалары», «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы», «2011-2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы») бекітті. Яғни, осы құжаттармен бірге бағдарлама Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бірыңғай мемлекеттік саясатын іске асырады.

Бағдарлама елдің ұтымды аумақтық ұйымын қалыптастыру, экономикалық өсу орталықтарында халық пен капиталдың шоғырлануын ынталандыру арқылы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту үшін жағдайлар жасауға бағытталған және мынадай міндеттерді атқарды: әрбір макроөңір үшін инвестициялық басымдықтарды айқындау; елдің аумақтық дамуын жетілдіру; инженерлік инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту; халықты сапалы ауызсумен және су бұру қызметтерімен ұтымды қамтамасыз ету [85]. Бағдарлама шеңберінде мемлекет өңірлердің инфрақұрылымдық дамуы негізінде экономиканың кеңістіктік ұйымдастырылуын ұтымды етуді жоспарлап отыр. Негізгі рөл еңбек ресурстары мен капитал шоғырлануы тиіс агломерацияларға беріледі.

Ұлттық экономика министрлігінің есепті деректері бойынша бағдарламаның көптеген нысаналы индикаторлары орындалды. Қысқаша кейбір мақсатты индикаторларды орындауға тоқталайық:

– бірінші индикатор бойынша 2017 жылдың қорытындысы бойынша төрт агломерация халқының жалпы саны 2015 жылмен салыстырғанда 460,1 мың адамға ұлғайды;

– екінші индикатор – инвестициялар көлемі бойынша жан басына шаққандағы негізгі капиталға бөлінген қаражат көлеміне байланысты жыл сайын түзетілетін жоспарлы мәндер орындалды;

– үшінші индикатор бойынша - жаңғыртылған жылу, электр және газбен жабдықтау желілерінің үлесі 2015 жылы республика бойынша орташа есеппен 4%, 2016 жылы – 2,1%, 2017 жылы - 2,8% құрады. 2017 жылы ұзындығы 11 581 км құрайтын жылу, электр, газ, сумен жабдықтау және су бұру желілері жаңғыртылып, салынды;

– төртінші индикатор - орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қол жеткізу. Өткен жылы қалаларда орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділік 93,8% құрады (жоспар бойынша 90%), бұл 2015 жылғы көрсеткіштен 6,8% артық. Ауылдарда 57,4% құрады, бұл 2015 жылғы мәннің 3,5%-на артық [100].

Сонымен қатар, 2017 жылдың қорытындысы бойынша ауыл тұрғындарын орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету 80,7% құрайды. Орталықтандырылған су тартуға қол жеткізу, өз кезегінде, қалаларда 88% құрады, бұл 2015 жылғы мәннен 6%-ға артық, ауылдарда - 11,5%, бұл 2015 жылғы мәннен 0,5%-ға артық [86].

Алайда, кейбір ғалымдардың пікірінше, Қазақстанда агломерациялардың қалыптасуы осы уақытқа дейін табиғи жолмен жүрді. Сондықтан агломерациялардағы халық саны осы бағдарламалық құжат шеңберінде

қабылданатын шараларға қарамастан өсетін болады. Бағдарламада көзделген қаражат шеңберіндегі негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміне қатысты нысаналы көрсеткіш өңірлердің инфрақұрылымдық дамуына салынған бюджеттің атқарылу жоспарына көбірек ұқсайды [77, с. 787-809].

2018 жылы Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі қолданыстағы үкіметтік бағдарламасы Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасына қайта форматталды [85]. Өз кезегінде бағдарламаның міндеттері, нысаналы индикаторлары, нәтижелер көрсеткіштері мен іс-шаралары өзектендірілді.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты президенттің жолдауында ауылдық елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына барлық көздерден жыл сайын кемінде 100 млрд. теңге бөлуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу міндетін қойды. Мемлекет басшысының Жарлығымен 2018 жылы бекітілген ҚР-ның 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының ережелеріне сүйене отырып (қазіргі уақытта ҚР Ұлттық жоспары), [101] мемлекеттік бағдарламаның мақсаты басқарылатын урбанизация арқылы өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болып айқындалды.

Мемлекеттік бағдарлама 6 міндетті шешуді көздеді:

1. «Бірінші деңгейдегі» қалаларда орталықтары бар функционалдық қалалық аудандарды дамыту (Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе агломерациялары).

2. «Екінші деңгейдегі» қалаларда орталықтары бар функционалдық қалалық аудандарды дамыту (облыс орталықтары, Семей қаласы).

3. Функционалды қалалық аудандардың құрамына кірмейтін моно және шағын қалаларды дамыту.

4. Функционалдық қалалық аудандардың құрамына кірмейтін ауылдық елді мекендерді (шекара маңын қоса алғанда) дамыту.

5. Халықты сапалы ауыз сумен және су бұру қызметтерімен ұтымды қамтамасыз ету.

6. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту.

Яғни, өзектендірілген мемлекеттік бағдарлама шеңберінде функционалдық қалалық аудандарды, аумақтарды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын дамыту сияқты міндеттерді бағыттар бойынша шешу ұсынылды.

Мемлекеттік бағдарламаның нысаналы индикаторларына қол жеткізуге келетін болсақ, нәтижелер мынадай:

– 4 ірі агломерацияның халқы (орталықтары Астана, Алматы, Ақтөбе және жақын елді мекендері бар Шымкент қалаларында) 1 млн. адамға ұлғайды (2018 жылы – 58,2%, 2017 жылы – 57,4%, 2016 жылы - 57,2%, 2015 жылы – 56,8% ал 2014 жылы – 56,6%);

– қалаларды ғана емес, ауылдық елді мекендерді де сумен жабдықтау айтарлықтай жақсарды. Қалаларда орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету деңгейі 94,5%-ға, ал ауылдық елді мекендерде – 60%-ға жетті; моноқалаларда

сумен жабдықтау желілерінің тозуы 10%-ға және электр желілерінің тозуы 12%-ға төмендеді және т.б.

Алайда, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму Стратегиясында және елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының 2020 жылға дейінгі Болжамды схемасында көзделген ірі және үлкен қалаларды дамыту жөніндегі шараларға қарамастан, Қазақстандағы урбанизация қарқыны екіұшты көрініске ие. Мәселен, 1990-2001 жылдар аралығында қала халқының үлесі 54,8%-дан 50,3%-ға дейін төмендеп, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 58,2%-ға жетті. Бұл деректер 28 жыл ішінде қала халқының нақты өсуі шамамен небәрі 3% құрағанын көрсетеді, ал урбанизация деңгейі 56%-дан 70%-ға дейін жетті: Оңтүстік Корея 7 жыл ішінде (1980-1987), Сауд Арабиясы – 8 жыл (1974-1982), Малайзия –12 жыл (1996-2008) ішінде.

Жалпы, урбанизация деңгейінің жеткіліксіздігі және ірі қалалар халқының жеткіліксіз үлесі (елдің «жеткілікті урбанизацияланбауы») өңірлердің дамуындағы елеулі сәйкессіздіктерге әкеп соғады. Мәселен, 2018 жылдың алдын ала қорытындысы бойынша жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (бұдан әрі – ЖӨӨ) бойынша осы көрсеткіштің ең жоғары және ең төмен мәндері бар өңірлер (Атырау және Түркістан облыстары) арасындағы алшақтық 15 есені құрайды. Бұл, бір жағынан, шикізат тауар нарықтарындағы бағалардың қалыптасқан конъюнктурасына байланысты Атырау облысы бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің айтарлықтай өсуіне байланысты (2017 жылғы 9,4 млн. теңгеден 12,6 млн. теңгеге дейін). Сонымен қатар, жан басына шаққандағы ЖӨӨ орташа республикалық деңгейден (3,3 млн.теңге) едәуір төмен (3-4 есе) бірқатар облыстар (Алматы, Жамбыл, Түркістан) бар. Бұл үш аймақ урбанизацияның ең төменгі деңгейі (40%-дан аз), ауыл халқының үлкен үлесі және сәйкесінше жұмыспен қамту және төмен табыс проблемалары бар аймақтар болып табылады [88].

2019 жылы елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын іске асыру аяқталды [82] және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын іске асыру мақсатында елдің дамуының ұзақ мерзімді пайымын айқындайтын мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бірінші деңгейіндегі стратегиялық құжат болып табылатын елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының 2030 жылға дейінгі жаңа Болжамды схемасын әзірлеп, іске асыру басталды. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама Болжамды схеманы әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Болжамды схема бірнеше міндетті жүзеге асыруды қамтиды:

1. Бәсекелестік артықшылықтар мен перспективаларды ескере отырып, өңірлер мен қалаларды, ауылдық және шекара маңы аумақтарын дамыту.
2. Басқарылатын урбанизацияны ескере отырып, халықтың қоныстануына жәрдемдесу.
3. Аумақтардың инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі.
4. Өңірлердің экономикалық мүмкіндіктеріне және тұрғылықты жеріне қарамастан, халықты өмір сүру сапасының базалық стандарттарымен

қамтамасыз ету.

5. Адами капиталды дамыту [87].

Болжамды схеманы іске асыру мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 2-ші және 3-ші деңгейлерінің – мемлекеттік бағдарламалардың, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының, аумақтарды дамыту бағдарламаларының, квазимемлекеттік сектор кәсіпорындарының даму стратегияларының құжаттарын іске асыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс болды.

Аумақтық-кеңістіктік даму құжаттарының вертикалын құру үшін «Болжамды схема – Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы – Аумақтарды дамыту бағдарламаларының» әдіснамалық сабақтастығын қамтамасыз ету қажет.

Сондай-ақ, 2018 жылғы 5 сәуірдегі Астананы одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте еліміздің ірі қалаларын дамытудың 2050 жылға дейінгі Стратегиясын әзірлеу қажеттігі атап өтілді. Оны іске асырудың негізгі басымдығы халықтың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады. 2019 жылдан бастап барлық облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда осы стратегиялар әзірленіп, қолданылып келеді. Осы стратегияларды іске асыру Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының, Қазақстан Республикасының 10 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының және елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының Болжамды схемасының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған [102]. Осылайша, 2019 жылы Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың алғашқы бесжылдығы аяқталды. 2020 жылдан бастап Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі жаңа мемлекеттік бағдарламасын іске асыру басталды.

Өңірлерді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары [101], Елдің 2030 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы, Мемлекет Басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында, [87], айтылған өңірлік саясатты іске асыру мәселелері бойынша апсырмалары мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізгі құжаттарын іске асыру үшін әзірленді.

Жаңа бағдарламада елдің дамуы үшін маңызды институционалдық жағдайлар айқындалған. Бұл – экономикалық өсудің «орталықтарын» қалыптастыру, өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, барлық өңірлерде өмірдің базалық деңгейін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік бағдарламаның негізгі индикаторлары урбанизация деңгейін арттыру болды. Басқарылатын урбанизацияның өзі әлемдік тренд болып табылады. Тиісінше, урбанизация деңгейі неғұрлым жоғары болса, халықтың табысы соғұрлым көп болады. 2025 жылға қарай басқарылатын урбанизацияның 62%-на қол жеткізу жоспарлануда.

2025-бағдарламаның ерекшелігі өсу «орталықтарын» дамыту, оларды басым қаржыландыру болып табылады. Бұл бағдарламаны іске асыру шеңберінде мемлекеттік, аумақтарды дамыту бағдарламалары, кешенді жоспарлар, стратегиялар үйлестірілетін болады. Кешенді іс-шараларды іске



асыру есебінен еңбек, қаржы ресурстарының экономикалық шоғырлануына қол жеткізілетін болады. Ауыл өндірушілері үшін сыйымды нарық қалыптастырылады, шикізаттық емес ЖІӨ-нің өсуі қамтамасыз етіледі. Көлік байланысы жақсарды. Бұл барлық аймақтардың өсуіне синергетикалық әсер береді.

Бағдарлама аясында бағдарламаның жаңа бағыттары бөліп көрсетілді:

1. Урбанизацияланған аймақтар арқылы өсу орталықтарын дамыту.
2. «Ауыл – Ел бесігі» аясында тірек және спутниктік ауылдарды жаңғырту.
3. Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін өңірлік стандарттар жүйесін енгізу [88].

Сарапшылардың пікірінше, 2020-2025 аймақтық дамудың жаңа бағдарламасы кемшіліктерсіз емес. Мысалы, бағдарламада экономикалық әлеуеттің белгілі бір деңгейі бар топтар бойынша моно және шағын қалаларды жіктеу әдістемесі жоқ. Жіктеу өлшемшарттарына тұрғындардың жалақысының көрсеткіші енгізілген, алайда тізімде жұмыспен қамту жағдайының көрсеткіштерінің (мысалы, өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейі) өсуі байқалмаған; әлі де әлеуеті төмен 2 моноқала бар [92].

Елдің мемлекеттік жоспарлау жүйесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты 2021 жылғы 26 ақпанда жоғарыда аталған Болжамды схема Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Аумақтық даму жоспарына [2], ал «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының» «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы қайта форматталғанын айта кету қажет [89], алайда 2024 жылдың қаңтарынан бастап аталған ұлттық жоба да күшін жойды. Егер Болжамды схеманың мақсаты ел өңірлерінің даму әлеуетін іске асыру негізінде халықтың әл-ауқатын арттыру үшін жағдайлар жасау болса, онда аумақтық даму жоспарының мақсаты – өңірлердің әлеуетін ашу және қолдау арқылы олардың әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің бәсекеге қабілеттілігін нығайту.

Ұлттық жоба халықтың базалық қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайларды жақсарту және тұрғын үй құрылысын дамыту, сондай-ақ көлік байланысын қамтамасыз ету және елдің көлік-транзиттік әлеуетін арттыру есебінен азаматтардың жайлы өмір сүру ортасын құруға бағытталған [89]. Сондай-ақ 10 жалпыұлттық басымдық анықталды, оның 10-шы басымдығы «Теңгерімді аумақтық дамуға» бағытталған [103]. Осылайша, жүргізілген талдау 2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін өңірлерді дамытудың 4 бағдарламасы әзірленгенін көрсетті, олардың салыстырмалы талдауы (Қосымша Б)-да келтірілген.

Бағдарламаның артықшылықтарының бірі – аймақтар деңгейінде қалыптасатын үрдістерді ескере отырып, оны үнемі түзету. Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес 2011, 2014, 2018, 2019 жылдары Өңірлерді дамыту бағдарламалары әзірленді. Бұл жерде 2011 және 2014 жылдары әзірленген бағдарламалардың үкіметтік мәртебеге ие болғанын және күші жойылғанын, кейінгі бағдарламалардың мемлекеттік мәртебеге ие екенін, 2018 жылғы бағдарламаның Өңірлерді дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске

асырудың қисынды жалғасы және бірінші бесжылдықты қорытындылаушы болып табылатынын, тиісінше 2019 жылғы бағдарламаның мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың екінші бесжылдығының басталуы болып табылатынын айту қажет.

Өңірлерді дамыту бағдарламаларын салыстырмалы талдау мыналарды көрсетті:

– бағдарламалардың нысаналы индикаторларының саны азаяды, егер 2011 жылғы бағдарламада – 9 болса, онда келесілерінде 3-4, бұл қол жеткізу тұрғысынан дұрыс көрсеткіш болып табылады;

– бағдарламалардың мақсаттары бойынша: 2011 жылғы бағдарламада мақсат едәуір жалпы түрде 2014 жылы – елдің ұтымды аумақтық ұйымын қалыптастыру, экономикалық өсу орталықтарында халық пен капиталдың шоғырлануын ынталандыру; сонда 2018 және 2019 жылдардағы бағдарламаларда мақсат өте ұқсас – өңірлердің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және басқарылатын урбанизация арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту;

– бағдарламалық құжаттардың декомпозициясы бойынша: 2011 жылғы Бағдарламаны іске асыру кезеңінде қатар жұмыс істеген: Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы [84], «тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» [104], «2011-2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» [105] және басқалары; 2014 жылғы және одан кейінгі бағдарламалар бірыңғай бағдарламаға біріктірілді;

– өңірлердің типологиясы бойынша:

1) 2011 жылғы бағдарламада – агломерациялар; «Екінші деңгейдегі» қалалар (облыс орталықтары); даму әлеуеті жоғары қалалар мен ірі АЕМ; шекара маңындағы аумақтар;

2) 2014 жылғы бағдарламада – макроөңірлер Солтүстік (Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары), Орталық-Шығыс (Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстары), Оңтүстік (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары) және Батыс (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстар); «бірінші деңгейдегі» қалалар (агломерациялар); «екінші деңгейдегі» қалалар (облыс орталықтары, Семей және Түркістан қалалары); «үшінші деңгейдегі» қалалар (шағын және моноқалалар); ауылдық аумақтар; шекара маңындағы аумақтар;

3) 2018 жылғы бағдарламада – макроөңірлер; «бірінші деңгейдегі» қалалар (агломерациялар); «екінші деңгейдегі» қалалар; «үшінші деңгейдегі» қалалар (шағын және моноқалалар); ауылдық аумақтар; шекара маңындағы аумақтар;

4) 2019 жылғы бағдарламада – «бірінші деңгейдегі» қалалар (агломерациялар); «екінші деңгейдегі» қалалар; «үшінші деңгейдегі» қалалар (шағын және моноқалалар); шекара маңындағы аумақтар; ауылдық елді мекендер;

– іске асыру мерзімдері бойынша: 2011 жылғы бағдарлама ұзақ мерзімді болды және 20 жылға есептелген; кейінгі бағдарламалар – орта мерзімді, 5

жылға есептелген, яғни Қазақстанның мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес.

– даму бағыттары бойынша:

1) 2011 жылғы бағдарлама – даму әлеуеті жоғары қалалық агломерацияларды, қалаларды және ірі АЕМ-ді дамыту; урбандалу;

2) 2014 жылғы бағдарлама – макроөңірлерді және агломерацияларды дамыту; урбанизацияны дамыту; халықтың өмір сүру сапасын арттыру;

3) 2018 жылғы бағдарлама – басқарылатын урбанизация; ірі, моно, шағын қалаларды дамыту; ТКШ дамыту;

4) 2019 жылғы бағдарлама – басқарылатын урбандалу; жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайту; өңіраралық бәсекелестік және кооперация; қалалар мен ауылдық елді мекендерді дамытуға басты назар аудару; әртүрлі елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу; ауылдық кластерді дамыту.


Өңірлік стандарттар жүйесі елді мекендердің түріне (қала, ауыл) және мөлшеріне (халық санына) байланысты объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) халыққа қолжетімділігінің ең төмен міндетті деңгейін қамтамасыз етуді көздейді. Жалпы, өңірлік стандарттар жүйесінің өлшемшарттары мен талаптарын айқындау елдің Аумақтық даму жоспарында көрініс тапты. Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжатын іске асыру мақсатында өңірлік стандарттар жүйесінің ережелері «Қуатты өңірлер – елді дамытудың драйвері» ұлттық жобасына біріктірілген [89].

АЕМ перспективасын айқындау жөніндегі жаңа әдістемедегі түйінді өзгерістер перспективалы (тірек) ауыл бойынша жеке емес, ауылдық кластерлер шеңберінде қаралады. Бұл халықты, әсіресе жалпыға ортақ инфрақұрылымды қамту бойынша неғұрлым тұтас көріністі қалыптастыруға мүмкіндік береді

Сондай-ақ бірыңғай шаруашылық кешені ретінде ауыл шаруашылығы өндірісін ауыл кластері шегінде (бұл – тірек ауылдың және оның айналасындағы шамамен 10-15 км қашықтықтағы ауылдардың жиынтығы) мақсатты түрде өсіру жөніндегі шараларды іске асыру көзделген. Бұл өз кезегінде АӨК субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін, жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруды және басқаларды қамтамасыз етеді [88].

Бүгінгі күні қолданылып жүрген Қазақстан өңірлерінің дамуын стратегиялық басқарудың ерекшеліктерін тереңірек зерттеу үшін біз елдің, оның ішінде өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік жоспарлау жүйесінің схемасын жасадық (2-сурет). Суреттен мемлекеттік жоспарлаудың бүкіл жүйесі 3 деңгейдегі стратегиялық құжаттардан тұратынын көруге болады.

Тиісінше, мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторлары мен нәтижелерінің көрсеткіштері осы иерархия негізінде айқындалуы тиіс [94]. Яғни, қазіргі уақытта қолданылатын аймақтық саясатқа деген көзқарас әлі де «жоғарыдан төмен» қағидатына негізделген және әзірге жергілікті жағдайларды ескере отырып басқаша саясат жүргізуге мүмкіндік бермейді, оны ЭЫДҰ сарапшылары да атап өтуде [106].



Сурет 2 – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі өңірлік басқарудың орны

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [82; 92; 106, с. 20; 107]

Қолданыстағы заңнама, сондай-ақ шетелдік тәжірибеде қолданылатын аумақты стратегиялық басқару құралдары мен Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттары мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде отандық тәжірибеде қолданылатын стратегиялық басқару құралдарын ел және өңір деңгейінде, оның ішінде басқару әдіснамасы бойынша нәтижелерге сәйкес топтастыруға мүмкіндік берді:

- нормативтік-құқықтық құралдары;
- мақсат қою және жоспарлау құралдары;
- бағдарламалау құралдары;
- болжау құралдары.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның бір-бірін алмастыратын ұлттық стратегияларында өңірлік дамуға үлкен мән беріледі. Үкімет бұл мәселеге 2010 жылы басымдық бере бастады, өйткені «экономикалық өсу орталықтарының» дамуы экономиканы әртараптандырудың негізгі факторы ретінде анықталды. 2050 Стратегиясында [99], жалпыұлттық басымдықта және 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспарда [101] өңірлік дамуға басым бағыттың бірі ретінде сілтеме жасалады.

2050 Стратегиясында басқару мен инклюзивтілікке баса назар аударады, өйткені аймақтық даму бағдарламалары мен саясатын тиімді үйлестіру және жауапкершілікті орталықсыздандыру арқылы «әлеуметтік теңгерімсіздіктерді» жою қажеттілігі атап өтіледі. 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспар екі аспектіні де – «өсу полюстерін» және теңсіздікті азайтуды біріктіреді.

2-суретте көрсетілгендей, Қазақстанның өңірлік саясатының ерекшеліктері әртүрлі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда баяндалған, олар бірге Үкіметтің басымдықтары мен тәсілдерінің егжей-тегжейлі көрінісін береді.

ЭЫДҰ сарапшылары атап өткендей, Қазақстанның өңірлік даму саясаты жөніндегі барлық бастамалары екі негізгі аспектіге сүйенеді:

1) белгіленген «өсу полюстерін», кластерлерді, ірі өнеркәсіптік жобаларды дамытумен және жеделдетілген урбанизациямен агломерациялық экономика арқылы экономиканы мамандандыру;

2) ауылдық өңірлер мен моноқалалардың экономикалық дамуына, негізінен кәсіпкерлік пен ШОБ-ты қолдау жөніндегі шараларға шоғырлану. Инфрақұрылым жоғарыда қарастырылған бағдарламаларда ұсынылған барлық шаралардың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады [106, с. 39].

Осылайша, жасалған талдау негізінде мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Қолданыстағы заңнама, сондай-ақ шетелдік тәжірибеде қолданылатын аумақты стратегиялық басқару құралдары мен Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттары мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде отандық тәжірибеде қолданылатын стратегиялық басқару құралдарын ел және өңір деңгейінде, оның ішінде басқару әдіснамасы бойынша: нормативтік-құқықтық; мақсат қою және жоспарлау құралдарын; бағдарламалау құралдарын; болжау құралдарын нәтижелері бойынша топтастыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан өңірлерінің дамуын стратегиялық басқарудың бағдарламалық құралдарын дамытуды шартты түрде 3 кезеңге бөлуге болады: 1-кезең (1996-2011); 2-кезең (2011–2019); 3-кезең (2020 – қазіргі уақытқа дейін).

2. Қазіргі уақытта Қазақстанда қалыптасқан өңірлік даму жүйесі бірқатар стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға негізделген. Осыдан туындайтын фрагменттік салалық тәсіл саясат мақсаттары арасындағы келісімділіктің болмауына және мақсаттар мен бөлінген ресурстар арасындағы алшақтыққа әкеледі.

3. Көптеген бағдарламалық құжаттар аймақтық дамуға арналған. Бұл «стратегия инфляциясының» белгісі болуы мүмкін, яғни тым көп стратегиялардың болуы. Мұндай «инфляция» бағдарламалар арасында байланыс орнатуды қиындатады және бағдарламалардағы саяси мақсаттар арасындағы келісімділіктің болмауына әкеледі. Мысалы, елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының Болжамды схемасы және қалалардың адами және экономикалық әлеуетін барынша арттыру мақсатында Өңірлік даму бағдарламасы өсу полюстерін дамытуға бағдарланған. Сонымен қатар, Бизнестің жол картасы қалалық типтегі кенттерге, шағын қалалар мен моноқалаларға қолдау көрсетуге бағытталған. Бұл жекеленген мақсаттар саясат шараларының әртүрлі салдарына әкелуі мүмкін және егер қосымша саясат шаралары нақты анықталмаған және тұжырымдалмаған болса, бағдарламалардың мақсаттарын жүзеге асыруға кедергі келтіруі мүмкін. Яғни, осы мақсаттарға жету және қарама-қайшы әрекеттерді болдырмау үшін үйлестіру қажет.

4. Стратегиялық құжаттардың тым көп болуы оларды әзірлеу және жаңарту үшін қажетті ресурстардың, соның ішінде кадрлық ресурстардың, сондай-ақ әртүрлі министрліктер мен үкімет деңгейлері арасындағы байланысты үйлестірудің болуын білдіреді. Бұл сонымен қатар мүдделі тараптардың жүзеге асыруы қажет нақты шараларды түсінуін қиындатады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі өңірлік даму саясатын әзірлеуге жауапты негізгі орган болып қала береді. Қазақстанның осы салада әзірлеуге, жоспарлауға, мониторингке және бағалауға көзқарасы тігінен бағдарланған күйінде қалып отыр. Қазақстан Үкіметі салалық жоспарларды тұжырымдайды және өңірлерден келетін бастаманы көтермелеудің орнына оларды іске асыру үшін экономика секторлары мен өңірлерді айқындайды. Сонымен қатар, жергілікті экономикалық даму жоспарлары негізінен Ұлттық экономика министрлігі белгілеген даму көрсеткіштерімен анықталады.

6. Ірі қалалық агломерациялардан тыс өңірлік өсу Атырау және Батыс Қазақстан облыстарын қоса алғанда, мұнайға бай өңірлерде бұрынғысынша шоғырланған. Сонымен қатар, аймақтар арасындағы мемлекеттік қызметтерге қол жеткізудегі айырмашылықтар, соның ішінде білім беру саласында үлкен, бұл әсіресе экономикалық қызметтің жаңа түрлерін дамыту және өнімділіктің өсуі үшін маңызды [106, с. 8].

Жалпы, өңірлік саясат – біртұтас Қазақстанның жетістігінің маңызды құрамдас бөлігі. Ол бүкіл мемлекет бойынша – астанадан шекара маңындағы аудандарға дейін мемлекеттің бүкіл аумағында халық пен капитал шоғырланған өсудің локомотивтік «нүктелерін» дамытуға бағытталған.


## 2 АУМАҚТЫ ДАМУДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУДЫ БАҒАЛАУ (ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)

### 2.1 Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау

Жоғарыда зерттелген 1.3-бөлімде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының соңғы 15 жылда іске асырылған өңірлік саясаты қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес, қандай нәтижелерге жеткізуге тиіс болғанын қарастыра кетейік:

- 1) өңірдегі экономикалық дамудағы теңсіздіктерді жою;
- 2) экономикадағы өндіруші сектор үлесінің азаюына және жоғары деңгейде өнделген өнім өндірісінің ұлғаюына қарай құрылымдық (ығысуларға) өзгерістерге қол жеткізу;
- 3) ел өңірлерінде халықтың өмір сүру деңгейінің біркелкі өсуін қамтамасыз ету.


Қарағанды облысы еліміздің жоғары дамыған индустриялық аймақтарының бірі болып табылады. Елдің ЖІӨ-дегі өңірдегі оның үлесі 2022 жылы 7,0%-ды құрады (елдің басқа өңірлері арасында 4-орында) (3-сурет).



Сурет 3 – Қазақстанның ЖІӨ-дегі Қарағанды облысының үлесі, %

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [108]


2018 жылдан бастап 2022 жыл аралығында Қарағанды облысының елдің ЖІӨ-дегі үлесі аздап төмендеді (7,7%-дан 7,0%-ға дейін). 2022 жылы облыс бойынша жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім 6412,9 мың теңгені құрады (республика бойынша – 5284,7 мың теңге). Бұл республика бойынша 5-орын. Соңғы 10 жылда көрсеткіш 3,3 есеге өсті (1919,1 мың теңгеден 1 адамға шаққанда 6412,9 мың теңгеге дейін). Соңғы 10 жылда Қарағанды облысының ЖӨӨ 2,8 есе өсті (2621,9-дан 7278,1 млрд. теңгеге дейін) (4-сурет).



Сурет 4 – Қарағанды облысының ЖІӨ серпіні, млн. теңге

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [108]

Соңғы 5 жылда өңірдің ЖІӨ секторлық құрылымын талдау облыс ЖІӨ құрылымының тұтастай өзгермегенін көрсетті. Бірақ өңірдің шикізат секторына тәуелділігі және дайын өнім шығару деңгейі әліде болса төмен болып қалып отыр. Мәселен, 2022 жылы облыстағы экономиканың негізі өнеркәсіп болып табылады – 46,8%, көлік және қойма саудасының үлесі – 4%, ауыл шаруашылығы – 5%, құрылыс – 5%, сауда – 6%, жылжымайтын мүлік операциялары – 5% және т.б. (5-сурет).



Сурет 5 – Қарағанды облысындағы ЖӨӨ-нің секторалдық құрылымы, %

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [109]



Талдау жасалып отырған кезеңде Қарағанды облысында өнеркәсіп кәсіпорындары өндірістер саны кеміген мен өндіріс көлемі тұрақты өсу қарқынында болды. 2018 жылмен салыстырғанда 2022 жылы ол 1,5 есеге өсіп, 3841,9 млрд. теңгені құрады (5-кесте) [109, с. 13].

Кесте 5 – Қарағанды облысындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі, млрд. теңге

Аумақтың өнеркәсібінің көрсеткіштері	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2022/2018 (+/-) есе
Өнеркәсіп кәсіпорындары мен өндірістерінің саны, бірлік	1 324	1 416	1 402	1 456	1 091	-0,8
Өнеркәсіптік өндіріс көлемі, млрд. теңге	2 519,4	2 621	2965,7	4 353,6	3 841,9	+0,6
Тау-кен өндіру өнеркәсібі, млрд. теңге	355	400,3	403,2	601,2	698,9	+0,5
Өңдеу өнеркәсібі, млрд. теңге	1 935,0	1991,4	2304,1	3 458,1	2 899,3	+0,7
Электрмен жабдықтау, газ, бу және ауа баптау, млрд. теңге	191,4	192,1	215,5	243,7	210,4	+0,9
Сумен қамтамасыз ету; кәріз жүйесі, млрд. теңге	38,3	37,2	42,8	50,6	33,4	-0,9
ЖӨӨ-дегі өнеркәсіп өнімінің үлесі, %	45,4	45,4	48,9	51,7	46,8	+1
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [110-115]						

Қарағанды облысында индустриялық саясат пен өнеркәсіптік базасы 1091 жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен өндірістерінің саны (2022) құрады, олардың 265-і ірі және орта болып табылады. 8 кестеден көрініп тұрғандай олардың саны (1324 тен 1091-ге) дейін қысқарып келеді. Өнеркәсіп салаларының дамуына кедергі келтіретін факторлардың бірі өңдеуші өнеркәсіптің негізгі құрал-жабдықтарының тозу дәрежесі болып табылады, ол 43,1%-ды құрайды. Бұл ретте негізгі құралдарды жаңарту қарқыны 8,3%-ды құрайды, бұл орташа республикалық деңгейден төмен, ал негізгі құралдардың жойылу қарқыны одан да төмен - 2,1%-ды құрайды. Бұл бәсекеге қабілетті өнім шығару мақсатында негізгі қорларды, әсіресе өндірістік процеске арналған жабдықтарды жаңғырту қажеттігін көрсетеді [115].

Облыстың жүйе құрушы салалардан яғни «Qarmet» АҚ («АрселорМиттал Теміртау» АҚ), «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС сияқты облыстың тірек кәсіпорындарына тәуелділігі әлі де қалып отыр. Облыстың экономикалық мамандануының негізгі бағыты металл кенін өндіру, көмір өндіру, металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі, фармацевтика, тамақ өнімдерін өндіру, сондай-ақ құрылыс материалдарын өндіру болып табылады. Өңдеу өнеркәсібіне 2022 жылы, өңірдің ең көп қатысуы металлургия (78,8%), машина жасау (5,7%), азық-түлік өндірісі (4%) сияқты салаларда болды. Қарағанды облысы 119 тауар өндіру бойынша республикада алғашқы үштікке кіреді [115]. Тамақ және жеңіл өнеркәсіп, металлургия және машина жасау Қарағанды облысының негізгі мамандану салалары, алайда олардың өнеркәсіп өндірісінің

жалпы көлеміндегі үлесі кемуде немесе динамикасы тұрақсыз болып қалып отыр (2018 ж. - 20,75%, 2020 ж. - 21,54%, 2022 ж. - 19,13%).

Сонымен, Қазақстанның өңірлік саясатының мақсаты болып табылатын өңірлердің шикізат секторына тәуелділігін төмендетіп, өнім өңдеу деңгейін жоғарлатуға қолжеткізілмеген деп санау қажет [77, с. 787-809].

Индустрияландырудың бірыңғай картасына 729,4 млрд теңгенің 31 жобасы енгізілген, бұл ретте 7 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. 2022 жылы Бірыңғай карта аясында 171 млрд. теңге сомаға шина өндірісі ұйымдастырылып 1116 жұмыс орныны құрылды, «Kama TyresKZ» ЖШС жобасы іске қосылды. 2022 жылы іске қосылған жобалар 613,1 млрд. теңгенің өнеркәсіптік өнімін шығарды, жалпы өндіріс көлеміндегі олардың үлесі 16% құрады [109, с. 14].

Импортты алмастыру саясаты, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, салық жеңілдіктері мен преференциялар беру сияқты өңдеуші өнеркәсіптің жекелеген салаларын қалпына келтіруге бағытталған мемлекеттік шаралардың тұтас кешенін іске асыру, өндіріс көлемінің тұрақты өсуін және жаңа кәсіпорындарды пайдалануға беруге мүмкіндік берді [109, с. 13].

Тұрақты экономикалық өсу инвестицияларды тартудың маңызды факторларының бірі. 2022 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар 2018 жылмен салыстырғанда 0,7 есеге өсіп, 724,8 млрд теңгені құрады. Инвестициялар құрылымында ең көп көлем өнеркәсіпке (70%), әкімшілік және қосалқы қызметтер (1,1%), көлік және қоймалау (6,5%), жылжымайтын мүлік операциялары (12%), денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету (2%), көтерме және бөлшек сауда (0,8%), құрылыс (1,4%) салаларындағы қызмет түрлеріне (6-сурет) бағытталған.



Сурет 6 – Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар, %

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [116]


Соңғы 10 жылда тау-кен өнеркәсібіне инвестициялар 2,8 есеге, өңдеу өнеркәсібіне 2,6 есеге өсті. Негізгі капиталға инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көзі 2022 жылы кәсіпорындардың меншікті қаражаты (73%) болды [109, с. 25].

Облысқа салынған инвестиция көлемінен игерілгені:(үлесі бойынша) Қарағандыда (14,4%), Теміртау (13,6%), Саран (12,0%). Сәтбаевта (10,3%), Қаражал (9,5%), Шахтинск (7,2%), Балқаш (6,4%), Жезқазған (6,3%). Жобаларды жүзеге асыру және қолданыстағы өндірістерді жаңғырту инвесторлармен жасалған жұмыстың нәтижесі, бұл 2019 жылғы өсім, 2018 жылмен салыстырғанда 60%-ға ұлғайып, алғаш рет 811,4 млрд. теңге инвестиция тартуға мүмкіндік берді. Олардың 70%-ы – жеке инвестициялар, 22%-ы – шетелдік инвестициялар [116]. Бұрын қолданыста болған Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы (ИИДМБ) аясында облыста 81,4 млрд. теңге сомаға 15 жоба іске асырылды, 1311 жаңа жұмыс орны құрылды. ИИДМБ жобалары өндірген өнімнің үлесі өңірдің өңдеу өнеркәсібінің 48,5%-ын құрайды [117]. 1 трлн теңгеден астам сомаға 40 жаңа ірі инвестициялық жоба іске асырылуда. 9 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Оның ішінде шетелдік капиталы бар 14 жоба [118]. Сонымен қатар облыста бұрын өндірілмеген өнімнің жаңа түрлерін (машина жасау, фармацевтика, құрылыс индустриясы және агроөнеркәсіптік кешен саласында) өндіру жолға қойылған.

Облыста металлургия мен металл өңдеуге баса назар аударып, «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істейді. АЭА аумағында 18 компания қатысушы мәртебесіне ие, оның ішінде 7 жоба іске қосылды, 11 жоба іске асырылуда, жобалардың жалпы құны шамамен 187,9 млрд. теңгені құрайды, бұл ретте 2,5 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылады [118]. Оған қоса: Қарағанды облысының мамандандырылған инвестициялық порталы ([www.investinQ.kz](http://www.investinQ.kz)) [2]; Инвестициялар тарту және облыстың инвестициялық ахуалын жақсарту жөніндегі кеңес; Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы; «Сарыарқа» ӘКК» АҚ және «Kazakh Invest» ҰК» АҚ өңірлік өкілдері жұмыс істейді. Бұл жұмысқа барлық мүдделі мемлекеттік органдар (қалалар мен аудандардың әкімдіктері, облыстық департаменттер, даму институттары) тартылды [109, с. 25].

Қарағанды облысының табиғи-климаттық жағдайлары мен географиялық орналасуы дәнді дақылдар, картоп және көкөніс өсіру, мал шаруашылығын дамыту үшін оңтайлы болып табылады және өңір үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеуде Қазақстанның жетекші өңірлерінің біріне айналды. Облыстың жалпы өңірлік өніміндегі ауыл шаруашылығының үлесі 2022 жылы 3,5%-ды құрады [118].

2022 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 2 есеге өсіп, 480,4 млрд. теңгені құрады [109, с. 11] (7-сурет).



Сурет 7 – Қарағанды облысындағы ауыл шаруашылығының негізгі экономикалық көрсеткіштері (млрд. теңге)

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [109, с. 19; 119]

7-суреттен көрінетіндей, 2022 жылға дейін аграрлық сектордың жалпы өнімінде мал шаруашылығының үлесі 55%-дан астамды, ал өсімдік шаруашылығының үлесі орташа есеппен 45%-ды құрады, содан кейін коэффициент өзгерді (2022 жылы тиісінше 47 және 53%) [109, с. 20]. 2023 жылдың басында облыс бойынша картоп пен көкөністерді сақтауға арналған қойманың саны 134-ке жетті: 2022 жылы 3 жаңа заманауи картоп сақтау қоймасы пайдалануға берілді, 2023 жылы тағы да 3 қойманы іске қосу жоспарланған [120].

Жыл сайын мал басының барлық түрлерінің санын және мал шаруашылығы өнімдерінің көлемін ұлғайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Агроөнеркәсіп кешенінде 141 млрд теңгенің 72 инвестициялық жобасы жүзеге асырылып, 3123 жұмыс орны ашылды. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы шеңберінде мемлекеттік қолдау 26,9 млрд. теңгені құрады, оның ішінде өсімдік шаруашылығы саласына – 5,7 млрд. теңге, мал шаруашылығы саласына – 8 млрд. теңге, республикалық және облыстық бюджеттерден инвестициялық субсидиялауға, өңдеуге 13,2 млрд. теңге [109, с. 61].

Құрылыс саласы облыс экономикасын дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Республиканың құрылыс жұмыстары көлеміндегі Қарағанды облысының үлесі 2021 жылы 8,6%-ды құрады (республика бойынша 4-орын) [121]:

1. Қарағанды облысының ЖӨӨ құрылымында 2022 жылға құрылыстың үлесіне 4% (350,6 млрд. теңге) келеді [116] (6-кесте).

Кесте 6 – Құрылыс қызметінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2022/2018 жылдар (+/-) рет
ЖӨӨ-дегі құрылыстың үлесі, %	3,8	6,6	6,4	5,1	4,0	1,0
Орындалған құрылыс жұмыс тарының көлемі, млн. теңге	217,7	433,9	466,7	452,5	350,6	1,6
Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы, мың шаршы метр	416,7	421,0	529,7	663,3	597,2	1,4
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [109, с. 11; 116]						

6-кестеден көріп отырғандай, 2019 жылдан бастап өңірдің ЖӨӨ құрылыс үлесі төмендеп, 2022 жылы ол 2018 жылғы деңгейде болды. Өңірлер айырмасында құрылыс жұмыстарының өңірлік көлемінің ең көп үлесі Қарағанды (30,3%), Теміртау (17,7%) және Саран (13,2%) қалаларына тиесілі. 2021 жылмен салыстырғанда құрылыс жұмыстары (қызметтері) көлемінің ең көп өсімі облыстың 6 өңірінде байқалады. Оның ішінде Приозерск (348,7%), Саран (288,7%), Теміртау (127,6%), Қарқаралы (241,1%), Нұра (221,1%), Бұқар жырау (148,8%). Құрылыс жұмыстары (қызметтері) көлемінің төмендегені келесі аудандарда атап өтілді: Ақтоғай (37,9%-ға), Абай (41,8%-ға), Шет ауданы (61,8%-ға). Көлемнің азаюының негізгі себебі – Ұлытау облысының қалыптасуына және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС ірі кәсіпорнының Жезқазған қаласына қайта тіркелуіне байланысты.

2022 жылдың қорытындысы бойынша барлық қаржыландыру көздері есебінен 597,2 мың шаршы метр болатын тұрғын үй пайдалануға берілді. 2022 жылы бюджет қаражаты есебінен «Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында 38 әлеуметтік нысанның құрылысы мен қайта жөнделуі, 3 мектептің кеңейтілімдерінің құрылысы, сондай-ақ 6 ФАП салу және т.б. жүзеге асырылды [109, с. 23].

Бұрыннан белгілі МЖС тетігін пайдалану әлеуметтік нысандар үшін бюджетке түсетін жүктемені азайтуға септігін тигізеді. Осылайша, 2011-2021 жылдар аралығында 16 738 орынға арналған 40 білім беру нысаны, 49 денсаулық сақтау жобасы пайдалануға берілді [121].

Шағын және орта бизнесті дамыту өңірде басым міндеттердің бірі болып қалады. Қарағанды облысының ЖӨӨ құрылымында 2022 жылы шағын және орта бизнестің үлесіне 19,4% (2414,8 млрд. теңге) тиесілі. Соңғы 10 жылда Қарағанды облысы ЖӨӨ-дегі ШОБ үлесін жақсартты. ШОБ дамуының оң динамикасына тек оның өз көрсеткіштері ғана әсер етпейді. Сонымен қатар, кластерлік қағидатқа сәйкес өңірдегі ірі кәсіпорындар: «Qarmet» АҚ (АрселорМиттал Теміртау) АҚ; «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС; «Еуразия Фудс» АҚ; «Ефес Қазақстан» АҚ; «Қазцентрэлектропровод» ЖШС; «Орталық Азия Цемент» АҚ; «Карсемент» АҚ, бұлар қызметінің тиімділігі бойынша Қарағанды облысының негізгі кластерлік жүйе құрушы кәсіпорындары болып табылады [117].

7-кестеден көріп отырғанымыздай, тіпті пандемия кезінде (2020-2022 ж.ж) да өңірде ШОБ дамуының көрсеткіштері төмендеген жоқ. Бұл, өз кезегінде, мемлекеттің уақытылы қабылдап отырған шараларына байланысты (7-кесте).

Кесте 7 – ШОБ қызметінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2022/2018 (+/-) есе
Жұмыс істеп тұрған ШОБ саны, бірлік	84032	88299	90196	95296	93086	+1,1
ШОБ-та жұмыс істейтіндер саны, мың адам	232,2	237,4	244,1	253,3	246,9	+1,06
ШОБ бойынша өнім шығару көлемі, млрд. теңге	1333,3	1 436,3	1 741,1	2065,3	2414,8	+1,8
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [122]						

2022 жылы ШОБ құрылымында ең көп үлес жеке кәсіпкерлерге тиесілі.

Қарағанды облысында жұмыс істеп тұрған ШОБ-тың басым үлесі көтерме және бөлшек саудамен (39,3%), ауыл, орман және балық шаруашылығымен (10,5%), өзге де қызмет түрлерімен (13,4%) айналысады [116].

2022 жылы 55,2 млрд. теңге сомасында 3072 жобаға жалпы қаржылық қолдау көрсетілді [123].

Бизнес жүргізу жеңілдігі бойынша облыстар мен қалалардың жыл сайынғы республикалық рейтингісінің қорытындысы бойынша, Қарағанды облысы республикада 5-орынды иеленді (сауалнама және статистикалық мәліметтер бойынша). ТОП-10 жетекші аудандары (елдің 200 әкімшілік-аумақтық бірлігінің ішінен) құрамына облыстың Бұқар жырау, Осакаров және Ақтоғай аудандары кірді [124].

Қарағанды облысының еңбек ресурстары 2022 жылы 559,6 мың адамды құрады. Жұмыс күшінің үлесі 64,8%, ал жұмыссыздық деңгейі 4,4% [122] құрады (8-кесте).

Кесте 8 – Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	Нақты өсім саны (2022, 2018)	Нақты өсім саны (2022, 2021)
1	2	3	4	5	6	7	8
жұмыс күші, мың адам	685,4	678,9	672,5	673,4	559,6	-125,8	-113,8
Халық санындағы жұмыс күшінің үлесі, %	64,9	64,6	64,2	64,5	64,8	-0,1	+0,3
Жұмыспен қамтылған халық саны, мың адам	654,0	648,9	641,8	643,4	534,8	-119,2	-108,6

8-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Жұмыспен қамту деңгейі, %	95,4	95,6	95,4	95,5	95,6	+0,2	+0,1
Жалдамалы жұмыскерлер, мың адам	595,6	592,9	575,5	563,0	466,5	-129,1	-96,5
Жұмыспен қамтылған халықтың үлесі, в %	91,1	91,4	89,7	87,5	87,2	-3,9	-0,3
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмысшылар, мың адам	58,4	56,1	66,3	80,4	68,4	+10	-12
Жұмыспен қамтылған халық санындағы үлес салмағы, %	8,9	8,6	10,3	12,5	12,8	-3,9	+0,3
Жұмыссыз халық саны, мың адам	31,4	30,0	30,7	30,0	24,8	-6,6	-5,2
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,6	4,4	4,6	4,5	4,4	-0,2	-0,1
Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (15-28 жас), %	4,9	4,8	5,0	4,8	4,5	-0,4	-0,3
Жұмыс күшіне кірмейтін тұлғалар, мың адам	371,1	371,8	375,1	370,1	303,5	-67,6	-66,6
Халық санындағы жұмыс күшінен тыс адамдардың үлес салмағы, %	35,1	35,4	35,8	35,5	35,2	-0,1	-0,3
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [122]							

Қарағанды облысында еңбек нарығындағы кейбір көрсеткіштердің теріс үрдісі байқалады:

– соңғы 5 жылда жұмыс күшінің саны 125,8 мың адамға, 2022 жылы 113,8 мың адамға;

– соңғы 5 жылда жұмыспен қамтылған халық саны 119,2 мың адамға, 2022 жылы 108,6 мың адамға;

– соңғы 5 жылда жалдамалы жұмыскерлер саны 129,1 мың адамға, 2022 жылы 96,5 мың адамға азайды.

Сондай-ақ талданатын кезеңде жұмыссыз халық санының және жұмыссыздық деңгейінің, оның ішінде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі байқалады [122]. Егер 2022 жылға экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамту деңгейін талдайтын болсақ, онда халықтың 40%-дан астамы өнеркәсіп пен саудада жұмыспен қамтылғанын байқауға болады.

Айта кетейік, 2018 жылмен салыстырғанда 2022 жылы қаржы және сақтандыру қызметін қоспағанда, көптеген бағыттар бойынша қызметкерлер саны азайып келеді [122]. 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасын және бірқатар ұлттық жобаларды іске асыру аясында 2022 жылы облыста 15 409 жаңа жұмыс орны ашылды, жоспарда 12 778 жұмыс орнын ашу көзделген.

Облыста кадрлар тапшылығын болдырмау мақсатында Қарағанды облысы

2021 жылдан бастап іс-шараларды қамтамасыз ету бойынша өңірде көшіп-қонушыларды қабылдау жүргізілді [109, с. 42]. Осы жылдар ішінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылды. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» [125], «Әрбір азаматқа арналған сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» республикалық жобасы өңірлерге нысаналы индикаторларды ыдырата отырып іске асырылды [126].

Денсаулық сақтау саласы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің бірі өмір сүру ұзақтығы болып табылады. 2018 жылдан бастап 2022 жылға дейін өңірде өмір сүру ұзақтығы 2,2 жылға ұлғайып, 2022 жылы 72,3 жасқа жетті (9-кесте).

Кесте 9 – Демографиялық және денсаулық көрсеткіштерінің серпіні

Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Жалпы халық саны, адам (жыл қорытындысы бойынша)	1378,5	1 376,9	1375,9	1371,9	1134,8
Туған кездегі өмір сүру ұзақтығы, жыл	71,7	71,7	70,4	69,1	72,3
Ер адамдар	66,87	66,95	65,89	64,93	67,60
Әйел адамдар	76,22	76,12	74,63	73,19	76,72
Халықтың табиғи өсімі, мың адам	9,6	9,6	7,8	6,4	5,3
Туылғандар саны, мың адам	23,0	23,0	23,4	23,9	16,8
Туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға шаққанда)	16,6	16,7	17,0	17,5	14,8
Қайтыс болғандар саны, мың адам	13,4	13,4	15,6	17,6	11,5
Қайтыс болу коэффициенті (1000 адамға)	9,7	9,8	11,3	12,8	10,1
Ана өлімінің коэффициенті (100 мың тірі туылғандарға шаққанда)	26,2	39,5	-	-	-
Нәресте өлім-жітімінің көрсеткіші (1000 тірі туылғандарға шаққанда)	7,59	8,51	8,52	8,66	7,72
Қала халқы	7,39	8,98	9,11	10,10	7,91
Ауыл халқы	8,39	6,69	6,27	2,91	6,96
Ісіктен (100000 адамға шаққанда)	93,73	91,09	94,7	90,5	85,6
Тыныс алу органдарының аурулары (100000 адамға шаққанда)	94,02	90,22	98,2	74,0	48,9
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [127-131]					

Жоғарыда көрсетілген 9-кестеге сәйкес мынадай теріс динамика шығады:

- соңғы 5 жылда халық санының азаюы байқалады;
- соңғы 5 жылда туған бала саны азайып келеді, яғни халықтың қартаюу қарқынның өсуі байқалады [109, с. 39].

2019 жылы ана өлімінің 9 жағдайы тіркелді (Республикада Алматы облысынан кейін 2-орын) [132], олардың негізгі себептері жүктілікке, босануға және босанғаннан кейінгі кезеңге байланысты емес соматикалық аурулар болып табылады [133].



Облыста нәресте өлімі төмендеуде [132], Бірақ талдау көрсеткендей, қалада нәрестелер өлімі ауылмен салыстырғанда жоғары. 2022 жылы балалар санаторийі, оңалту орталығы, балалар үйі қажетті құрал-жабдықтармен жарақтандырылды, «Балалар жылы» деп жарияланғанына қарамастан, ауылда нәрестелер өлімі күрт өсті (2,91-ден 6,96 жағдайға дейін). Нәресте өлімінің алдын алуға болатын себептер, оның ішінде перинаталдық себептер де бар [133, б. 21].

Өңірде өмір сүру деңгейі бойынша статистикалық көрсеткіштер 10-кестеде талданады.

Кесте 10 – Өмір сүру деңгейінің статистикасы

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табыстары, теңге	82299	94738	106481	130552	168099
өткен жылға %-бен	114,5	115,1	112,4	122,6	116,7
Нақты ақшалай табыс индексі, өткен жылға %-бен	107,0	108,9	106,5	114,9	107,1
Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі, %	1,6	2,3	2,5	3,0	3,1
Ең төменгі күнкөрістің мөлшері, теңге	22605	25910	27900	31236	36875
Жалақының номиналды индексі, %	107,0	111,5	114,9	118,3	118,4
Нақты жалақы индексі, %	100,0	105,5	108,9	110,9	108,6
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [109, с. 29; 134]					

10-кестеден 2017 жылдан бастап халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы екі есе өскенін, бірақ табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі өсіп келе жатқанын көреміз [109, с. 42; 134, б. 17].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, авторлармен 4 блок бойынша Қазақстан Республикасының басқа өңірлермен салыстырғанда Қарағанды облысының рейтингтік бағасы жүйелендірілді (11-кесте) [135].

Кесте 11 – Қарағанды облысының ҚР-ның басқа өңірлемен салыстырғандағы рейтингі көрсеткіштері, балл

Көрсеткіштер	4 квартал 2020	4 квартал 2021	4 квартал 2022	Өңірдің 2022 жылғы орны
1	2	3	4	5
Басқа өңірлермен салыстырғандағы рейтингі	67,77	62,43	70,83	3
<i>Білім беру</i>				
- балаларды (3-6 жастағы) мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту (0-100%)	100	100	100	1
- күндізгі мектептердің жалпы санымен алғанда үш ауысымды мектептердің үлес салмағы, %	0,2	0,2	0	1
- республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарының саны, 100 мың адамға.	-	83	30	7
<i>Денсаулық сақтау</i>				
- медициналық мекемелерде төсек-орынның жеткілікті болуы, 10 мың адамға шаққанда (мин. 50)	66,69	85,12	95,70	1
- нәресте өлімінің көрсеткіші, 1000 тірі туғандарға шаққанда	6,50	11,40	7,87	12
- таза судың, қауіпсіз санитарияның және гигиенаның жетіспеушілігінен қайтыс болғандар, 100 мың адамға шаққанда	-	2,11	1,67	14
<i>Әлеуметтік-экономикалық қызметті ынталандыру</i>				
- ресурстық емес сектордың негізгі құралдарына инвестициялар, жан басына шаққанда млн. теңге (орта есеппен 0,14)	0,09	0,14	0,15	1
- пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің үлесі, %	3	2,2	0	1
- шетелден қатысатын компаниялардың үлесі, 100 мың адамға (%)	-	0,47	0,62	14
- шығармашылық экономика саласындағы қызметтер көлемі, 100 мың адамға млрд. теңге.	-	2,6	3,5	4
<i>Өмір сүру сапасы</i>				
- негізгі құралдардың тозу дәрежесі, %	-	43,1	43	11
- жан басына шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, бір адамға шаршы метр. (мин.30)	23,3	23,5	24,1	6
- орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету арқылы ауыз судың болуы, %	95,5	98,2	97,7	3
- ауыз су сапасы, %	1	0,3	14,9	13

11-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
- жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жай-күйдегі үлес салмағы, %	84	84	90	9
- кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың үлес салмағы, %	0,04	0,12	0,003	6
- жергілікті атқарушы органның шығыстары, жан басына шаққандағы млн. теңге	-	0,13	0,48	13
- ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесі, %	2,4	3,1	3,8	4
<i>Мемлекеттік басқару сапасы</i>				
- паракорлық пен лауазымын пайдаланудың тіркелген фактілері лауазымдық өкілеттіктері, бөлімшелер.	0	3	1	1
- ашық диалогтық порталдағы өтініштерді жергілікті атқарушы орган басшыларының қарауды кешіктіруі, бірлік	-	0	0	1
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [135; 136]				

Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік-экономикалық саладағы қызметіне олардың функционалдық міндеттерін негізге ала отырып объективті бағалау жүргізу мақсатында Стратегиялық бастамалар орталығы 2020 жылдан бастап өңірлер рейтингін жүргізуде. Облыстық әкімдіктердің жауапкершілік бағыттарын қарау нәтижелері бойынша рейтингке 5 бөлім кіреді:

1. Білім беру.
2. Денсаулық сақтау.
3. Әлеуметтік-экономикалық қызметті ынталандыру.
4. Өмір сүру сапасы.
5. Мемлекеттік басқарудың сапасы.

Сонымен, жүргізілген талдау көрсеткендей, Қарағанды облысы рейтингте тұрақсыз даму сипатында көрінгенмен ол, 2022 жылы Атырау облысы мен Алматы қаласынан кейін еліміздің 20 өңірі арасында 3-орынды (100-ден 70,83 балл) иемденді.

Қарағанды облысы кейбір көрсеткіштер бойынша рейтингте жақсы нәтиже көрсетпейді: нәресте өлімі көрсеткіші, таза судың, қауіпсіз санитария мен гигиенаның жоқтығынан болатын өлім-жітім, негізгі құралдардың тозу дәрежесінен, жан басына шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілуінен, ауыз су сапасы бойынша [136].

Белгілі болғандай, 2015 жылдан бастап донор өңірлер Атырау, Маңғыстау облыстары, Алматы және Астана қалалары болып саналады. Қалған 16 облыс немесе 82%-ті субсидияланады, соның ішінде Қарағанды облысы. 2019-2021 жылдар аралығындағы еліміздің жергілікті бюджеттерінің кірістеріндегі Қарағанды облысының үлесі 5,8-ден 6,4%-ға дейін, меншікті кірістердің үлесі 6,5%-ды құрады (12-кесте).


Кесте 12 – Қарағанды облысының 2019-2021 жылдары облыс кірісіндегі меншікті кірістерінің үлесі, млрд. теңге

Өңірлер	2019 жыл			2020 жыл			2021 жыл		
	табыс, барлығы	жеке табыс,	үлесі %	барлық табыс	жеке табыс МБ	үлесі %	барлық табыс	жеке табыс МБ	үлесі, %
Барлық өңірлер бойынша барлығы	6 040,0	2 565,4	42,5	7 721,2	3 190,6	41,3	8 742,6	3 987,7	45,6
Қарағанды облысы	351,3	167,3	47,6	469,3	208,6	44,4 ↓	556,6	255,0	45,8↑
Қарағанды облысының барлық өңірлерге қатысты үлесі	5,8	6,5	-	6,1	6,5	-	6,4	6,4	-
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [137]									

Жалпы алғанда, сараптау кезінде Қарағанды облысында жергілікті бюджет түсімдерінің үлесі төмендегені байқалады (2019 жылғы 47,6%-дан 2021 жылы 45,8%-ға дейін). Салық түсімдерінің негізгі бөлігі жеке табыс пен

әлеуметтік салықтар есебінен қамтамасыз етіледі – 60%-дан астам, корпоративтік табыс салығының (КТС) үлесі шамалы – 14,2% (2020) болды [138-140]. Бұл микро және шағын бизнес субъектілерінің 3 жыл ішіндегі табыс салығын алып тастауға байланысты және КТС-тың шағын және орта бизнестен өңірлерге ауысуымен тұспа-тұс келді. Осылайша, тек орта бизнес қана осы салықты төлеуші болып қалды [141].

Сонымен, 2020 жылы шағын және орта бизнес субъектілерінен корпоративтік табыс салығын жергілікті деңгейге ауыстыруға қарамастан, 2021 жылы облыстың жеке бюджет кірістеріндегі үлесі 14%-ды құраса да, олардың жоғары тұрған бюджеттен берілетін трансферттерге тәуелділігін төмендетуге айтарлықтай әсер етпеді (8-сурет).



Сурет 8 – 2017-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет түсімдері, млн. теңге  
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [141]

Осы деректерден көрініп отырғандай, трансферттер Қарағанды облысының бюджет кірісінің негізгі көзі болып қала береді – шамамен 80%. Сонымен, Қарағанды облысының жергілікті бюджетінің жоғары трансферттерге қаржылық тәуелділік деңгейі жоғары болып қалуда.

Жоғарыда аталған талдауға сүйене отырып, Қарағанды облысында мынадай проблемалар бар деп айтуға болады:

1. Облыс тұрғындары санының азаюы және халықтың қартаюы байқалады. Халықтың басым бөлігі Астана, Алматы қалаларына және оған іргелес Ақмола және Алматы облыстарына кетеді.

2. Өнеркәсіпте далалық ресурстардың сарқылуы жағдайында өндіріс көлемінің азаю қаупі және олардың өндірістік қызметінің қысқаруы жағдайында негізгі кәсіпорындардан жұмыс күшін босату тәуекелі туындауы мүмкін.

3. Агроөнеркәсіп кешенінде өндірістің салыстырмалы түрде төмен өнімділігі байқалады. Дайын ауыл шаруашылығы өнімдерінің құны жоғары.

4. Құрылыста кірпіш, құрылыс шынысы мен ағаш материалдары,

құрылыс битумы, есік блоктары, керамикалық пластиналар, кабель бұйымдары, электрмен жабдықтау жабдықтары, слесарлық-желдету материалдары мен жабдықтары жетіспеушілігі байқалады.

5. Қарағанды облысының жергілікті бюджеттің жоғарғы бюджеттен түсетін трансферттерге қаржылық тәуелділігі жоғары.

Келесі тармақта өңірлерді дамыту бағдарламасының тиімділігін бағалау және АДБ-ны іске асыру тиімділігінің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қалай әсер ететінін талдау жүргізіледі.

## **2.2 Өңірлік деңгейдегі негізгі стратегиялық құжат ретінде Қарағанды облысын дамыту бағдарламасының нәтижелілігін бағалау**

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын стратегиялық басқару жүйесінің негізгі буыны және бастапқы циклі ол стратегиялық жоспарлау немесе мемлекеттік жоспарлау болып табылады.

1.3-бөлімшесінде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта Мемлекеттік жоспарлау жүйесі бар, оған сәйкес елдік және өңірлік деңгейде стратегиялық басқару мен жоспарлау стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың иерархиясына сәйкес жүзеге асырылады.

Мәселен, Қазақстанның өңірлерін дамытудың басымдықтары бірінші, екінші және үшінші деңгейдегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда көрсетілген, мысалы: елдің аумақтық даму жоспары, ұлттық жобалар, және облыстардың даму жоспарлары.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі қабылданғанға дейін аумақтық деңгейде даму стратегиялары әзірленгенін атап өту қажет, олар кейіннен аумақтарды дамыту бағдарламаларына/облыстарды дамыту жоспарларына қайта форматталды. Яғни, 10 жылға дейінгі жоспарлау көкжиегі бар қолданыстағы өңірлік стратегиялар 5 жылға арналған жоспарлау көкжиегімен жаңа даму бағдарламаларына/облыстарды дамыту жоспарларына ауыстырылды.

Осыған сәйкес, диссертациялық зерттеу мақсатына жету үшін осы тармақта Қарағанды облысының даму стратегиясының және оның әр кезеңдегі даму бағдарламаларының мазмұны талданып, аймақтың мемлекеттік органдарының көзқарасын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл стратегиялық жоспарлау және өңірлік дамуды басқару тұрғысынан оның даму перспективалары және осы бағдарламалық құжаттардың сапасы үшін қажет (13-кесте).

1.3 бөлімшесінде айтылғандай Қазақстан жаңа аймақтық саясатты теңдестіру стратегиясын іске асырудан «өсу нүктелері» стратегиясына көшті

«Экономикалық өсу нүктелері» саясатының басым бағыттары, яғни өңірлердің арасынан елдің барлық басқа аумақтарын дамыту үшін әлеуетті «локомотивтерді» бөлу, елдің алғашқы белгіленген бағдарламалық құжаты 2006 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы болды [80; 90, с. 128-130].

Кесте 13 – Қарағанды облысын дамытудың стратегиялық және бағдарламалық құжаттары

Құжаттың атауы	Бағыттар/ стратегиялық мақсаттар	Мақсаттар (саны)	Тапсырмалар (саны)	Нысаналы индикаторлар (саны)	Қаржыландыру көлемі (млн. теңге)	Тиімділік, %
1	2	3	4	5	6	7
Қарағанды облысының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы	1. Облыс экономикасын әртарап тандыру/шикізат секторына тәуелділікті азайту. 2. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін адами ресурстарды дамыту. 3. Бизнес-ахуалды жақсарту және шағын және орта бизнестің табысты дамуын ынталандыру. 4. Облыстың тиімді аумақтық ұйымдастырылуы. 5. Өңір халқының өмір сүру сапасын арттыру	5	14	18	-	2010 жылы-72%
Қарағанды облысының 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасы	1. Экономика. 2. Әлеуметтік сала. 3. Инфрақұрылым. 4. Ауылдық аумақтарды дамыту, экология және жер ресурстары. 5. Мемлекеттік қызметтер	28	46	53	594 452,0	2015 жылы-81,1%
Қарағанды облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы	1. Экономика. 2. Әлеуметтік сала. 3. Инфрақұрылым	22	-	51	803 902,8	2019 жылы-68,6%
Қарағанды облысының 2021-2025 жылдарға	1. Қолжетімді баспана және жоғары сапалы сенімді инфрақұрылым 2. Қауіпсіз өмір сүру ортасы:	16	-	26	849 609,3	Даму жоспарына қайта форматталды

13-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
арналған даму бағдарламасы	қылмыс, төтенше жағдайлар, экология					
Қарағанды облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары	<p>1. Қолжетімді баспана және жоғары сапалы сенімді инфрақұрылым.</p> <p>2. Қауіпсіз өмір сүру ортасы: қылмыс, төтенше жағдайлар, экология.</p> <p>4. Сапалы адами ресурстар.</p> <p>5. Инвестициялар үшін бәсеке-лестік-қолайлы бизнес-климат.</p> <p>6. Өнеркәсіп, сауда және логистика-экономика тұрақтылығының үштігі.</p> <p>7. Шығармашылық экономика – жас буын экономикасы.</p> <p>8. Қамтамасыз етілген ауыл: кооперация, индустрияландыру және цифрландыру.</p> <p>Гүлденген ауыл: кооперация, индустрияландыру және цифрландыру</p> <p>9. Халықтың шоғырлануы-дамудың қажетті шарты</p>	16	-	124	1697,2 млрд. тенге	
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [142-164]						



Осыған сәйкес, 2007 жылы барлық облыстар өздерінің аумақтық стратегияларын әзірлеуді бастады және ілгерілету үшін жоспарланған кластерлерді белгіледі, Қарағанды облысы да бұдан тыс қалмады. Әрине, стратегияны құрудың құрылымы мен әдістемесі ел мен өңірлер деңгейінде мүлдем өзгеше болды. Өңірлердің стратегиялары Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің өңірлерді дамытудың бәсекелестік стратегияларын, Дүниежүзілік Банктің аумақтық даму жөніндегі жобасын әзірлеу жөніндегі әдістемеге сәйкес әзірленді.

Осылайша, облыстық мәслихаттың II сессиясының 2007 жылғы 16 Қазандағы №29 шешімімен Қарағанды облысының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы бекітілді [142, с. 35-76].

Стратегияның мақсаты Қарағанды облысының өңірлік экономикасын жақсарту мақсатында даму перспективаларының ықтимал бағыттарын айқындау болып табылады.

Жоғарыда аталған Әдістемеге сәйкес Стратегия бес компоненттен тұрады – көзқарас, мақсаттар, міндеттер, бағдарламалар және жобалар.

(Қосымша В)-да көріп отырғанымыздай стратегиялық мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясының мақсаты мен басым бағыттарымен сәйкес келетіні көрсетілген.

Осылайша, Стратегия 5 стратегиялық мақсатты, 14 тапсырманы, 32 тапсырма бағдарламасын және 7 күтілетін нәтижені қамтиды. Стратегияны талдау күтілетін нәтижелер стратегиялық мақсаттарға нақты байланбағанын және 5 бағытты қоспағанда, нақты цифрлық мәндерсіз жалпыланған форматта келтірілгенін көрсетті: өндіріс, экономикалық белсенді халық, инвестициялық-инновациялық белсенділік, адами әлеует, денсаулық сақтау көрсеткіштері (13-14-кестелер). Яғни, қабылданған Стратегия мақсатты көрсеткіштерді толық қамтымайтын декларативті құжат болып табылады деп қорытынды жасауға болады.

Сондай-ақ, құжаттың белгіленген стратегиялық мақсаттары мемлекет (экономика, әлеуметтік сала және т.б.) емес, процестер сияқты болуы керек екенін атап өткім келеді. Мысалы, бұл белгілі бір деңгейге сілтеме жасамай, «жоғарылату», «жақсарту», «даму» және т.б. сияқты ұғымдарды тұжырымдамада қолдануда көрінеді.

Стратегияның нәтижелілігін анықтау үшін төменде жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуді талдау келтірілген (Қосымша В).

Стратегияда 3 жылға көрсеткіштер берілген: 2006 – есепті жыл, 2010 және 2015 – жоспарлы жылдар. Алайда, нәтижеге бағытталған мемлекеттік жоспарлауға көшумен 2011 жылдан бастап өңірлерде аумақтарды дамытудың бес жылдық бағдарламалары мен өңірлік даму жоспарлары енгізіліп, Қазақстан өңірлерінің аумақтық даму стратегиясының күші жойылды.

Кесте 14 – Нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуді талдау (тиімділік)

Көрсеткіштердің атауы	2006 жыл	2010 жыл		2010 жылғы нәтижелілік (%)
	база (есеп)	жоспар	факт	
1	2	3	4	5
<i>Өндіріс көрсеткіштері</i>				
Өнеркәсіп өндірісінің (тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің) көлемі, (млрд. теңге)	717,2	912,7	1032,1	113
Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі, млн. теңге	43,1	53,3	83,6	157
оның ішінде:				
- өсімдік шаруашылығы	13,5	16,0	29,9	186
- мал шаруашылығы	29,7	37,3	53,6	144
<i>Еңбек нарығының көрсеткіштері</i>				
Халықтың жалпы саны, мың адам.	1336,9	1363,6	1352,2	99
Экономикалық белсенді халық, мың адам.	741,2	759	744,9	98
оның ішінде: экономикада жұмыспен қамтылған, мың адам.	689,6	711,5	704,3	99
оның ішінде: шағын кәсіпкерлік саласында, мың адам	101,1	123,2		
Жұмыссыздар, мың адам	51,2	47,5	40,6	117
Жұмыссыздық деңгейі, %	6,9	6,3	5,5	114
<i>Инвестициялық-инновациялық белсенділік көрсеткіштері</i>				
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	147309,6	247000,0	211085	85
Өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына инвестициялар көлемі, млн. теңге	46236,6	61325,8	93141,0	152
ҒЗТКЖ - ға инвестициялар көлемі, млн. теңге	15,0	103,9		
Инновациялық өнім көлемі, млн. теңге	57379,0	126812,0		
<i>Адам әлеуетінің көрсеткіштері</i>				
Кәсіптік-техникалық мектеп оқушыларының саны	12,2	12,8		
Халықтың 10 мың адамына есептегенде жоғары оқу орындарындағы студенттер саны	501,1	502,8		
Адами капиталға инвестиция көлемі (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт)	2121,2	3920,5		
<i>Денсаулық сақтау көрсеткіштері</i>				

14-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Орташа өмір сүру ұзақтығы, жылдар	63,84	65	66,47	102
Ана өлімінің деңгейі, 100000 тірі туылғандарға шаққандағы жағдайлар	38,8	30,0	4,2	714
Туберкулезбен сырқаттанушылық (өмірінде алғаш рет диагноз қойылған), 100 мың тұрғынға шаққандағы жағдайлар	145,6	135,0	213	63
Барлығы		18	13	72%
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [142, с. 82-84]				

Мәселен, 2010 жылғы жағдай бойынша өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісінің көрсеткіштері асыра орындалды; еңбек нарығының көрсеткіштері – ішінара орындалды; инвестициялық және инновациялық белсенділік көрсеткіштері – ішінара орындалды; адам потенциалының көрсеткіштері – денсаулық көрсеткіштері ішінара орындалды.

Жүргізілген есептеулер негізінде Стратегияны іске асырудың бүкіл кезеңінде тиімділік көрсеткіші орташа мәнді (63% жоғары) сақтайды деп қорытынды жасауға болады.

Жоғарыда көрсетілген цифрлық мәндер асыра және ішінара орындалғанына қарамастан, мысалы, «қала мен ауыл арасындағы күрт әлеуметтік айырмашылықтарды азайту», өлім деңгейін талдау, табиғи өсім, неке, ажырасу, туберкулез ауруынан қайтыс болу және т.б.

Жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесіне көшуге байланысты республикалық деңгейде, «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясының» және өңірлер деңгейінде «аумақтық даму стратегиясының» күші жойылды және 2011 жылы «Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы» және Республикадағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының бірінші және үшінші деңгейлеріне қатысты аумақтарды дамытудың бес жылдық бағдарламалары сияқты жаңа құжаттар қабылданды.

Өңірлер деңгейінде аумақтық даму стратегиясынан бас тартудың басты себебі Орта мерзімді бюджетті жоспарлау көкжиегінің (3 жылға) және стратегиялардың сәйкес келмеуі болып табылатынын, сондықтан аумақтарды дамыту бағдарламалары әзірленіп, қабылданғанын атап өту қажет. 2011 жылдан 2021 жылға дейін Қарағанды облысында аумақты дамытудың 2 бағдарламасы іске асырылды және қазіргі уақытта Қарағанды облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары іске асырылуда (13-кесте).

Жалпы алғанда, бағдарламалар/жоспар негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге, халықтың өмір сүру деңгейін және жұмыспен қамтылуын арттыруға, өңірлердің өндірістік, еңбек және зияткерлік әлеуетін нығайтуға бағытталған.

Осылайша, Қарағанды облысының 2011-2015 жылдарға арналған бірінші даму бағдарламасы [143, б. 102] Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 маусымдағы №827 Жарлығына сәйкес әзірленді [144], «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы №931 Жарлығы [145].

Бағдарлама құрылымы бойынша Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын және мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының форматын қамтитын мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес келеді [146].

*Өңірді дамытуға деген көзқарас* – Қарағанды облысы дәстүрлі

экспорттық секторлардағы вертикальді әртараптандыруды және экономиканың басым салаларындағы (фармацевтика, құрылыс материалдары, АӨК) инновациялық өндірістерді көлік-коммуникациялық және энергетикалық кешеннің жаңғыртылған инфрақұрылымымен; экономикалық кеңістік сапасының оң серпіні мен адами әлеуетті дамыту жағдайлары бар өңірмен ұштастыра отырып, серпінді өңдеу өнеркәсібінің орталығына айналады [143, б. 108].

Өңірлерді дамыту бағдарламасының мақсаттары еліміздің 2020 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының Болжамдық схемасының негізгі бағыттарына [82], Қарағанды облысының 2014-2016 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес келеді [147].

2010 жылы бекітілген Қарағанды облысының даму бағдарламасының бастапқы нұсқасында іс-шараларды іске асыруға барлық көздер есебінен қаржыландыру 534 988,4 млн.теңге көлемінде болжанған болатын. Бағдарлама мен іс-шаралар жоспарына енгізілетін барлық өзгерістерді ескере отырып, сома 11%-ға өсіп, 587 319,0 млн. теңгені құрады (15-кесте).


Кесте 15 – Қарағанды облысының 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыруға арналған шығыстардың құрылымы (млн. теңге)

Жылдар	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Басқа ақпарат көздері	Барлығы	% игеру
2011	24 992 411	44 002 133	11 671 800	80 666 344	100,8
2012	42 053 747	57 044 762	38 090 454	137 188 963	99,9
2013	50 924 463	43 286 610	16 765 500	110 976 573	100,2
2014	59 128 998	41 967 576	54 407 860	155 504 860	98,1
2015	43 774 100	38 769 200	20 438 900	102 982 200	95,6
Всего	220 873 719	225 070 281	141 374 514	587 318 940	98,9
Қаражаттың жалпы көлемінің үлесі, %	38	38	24	-	-
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [148]					

Талдау көрсеткендей, 5 жыл ішінде барлық көздерден 587 319,0 млн. теңге игерілді, игеру пайызы жоспарлы көрсеткішке 98,9%, оның ішінде: 2014 жылы – 98%, 2015 жылы – 95,6%. Қарағанды облысының Тексеру комиссиясының деректері бойынша талданатын кезеңде бюджет қаражатының толық игерілмеуі 2014-2015 жылдары мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеумен және 2015 жылы кіріс бөлігінің орындалмауымен түсіндіріледі.

Талданған кезеңде аумақтарды дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторлары мен нәтижелілік көрсеткіштері бірыңғай көрсеткіштер тізбесімен (кейіннен ол индикаторлардың негізгі тізбесі, ал қазіргі уақытта 2025 жылға дейінгі стратегиялық көрсеткіштер картасы деп аталды) айқындалды. [149]. Алайда, талданған кезеңде индикаторлардың саны мен атаулары жаңартыла отырып, аталған көрсеткіштер тізімі 4 рет өзгертілді: олардың саны 125-тен 81-ге дейін қысқарды. Бұл өзгерістер Қарағанды облысының даму

бағдарламасының көрсеткіштеріне де әсер етті, олар да жыл сайынғы түзетулерден өтті (9-сурет).



Сурет 9 – Қарағанды облысының 2011-2015 жылдарға арналған Даму Бағдарламасының сандық деректері


Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [148]

Осылайша, 5 жыл ішінде Бағдарламаның сандық деректері шамамен 2 есеге қысқарды: 2011 жылғы 1072-ден 2015 жылғы 541-ге дейін. Алайда, көрсеткіштер санының азаюымен барлық көрсеткіштер бойынша орындалу пайызы жыл сайын төмендеді: 2011 жылы – 96%, 2012 жылы – 97%, 2013 жылы – 96%, 2014 жылы – 93%, 2015 жылы – 92%.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне [150] және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесіне [94] сәйкес мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, оның ішінде аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асыру тиімділік пен нәтижелілік қағидаттарына жауап беруі тиіс.

Төменде бағдарлама бойынша (10-сурет) және бағдарламаның негізгі бағыттары бойынша тұтастай алғанда тиімділік және нәтижелілік көрсеткіштері есептелген (16-кесте).

10-суреттен көріп отырғанымыздай, 2011 жылдан бастап даму бағдарламасын іске асыруға бөлінген қаражатты игеру пайызы және бағдарлама тиімділігінің пайызы төмендеп келеді. Орташа көрсеткіш: нысаналы индикаторларды орындау % – 88,0, қаражатты игеру % – 98,9%, тиімділік көрсеткіші – 88,9% құрады.



Сурет 10 – Қарағанды облысының 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасының тиімділігі, %

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [143, б. 97; 148]

Айта кетерлік жайт, аумақтарды дамыту бағдарламаларында өңірлерді дамытудағы ерекшелікті есепке алу үшін аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес нұсаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерін олардың жалпы санының 20%-нан аспайтын көлемде қосуға жол берілетінін атап өту қажет [146]. Мәселен, 2015 жылы базалық тізбеге 81 көрсеткіш енгізілді, ал талаптарды ескеретін болсақ, нәтиже көрсеткіштері мен нұсаналы индикаторлардың максималды саны 97-ден аспау керек еді, бірақ 9-суреттен көріп отырғанымыздай, 2015 жылға арналған көрсеткіштер Қарағанды облысында қажетті санан әлдеқайда асып түсті.

Төмендегі бағыттары бойынша даму бағдарламасының іске асырылуын талдау келтірілген (16-кесте).

6-кестеден көріп отырғанымыздай, тиімділік көрсеткіштері бойынша «Мемлекеттік қызмет көрсету», «Әлеуметтік сала» бағыттары бойынша ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізілсе, ең төменгі көрсеткішке «Экономика» бағыты бойынша қол жеткізілді.

Ал тиімділік көрсеткіші бойынша керісінше «Халыққа қызмет көрсету» және «Инфрақұрылым» бағыттары ең төмен көрсеткіштерге ие болса, қалған 3 бағыт бойынша орташа көрсеткіш 84,7.

Кесте 16 – Қарағанды облысының 2015 жылға арналған даму бағдарламасының көрсеткіштері

Бағыттар	Мақсат тар, бірлік		Міндет тері, бірлік		Нысаналы индикатор лар, бірлік		Нәтиже көрсет кіштері, бірлік		Нәтиже лік, % (баған. 9/бағ.8)	Нысаналы индикатор ларды орындау % (бағ. 7 /бағ.6)	Қара жатты игеру %	Тиім ділік, % (бағ.11/ бағ.12)
	план	факт	план	факт	план	факт	план	факт				
Экономика	7	7	13	13	12	10	68	50	73,5	83,3	98,3	84,7
Әлеумет тік сала	12	12	20	20	23	20	44	39	88,6	86,9	99,1	87,7
Инфрақұр ылым	4	4	7	7	9	6	12	9	75,0	66,6	96,5	69,0
Ауылдық аумақтар ды дамы ту, экология және жер ресурстары	3	3	4	4	7	6	7	6	85,7	85,7	100	85,7
Мемлекет тік қызмет тер	2	2	2	2	2	1	2	2	100,0	50	96,2	51,9
Барлығы	28	28	46	46	53	43	133	106	79,7	81,1	95,6	84,8
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [143, б. 108; 148]												

Сондай-ақ, кесте деректерінен барлық көрсеткіштер бойынша 5 бағыттың ішінде экономика және әлеуметтік сала салалары ең үлкен үлес салмағын алатынын көреміз. Сондықтан біз өз жұмысымызда осы салаларды неғұрлым егжей-тегжейлі талдаумен және зерттеумен шектелдік.

«Экономика» бағыты бойынша 6 саланы: өңірлік макроэкономика, өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, шағын және орта бизнес, сауда, инновациялар мен инвестицияларды дамытуды қамтиды [143, б. 115].

Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес, жалпы өңірлік өнім 2010 жылға қарай 1,7 есеге өсіп, 2015 жылы 3107,1 млрд теңгеге жетті.

Өнеркәсіп саласында көрсеткіштердің төмендеуі байқалады. Облыстың ЖӨӨ-дегі өнеркәсіптің ЖҚҚ үлесі 2015 жылы 43,3%-ға жетті, бұл 2010 жылғы деңгейден 5,6%-ға, 2005 жылғы деңгейден 8,2%-ға 1991 жылғы 1,3%-ға төмен [115]. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде ең көп төмендеуге жол берілді. Өңдеу өнеркәсібінің көрсеткіштері 2010 жылға қарай 26%-ға өсіп, 2015 жылы 1062,2 млрд. теңгені құрағанына қарамастан, 2011-2014 жылдары жалпы қосылған құн 2010 жылға қарай 5,6%-ға төмендеді. Осы ретте облыстың ЖӨӨ-дегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2011 жылғы 35,1%-дан 2015 жылы 28,6%-ға дейін төмендеді, ал 2015 жылы өндірілген өнім көлемі 1991 жылғы 20%-дық деңгейге жеткен жоқ.

Индустрияландыру картасы аясында 2015 жылдың соңында іске қосылған 68 жобаның 57-сі жоспарланған қуаттылыққа шықты, оның төреуі 50%-дан жоғары деңгейде ал біреуі 50%-дан төмен деңгейде жүктелді. Сол жылдың



соңында жоспарланбаған төртеуі іске қосылды, «Геополимер» ЖШС электр энергиясымен қамтамасыз ету проблемаларына байланысты, ал «Капсис» ЖШС қаржылық тексеруге байланысты өнім шығаруды тоқтатты [148].

Ауыл шаруашылығында өнім шығару көлемінің тұрақсыз өсуі байқалады. Атап айтқанда, 2012 жылы жалпы өнім көлемі 114,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 4,4%-ға төмен, оның ішінде өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі 2012 жылы 16%-ға, ал 2014 жылы алдыңғы жылдармен салыстырғанда 12%-ға төмен [151].

Ауыл шаруашылығын дамытуға 2015 жылы 700,5 млн.теңге (2014 мен салыстырғанда -54,5%) бағытталды, бұл 2014 жылға қарағанда 44,4%-ға аз [152].

ЖӨӨ құрылымындағы шағын және орта бизнестің үлесі 2012 жылғы 20,1%-дан 2014 жылы 22,7%-ға дейін өсті [151, с. 3-140].

Талданып отырған кезеңде инвестициялық белсенділіктің негізгі көрсеткіштерінің динамикасы мынадай :

– негізгі капиталға инвестициялар 2011 жылдан бастап 2014 жылға дейін тұрақты өсімге ие және 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылғы көрсеткіштердің 17%-ға төмендеді;

– тұрғын үй құрылысына инвестициялар 2012, 2013 жылдары төмендеді және 2015 жылы 2014 жылға қарай 25%-ға өсті.

2015 жылы орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылға қарай 5,5%-ға төмендеді [153].

Осылайша, көлік-қойма, ақпарат және байланыс, жылжымайтын мүлік операцияларында 5 жыл ішінде тұрақты өсім қалыптасты. Өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында және құрылыста өнім көлемінің төмендеуі байқалады.

Жалпы, «Экономика» бағыты бойынша көрсеткіштердің орындалмауы тау-кен өнеркәсібіндегі өндіріс қарқынының төмендеуімен, «ҚТЖ ҰК» АҚ жылжымалы құрамының тапшылығымен, өңірдегі жүйелік маңызды кәсіпорындардың өнімдерін өткізу проблемасы пайда болды. Сонымен қатар өндірістегі апаттылықтың жоғары деңгейі және индустрияландыру карталары аясындағы жобаларды іске қосуды 2015 жылдан 2016 жылға ауыстыру, ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін қолайсыз ауа райы жағдайлары, бірқатар ірі сауда кәсіпорындарының жабылуымен, ұлттық валюта бағамының өзгеруіне байланысты халықтың сатып алу қабілетінің құлдырауы импорттық тауарларға және өндірісінде импорттық шикізат пайдаланылатын өнімдерге бағаның өсуіне әкелді [148].

«Әлеуметтік сала» бағыты 8 бағытты қамтиды: Білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, мәдениет және тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт, туризм, ішкі саясат, Жастар саясаты, қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп [143, с. 120].

Денсаулық сақтау саласында Қарағанды облысының 5 жылы ішінде даму бағдарламасын іске асырудың бірінші кезеңінің (2011-2013) ішінде әлеуметтік маңызы бар аурулардан түсетін ауыртпалықты азайту және облыс халқының орташа өмір сүру ұзақтығын 70 жылға дейін ұлғайту көзделді.

Алайда, I кезеңде бұл мәселе шешілмеді. Кейіннен Даму бағдарламасына

өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, «Халықтың өмір сүру ұзақтығы 2015 жылы» нысаналы индикаторы 68,5 жасқа жетті, бағдарламаны іске асырудың екінші кезеңінде (2014-2015) бұл көрсеткішке қол жеткізілді 2015 жылдан бері 70,9 жылды құрады [148].

Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласындағы негізгі міндеттердің бірі – «Әйелдер мен балалардың денсаулығын нығайту» Даму бағдарламасының аяғына дейін шешімін таппаған. Мәселен, 2011 жылы Даму бағдарламасында «2015 жылға қарай ана өлімінің 100 мың тірі туылғанға шаққанда 20,0-ге дейін төмендеуі» көретілді, нысаналы индикаторда 27 болып белгіленді. Ресми статистика бойынша бұл көрсеткіш: 2011 жылы – 12,4, 2015 жылы – 32,7 болды. Бұл даму бағдарламасы жыл сайын түзетіліп отырды бірақ жоғарыда көрсетілгендей кейбір индикаторлық көрсеткіштердің дұрыс жоспарланбағанын тәжірибие байқатты. «бала өлімі көрсеткішін тұрақтандыру және 0-ден 5 жасқа дейін 1000 тірі туғандарға шаққанда төмендету» нысаналы индикаторына келсек, даму бағдарламасында ол 2011 жылы – 13,49, ал 2015 жылы -14,7 құрады, яғни индикатор бойынша бұл көрсеткіш өсуі тиіс еді. ал ресми статистикаға келсек, ол: 2011 жылы -11,01, 2015 жылы - 8,61 азайды [129; 143, с. 125].

Білім беру саласында Даму бағдарламасын іске асырудың 5 жылы ішінде мектепке дейінгі ұйымдар желісін сақтау және кеңейту және 5-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі дайындықтың қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілді. Бағдарламаны іске асыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар желісі 16 бірлікке ұлғайтылды, алайда «балаларды (3-6 жас) мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту» нысаналы индикаторына (нысаналы индикатордың төмендеу жағына қарай өзгеруіне қарамастан) 93,7%-ні құрап, жоспардағы көрсеткішке қол жеткізілген жоқ [143, б. 3-126; 154].

Қоғамдық қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласында Даму бағдарламасы жүзеге асырылған 5 жыл ішінде мәселелер толық шешілмей, қылмыстың өсуіне әсер етті. Қылмыс жасаған адамдардың санының өсуі аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауын көрсетеді және бұл проблема басқа салалармен де байланысты.

Осы, талдау «Әлеуметтік сала» бағыты бойынша бірқатар көрсеткіштердің орындалмауы келесі проблемалармен байланысты екенін көрсетті:

- көрсеткіштерді дұрыс жоспарламау;
- бағдарлама деректерінің ресми статистика деректерімен сәйкес келмеуі;
- жүктілікке, босануға және босанғаннан кейінгі кезеңге байланысты емес аналардың соматикалық аурулары;
- жасы немесе кәрілігі бойынша, жарақаттанудан және жазатайым оқиғалардан болатын өлім-жітімнің ұлғаюымен;
- кейбір мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік мекеменің жабылуымен;
- қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау саласындағы есепке алу-тіркеу рәсімі бойынша талаптарды қатаңдату және т.б. [148].

Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған екінші

бағдарламасы [133, б. 47] «Мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» ҚР Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы №827 [144] Жарлығын, «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы Жарлығына сәйкес әзірленді 931 [145] және облыстық мәслихаттың ХІ сессиясының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 453 шешімімен бекітілген.

Талдау көрсеткендей, 2016-2020 жылдар аралығында Қарағанды облысы мәслихаты сессияларының шешімдерімен Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен көрсеткіштерінің базалық тізбесіне сәйкес бағыттарды, мақсаттар мен нысаналы индикаторларды нақтылау бөлігінде өзгерістер енгізілді (17-кесте).

Кесте 17 – Қарағанды облысының 2016-2020 жылдарға арналған Даму бағдарламасының көрсеткіштері, бірлік

Атауы	2016 жыл		2017 жыл		2018 жыл		2019 жыл		2020 жыл	
	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт
Бағыттар	6	6	5	5	6	6	3	3	3	3
Мақсаттар	28	28	29	29	29	29	22	22	22	22
Нысаналы индикаторлар	124	113	148		126	109	51	40	51	51
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [133, б. 40; 155-157]										

17-кестеден көріп отырғанымыздай, Даму бағдарламасының 5 жылында барлық сандық көрсеткіштер төмендеді: аудандар бойынша – 2 есе (2016 жылы: Экономика, әлеуметтік сала, қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп, инфрақұрылым, экология және жер ресурстары, мемлекеттік қызмет көрсету, 2020 жылы: экономика, әлеуметтік сала, инфрақұрылым), мақсаттар бойынша – 1,3 есе, нысаналы индикаторлар бойынша – 3 есеге жуық.

Қысқартулар бойынша: 2015 жылы базалық көрсеткіштердің саны – 81 болған еді, ал 2019 жылы көрсеткіштердің базалық тізбелеріндегі өзгерістерге байланысты олардың саны - 16 болды. Сондай-ақ, «көрсеткіштердің базалық тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы №104 бұйрығында «ЖАО-дың орталық мемлекеттік органдардың келісімінсіз 10 индикаторға дейін дербес қосуға жол берілетіні» атап өтілді. Алайда, 2020 жылғы даму бағдарламасының талдауы нысаналы индикаторлардың саны осы талаптан 2 есеге жуық асатынын және тізбенің 4 нысаналы индикаторы бағдарламада көрсетілмеген. (ЖӨӨ-нің нақты көлемінің индексі; құрылған жұмыс орындарының саны; сыбайлас жемқорлық деңгейі; өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес ауылдық елді мекендердің әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі) [158].

Жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізуге келетін болсақ, 17-кестеден көрініп тұрғандай, нысаналы индикаторлардың азаюына қарамастан, қол жеткізілмеген көрсеткіштердің үлес салмағы жыл сайын өсуде: 2016 жылы –

8% және 2020 жылы 11,8% дейін азайды

Тұтастай алғанда, бағдарлама құрылымы Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарына, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасына, мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын және аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемеге сәйкес келеді [159]. Алайда, бұл Даму бағдарламасында нәтиже көрсеткіштері жоқ, бірақ 2018 жылғы әдістемеде оның жоқ екені бұл элемент алынып тасталмаса да, екені назар аударарлық.

Қарағанды облысының даму бағдарламасының мақсаттары Елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасының [82], Қарағанды облысының 2016-2020, 2017-2021, 2019-2023, 2020-2024 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізгі бағыттарымен сәйкес келеді [160].

2015 жылы бекітілген Қарағанды облысының даму бағдарламасының бастапқы нұсқасында іс-шараларды іске асыруға барлық көздер есебінен қаржыландыру 1 191 277 теңге көлемінде болжанған болатын. Бағдарлама мен іс-шаралар жоспарына енгізілетін барлық өзгерістерді ескере отырып, сома 32,5%-ға қысқарып, 803 902,8 млн. теңгені құрады (18-кесте).

Кесте 18 – Қарағанды облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыруға арналған шығыстар құрылымы (млн. теңге)

Жылдар	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Басқа көздер	Барлығы	% игеру
2016	33145,7	24011,4	70810,8	127 967,9	110,3
2017	51337,5	42446,6	9958,7	103 742,9	99,2
2018	43893,8	50368,8	56281,0	150 543,6	98,8
2019	63922,6	58707,7	65941,5	188 571,8	97,3
2020	73568,7	64148,7	65770,0	233 487,4	90,5
Қаражаттың жалпы көлемінің үлесі, %	33,0	33,6	33,4	-	-
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [161, 162]					

Талдау көрсеткендей, 5 жыл ішінде игеру пайызы жоспарлы көрсеткішке 99,2% құрады. Қарағанды облысының Тексеру комиссиясының және «Қарағанды облысы әкімінің аппараты» ММ деректері бойынша талданатын кезеңде бюджет қаражатының толық игерілмеуі Мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеумен түсіндіріледі: пандемияға байланысты енгізілген шектеу шараларымен, Мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеумен, бюджетті нақтылау кезінде алып тастаумен, мердігер ұйымдардың жұмыс кестесінен артта қалумен, инвестициялық жобаларды 2021 жылға ауыстыру мен байланысты.

Толығырақ талдау үшін 2020 жылы бекітілген Қарағанды облысының 2016-2020 жылы қайта бекітілген даму бағдарламасы таңдалды [157, б. 8].

«Экономика» бағыты 6 саланы қамтиды: өңірлік макроэкономика, өнеркәсіп және инвестициялар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, Мемлекеттік сатып алудағы жергілікті қамту, агроөнеркәсіптік кешен, шағын және орта

бизнес және 8 мақсатты: Өңір экономикасының орнықты дамуы; өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін әртараптандыру және арттыру; инвестициялық ахуалды, инновациялық дамуды жақсарту; басқа өңірлермен өңіраралық байланыстарды нығайту; Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы инвестициялар тарту; жергілікті қамтуды дамыту; агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау; өңірде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту [157, б. 39].

Осы бағыт бойынша талданатын кезеңде бір нысаналы индикаторға қол жеткізілген жоқ:

Тау-кен өндіру өнеркәсібі өнімдерін шығару және карьерлерді игеру НКИ (жоспар – 104, факт - 97,9)-тау-кен-геологиялық жағдайлардың себептері бойынша сат көмір кенішінде, «Сарыарқа ENERGY» ЖШС шахталарында көмір өндіруді 3,1%-ға төмендеді.

«Әлеуметтік сала» 6 бағытты қамтиды:

- білім беру;
- денсаулық сақтау;
- еңбек және халықты әлеуметтік қорғау;
- мәдениет, спорт және туризм;
- үштілділік;
- қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп.

Сонымен қоса 9 мақсат алға қойылды:

- білім сапасы мен қолжетімділігін арттыру, білім беруді дамыту;
- денсаулық сақтау жүйесі және халықтың денсаулығын жақсарту;
- жұмыспен қамтуды және азаматтарды әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету;
- мәдени кеңістікті қалыптастыру;
- дене шынықтыру және бұқаралық спортты дамыту;
- Қарағанды облысында туризм саласын дамыту,
- үштілділікті дамыту;
- халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- техногендік және табиғи апаттар, кезінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Талданып отырған кезеңде осы салада төрт нысаналы индикаторға қол жеткізілмеді:

– PISA тестінің нәтижелері бойынша мектептегі білім беру сапасын бағалау (жоспар – математика (501), оқу (468), ғылым (493); факт – 0 - COVID-19 пандемиясына байланысты кейінге қалдырылды;

– дуальды оқытумен қамтылған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыларының үлесі (жоспар – 12,5; факт – 8,9) – индикаторға қол жеткізбеу пандемия кезеңінде короновирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шектеу шараларына байланысты. Кәсіпорындар мен ұйымдардың бір бөлігі өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болды, нәтижесінде 2020 жылы дуальды оқыту туралы шарттар жасасудан бас тартылды;

– ана өлімі (100 мың тірі туылғандарға шаққандағы жағдайлар саны):

2016 – 14,4; 2018 – 13,25; 2019 – 27,09; 2020 (жоспар 12,3, факт-51,5) - жүктілікке, босануға және босанғаннан кейінгі кезеңге байланысты емес соматикалық ауруларға; ұрпақты болу жасындағы әйелдердің денсаулығының төмендігіне; репродуктивті жастағы әйелдердің денсаулығының төмендігі; фертильді жастағы әйелдерді тиімсіз медициналық тексеру;

– нәресте өлімі (1000 тірі туғандарға шаққандағы жағдайлар саны): 2020 жылы (жоспар 7,69, нақты – 8,4) – перинаталдық себептер бойынша: жүктілік кезіндегі бақылауға, босануды басқаруға байланысты себептер, сондай-ақ туа біткен даму ақауларынан болатын өлім.

Төменде Қарағанды облысының 2016-2020 жылдарға арналған Даму Бағдарламасының 2020 жылы іске асырылуына талдау келтірілген (19-кесте).

Кесте 19 – Қарағанды облысының 2019 жылғы даму бағдарламасының көрсеткіштері

Бағыттар	Мақсаттар, бірлік		Нысаналы индикаторлар, бірлік		Тиімділік, % (бағ.5/бағ.4)	Қаражатты игеру %	Тиімділік, % (бағ.6/бағ.7)
	жоспар	факт	жоспар	факт			
Экономика	8	8	21	20	95	101,9	93,2
Әлеуметтік сала	9	9	20	16	80	96,7	82,7
Инфрақұрылым	5	5	10	7	70	88,9	78,7
Барлығы	22	22	51	35	68,6	97,3	84,9

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [161; 162, б. 18]

19-кестеден көріп отырғанымыздай, бағыттар бойынша өнімділік көрсеткіші 70-тен 95-ке дейін, тиімділік көрсеткіші 78,7-ден 93,2-ге дейін. Яғни, «орташадан жоғары»деп бағалауға болады.

Осылайша, талдау Қарағанды облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы бойынша бірқатар көрсеткіштердің төмендегі себептерге байланысты орындалмағанын көрсетті:

- көрсеткіштерді дұрыс жоспарламау;
- бағдарлама деректерінің ресми статистика деректерімен сәйкес келмеуі;
- өнеркәсіптік өнім өндірісін қысқаруы;
- тауарлардың шикізаттық емес экспортының көлемінің төмендеуі;
- АҚ «Qarmet» (бұрынғы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ)-дағы апат салдары;
- облыстың астық егетін аудандарында қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлар;
- перинаталдық себептер;
- фертильді жастағы әйелдерді тиімсіз медициналық тексеру;
- коронавирустық инфекция және т.б.

Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы №589 XLIV сессиясының шешімімен Қарағанды облысын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған үшінші бағдарламасы бекітілді [163]. Бұл бағдарлама Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен

кейін (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №99 қаулысымен), яғни мемлекеттік құжаттардың архитектурасын өзгерткеннен кейін 1 жыл қолданылды. Жоспарлау жүйесі, аумақтарды дамыту бағдарламасы Қарағанды облысының даму жоспарына қайта форматталды [164] (20-кесте).

Тиісінше, МЖС құжаттарын әзірлеу, мониторингілеу, енгізу, бағалау және бақылау әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы №93 бұйрығы қабылданды [165].

2021-2025 жылдарға арналған жаңа Бағдарламада 10 нысаналы индикатор бұрынғы бағдарламаларда көрсетілмеген жаңа көрсеткіштер болып табылады.

Осылайша, 2021 жылы іске асыруға көзделген 26 нысаналы индикатордың 20-сына (76,9%) қол жеткізу қамтамасыз етілді, 6-ауына (23,1%) қол жеткізілмеді.

Өңірлерді дамыту жоспары халық санын тұрақтандыруды қамтамасыз етуге, өмір сүру сапасын жақсартуға, инвестициялар тарту, бизнес жүргізу және кәсіпкерлік белсенділік үшін жағдай жасауға бағытталған [164].

Көрініп тұрғандай, 2021-2025 жж. даму жоспарының және Қарағанды облысының 2021-2025 жылдарға арналған Даму бағдарламасының бағыттары мен мақсаттары бір-бірінен мүлдем айрықшаланбайды, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының [101] «Қуатты өңірлер және урбанизация» 5-ші реформасының басымдықтарына, «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарының» [2] негізгі бағыттарына, ұлттық жобаларға сәйкес келеді.

Көлемі бойынша жоспар 9 бағытты, 16 мақсатты, 124 нысаналы индикаторды, оның ішінде 20 стратегиялық көрсеткіштер картасының, 102 ұлттық жоба индикаторын, оған қосымша 4 индикаторды қамтиды. жаңа құжатта даму жоспарының нысаналы индикаторларының саны қарағанды облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының нысаналы индикаторларымен салыстырғанда бір шама жоғары болып табылады. сондай-ақ, өңірдің дамуын сипаттайтын макроиндикаторлар қаржылық шығыстар нысаналы индикаторлар мен өзара байланысты көрсетілген.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 136-тармағына сәйкес Өңірді дамыту жоспары Стратегиялық көрсеткіштер картасында және республикалық жобаларда көзделген тиісті облысқа белгіленген көрсеткіштерді қамтуға тиіс.

Ал, 137-тармаққа сәйкес «ЖАО бастамасы бойынша облыстың даму жоспарын іске асырудың нысаналы индикаторлары ретінде өңірдің ерекшелігін ескеретін қосымша индикаторлар мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарында өңірге бекітілген индикаторлардың 20%-нан аспайтын мөлшерде енгізілуі мүмкін» [94].

Кесте 20 – Қарағанды облысының 2022 жылғы даму жоспары бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізу

Нысаналы индикаторлардың атауы (қол жеткізілмегені)	2022 жыл		Қол жеткізбеу себептері
	жоспар	факт	
1	2	3	4
1. Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы, мың шаршы метр	600	597	2022 жылы 597,232 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, 2021 жылға қарай 2,6% өсіммен, спутниктік қалалардағы коммерциялық тұрғын үй көлемінің төмендеуіне байланысты орындалмады: Саран-61%, Теміртау - 52,1%, Шахтинск - 2021 жылға қарай 58,7%.
2. Жеке, мүліктік және қоғамдық қауіпсіздікті сезіну, %	67,9	60,7	ОМО мен ЖАО қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі шеңберінде ҚР жоғары аудиторлық палатасы жүргізетін әлеуметтік сұрақтың қорытындысы бойынша қалыптастырылады
3. Халықтың экологиялық өмір сапасына қанағаттану деңгейі, %	49,0	0	ОМО мен ЖАО қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі шеңберінде ҚР жоғары аудиторлық палатасы жүргізетін әлеуметтік сұрақтың қорытындысы бойынша қалыптастырылады
4. Халықтың мектепке дейінгі және орта білім беру сапасына қанағаттану деңгейі, %	71,5	59,3	ОМО мен ЖАО қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі шеңберінде ҚР жоғары аудиторлық палатасы жүргізетін әлеуметтік сұрақтың қорытындысы бойынша қалыптастырылады
5. Медициналық мекемелер ұсынатын медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне халықтың қанағаттану деңгейі, %	70,8	56,7	ОМО мен ЖАО қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі шеңберінде ҚР жоғары аудиторлық палатасы жүргізетін әлеуметтік сұрақтың қорытындысы бойынша қалыптастырылады
6. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмектің жалпы көлемінде амбулаториялық деңгейде медициналық көмек көлемін кеңейту, %	63	58,8	Жыл сайын амбулаториялық-емханалық көмек деңгейінде қаржыландыру ұлғаяды, қаржыландыру көлемін «ӘМСҚ» КЕАҚ айқындайды. Ағымдағы жылы амбулаториялық деңгей көлемінің 63% жоспарымен 58,8% көлемінде қаржыландыру анықталды. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді. 2022 жылға бөлінген сома 96,1 млрд.теңгені (58,8%) құрайды.
7. Жүкті әйелдерді жеке және пәнаралық босанғанға дейінгі бақылаумен қамтуды ұлғайту, %	82	81,84	Жүкті әйелдердің уақтылы емделмеуі
8. Мәдениет объектілерінің құрылысы, бірлік	1	0	«Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы аясында Абай ауданы Құрма ауылының ауылдық клубын қайта жаңғыртуды аяқтау жоспарланды (ауыспалы жоба 2021 жылдан бастап). 2022 жылғы 09 қыркүйекте құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты ЖСҚ-ның ведомстводан тыс кешенді сараптамасының



20-кестенің жалғасы

1	2	3	4
			түзетудің қорытындысы бойынша алынды.
9. Суды үнемдеу технологияларын қолдана отырып, жер көлемі (тамшылатып суару, бүрку) (агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ұлттық жобаның көрсеткіші), мың га	38,85	26,3	Облыс бойынша барлығы 87 мың га суармалы жер бар, оның ішінде АШТӨ-ге 64,7 мың га (74,4%) бекітілген. 26,3 мың га (40,6%) пайдаланылады. 2022 жылы суармалы жерлердің ауданы 3,4 мың гектарға ұлғайтылды. Азиялық Даму Банкінің қаражаты есебінен 27,9 мың гектар суармалы жерлерді қосымша қалпына келтіруге жоспарланған "суармалы жерлерге арналған ирригациялық желілерді жаңғырту" жобасы қаражаттың болмауына байланысты тоқтатылды. Бүгінгі таңда АШТӨ өз қаражаты есебінен қажет болған жағдайда ирригациялық желілерді жаңғыртуды жүргізуде.
10. Құс етін өндіру (салмақ) (агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ұлттық жобаның көрсеткіші), мың тонна	13,4	9,7	Орындалмау себебі құс етін өндіруге, оның ішінде жем мен ветеринария, ЖЖМ, электр энергиясы мен биопрепараторлардың қымбаттауына байланысты.
11. Ауыл шаруашылығына негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі, млрд. теңге	38,1	28,3	Ресейден, ҚХР-дан, Беларусьиядан әкелінген ауылшаруашылық техникаларының, қосалқы бөлшектердің қымбаттауына байланысты. Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына 28,3 млрд. теңге бағытталды, инвестициялардың НИК өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 88,5% құрады.
12. Негізгі капиталға тамақ өнімдерін өндіруге тартылған инвестициялар көлемі, млрд. теңге	2,9	2,0	Орындалмауы Ресейден, ҚХР-дан, Беларусьиядан әкелінген жабдықтардың, қосалқы бөлшектердің қымбаттауына байланысты
13. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және АӨК саласын дағы мамандардың, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредиттер алған, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мемлекеттік қызметшілерінің саны, мамандар саны	281	215	Республикалық бюджетті нақтылау кезінде Үкіметтің 17.11.2022 жылғы №921 және 19.12.2022 жылғы №1025 қаулыларымен жоспар 214 адамға түзетілді. Себебі - тұрғын үйдің жоғары құны, осыған байланысты мамандардың бюджеттік кредиттеуден бас тартуы. 67 адамға арналған жоспар орындалмады, оның ішінде: Абай ауданы-34-жоспар, 33-факт, Бұқар Жырау ауданы-49-жоспар, 9-факт, Нұра ауданы-41-жоспар, 30-факт, Осакаров ауданы-60-жоспар, 45-факт

20-кестенің жалғасы

1	2	3	4
14. Жылу мен суды есепке алудың жалпыүйлік аспаптарымен қамтамасыз ету деңгейі, %	75	47,4	СЖҮҚ - ді орнатуды көрсетілетін қызметті берушілер қайтарымды негізде қарыз қаражаты есебінен жүргізеді, алайда көрсетілетін қызметті берушілер 2022 жылы СЖҮҚ-ны сатып алған жоқ.
15. ЖАО жұмысының сапасына қанағаттану деңгейі %	67	39,6	ОМО және ЖАО қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі шеңберінде ҚР жоғары аудиторлық палатасы жүргізетін әлеуметтік сұрақтың қорытындысы бойынша қалыптастырылады
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [166]			

Төменде Қарағанды облысының 2021-2025 жылдарға арналған 2022 жылға арналған даму жоспарын іске асыру жөніндегі деректер келтірілген (20-кесте):

2022 жылға 120 нысаналы индикатордың 15-іне (13,3%) қол жеткізілмеді.

Басқару мақсаттары SMART (Specific, Measurable, Achievable, Relevant, Time bound) болуы керек, яғни нақты, өлшенетін, қол жеткізуге болатын, орынды және уақытқа байланысты болуы керек. Бұл басқаруды жүзеге асырудың қажетті шарты. Бірақ бұл талаптар Операциялық мақсаттарға қатысты тұжырымдалғанын атап өткен жөн.

Бастапқы мақсат қою кезеңінде тұжырымдалған стратегиялық мақсаттар, әдетте, кез-келген сұрақты немесе мәселені шешу болып табылады. Сондықтан олар әдетте SMART критерийлеріне сәйкес келмейді-олар сапалы және ұзақ мерзімді (көбінесе белгісіз) сипатқа ие [167].

Осы тұрғыдан алғанда, Қарағанды облысының бағдарламалық құжаттарының мақсаттарын талдау мынаны көрсетті: бағдарламалық құжаттардағы мақсаттар стратегиялық сипатта, нысаналы индикаторлар SMART өлшемдеріне сәйкес келеді.

Алайда, талдау барлық мақсаттар мен нысаналы индикаторлардың мәлімделген бағыттарға жауап бермейтінін көрсетті, мысалы: Қарағанды облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарында «сапалы әлеуметтік сала және әлеуметтік кәсіпкерлік» 3-бағыты көрсетілген, осы бағытқа мынадай мақсаттар айқындалған: «білім беру сапасын арттыру», «медициналық инфрақұрылымды дамыту және медициналық инфрақұрылымның сапасын арттыру» «әлеуметтік кәсіпкерлік» бағытының 2-ші бөлігі мәлімделген мақсаттардың ешқайсысымен қамтылмаған.

Бұдан әрі: 8 «қамтамасыз етілген ауыл: кооперация, индустрияландыру және цифрландыру» бағытында 14 «АӨК салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру» мақсаты айқындалды және нысаналы индикатор ретінде «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы», Ұлттық жобасынан өңірдің ерекшелігін ескермей декомпозицияланған «алма өндірісі» [168].

Біз Қарағанды облысында іске асырылған стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың артықшылықтары мен кемшіліктерін жүйелілік (21-кесте).

Белгіленген нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған басқару әрекеттерінің белгілі бір тізбесі емес, дамуды процесс және жиынтық әсерлердің нәтижесі ретінде қарастыруға бағытталған бұл пікірдің теориялық өңделуіне қарамастан, нақты басқару іс-әрекетінде бұл көзқарастар жиі аралас болып шығады.

Нәтижесінде көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатқа айналады, сапаны жақсарту және қол жеткізілген мақсаттар мен нәтижелер туралы есеп беру арқылы оң даму өзгереді.

Кесте 21 – Қарағанды облысында іске асырылған стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері	Факторлар
1	2	3
Көп жағдайда жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу	Өңірдің бағдарламалық құжаттарының логикалық реттілігі жеткіліксіз	Мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруда көптеген түзетулер мен сабақтастықтың болмауы
Бағдарламалық құжаттардың өнімділік көрсеткіші орташадан жоғары	АДБ мен бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдарды үйлестірудің өзара іс-қимылының болмауы	Қаржы ресурстары шектеулі болған жағдайда нысаналы индикаторлардың жоспарлы мәндерін, бюджеттік мүмкіндіктерге байланысты нәтижелер көрсеткіштерін қысқартуға әкеп соғатын даму басымдықтарының дұрыс орналастырылмауы
Негізгі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге, халықтың өмір сүру деңгейі мен жұмыспен қамтылуын арттыруға, өңірлердің өндірістік, еңбек және зияткерлік әлеуетін нығайтуға бағытталған	іс-шаралар мен нысаналы индикаторлардың нақты орындалуы бөлігінде сәйкессіздіктер болатын АДБ іске асыру нәтижелері бойынша анық емес және толық емес ақпарат	Елдің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерін индикаторлар ретінде бекіту (ЖІӨ өсуі, жұмыссыздықтың төмендеуі, экономиканың шикізаттық емес секторының өсуі, шикізаттық емес экспорт), оларға бағдарламалық құжаттан туындамайтын сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді
	бағдарламаларды әзірлеушілерде кәсіби құзыреттіліктің болмауы, бұл көрсеткіштерді сапасыз талдауға және жоспарлауға, кейбір бағдарлама деректерінің ресми статистика деректерімен сәйкес келмеуіне әкеледі	бағдарламалық құжаттарды сапасыз әзірлеу; бағдарламаны әзірлеу тәжірибесі мен әзірлеушілердің біліктілігінің жеткіліксіздігі
	көрсеткіштердің базалық тізбесіне жиі өзгерістер енгізу («жоғарыдан төменге» басқару моделі)	сапасыз зерттеу жүргізу және ғылым өкілдерін тарта отырып бағдарламаны іске асырудың тиісті саласының жай күйі мен даму үрдістерін талдау
	мемлекеттік жоспарлау жүйесінің нәтижелілігі мен тиімділігі, сенімділігі мен шынайылығы қағидаттарын сақтамау	Орталыққа тәуелділік, көптеген көрсеткіштер аймақтың ерекшелігін ескермей жоғарыдан түседі
	бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан АДБ іске асыру бөлігінде	функцияларды анықтаудың анықтығының болмауы іс-шараларды іске асыруға жауапты мемлекеттік

21-кестенің жалғасы

1	2	3
	нормативтік құқықтық актілерді зерделеудің жеткіліксіздігі және бағдарлама үйлестірушісі тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі	органдардың бөлімшелері
	іске асыру туралы есепті көрнекі түрде ұсыну, бұл орындаушылардың деректері мен тексеру комиссиясының есептерінің сәйкессіздігіне әкеледі бағдарламаларды іске асыру туралы ақпараттың жеткіліксіз қолжетімділігі ресурстарға шектеу және Орталыққа тәуелділік	Мемлекеттік сатып алу бойынша тендерді уақтылы өткізбеу немесе болмауы бағдарламалардың әкімшілері қызмет көрсетулерді іс шараларды іске асыру мерзімдерін сақтамауға және жалпы бағдарламалар
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [169, 170]		

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, облыстың барлық жылдардағы АДБ/даму жоспарын әзірлеудің жүйелік проблемаларына мыналарды жатқызуға болады:

- АДМ үйлестірушісі мен бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдардың өзара үйлесімді іс-қимылының болмауы;
- өңірдің ерекшелігін ескермей, жоғары тұрған құжаттардан нысаналы индикаторлардың ыдырауы;
- іс-шаралар мен нысаналы индикаторлардың нақты орындалуы бөлігінде сәйкессіздіктер болатын АДБ іске асыру нәтижелері бойынша анық емес және толық емес ақпарат;
- бағдарламаларды әзірлеушілерде кәсіби құзыреттіліктің болмауы, бұл көрсеткіштерді сапасыз талдауға және жоспарлауға, кейбір бағдарламалардың ресми статистика деректерімен сәйкес келмеуіне әкеледі;
- көрсеткіштердің базалық тізбесіне жиі өзгерістер енгізу ("жоғарыдан төменге" басқару моделі);
- мемлекеттік жоспарлау жүйесінің нәтижелілігі мен тиімділігі, шынайылығы мен қағидаттарын сақтамау;
- бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тарапынан АДБ іске асыру бөлігінде нормативтік құқықтық актілерді зерделеудің жеткіліксіздігі және бағдарлама үйлестірушісі тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі;
- іске асыру туралы есепті әшекейленген түрде ұсыну, бұл орындаушылардың деректері мен тексеру комиссиясының есептерінің сәйкессіздігіне әкеледі;
- бағдарламаларды іске асыру туралы ақпараттың жеткіліксіз болуы және басқалар.

### **2.3 Қарағанды өңірін стратегиялық басқарудағы жергілікті мемлекеттік билік органдары қызметінің тиімділігін талдау**

Аймақтық деңгейдегі стратегиялық басқару жүйесі басқарудың барлық деңгейлерін және олардың өкілеттіктеріне сәйкес барлық басқару органдарын қамтиды. Билікті бөлудің конституциялық принципі оның тек орталық билік органдарында ғана емес, аумақтық деңгейде де жұмыс істеуін болжайды.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы [171] осы үрдісті жалғастырды. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар билік тетігінің әртүрлі жақтарында орналасқан, алайда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 85 – бабына сәйкес, жергілікті мемлекеттік басқарудың құрамдас бөліктері бола отырып, олар, сайып келгенде, бірдей мақсаттар мен міндеттерді-аумақтардың тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуді көздейді [172].

Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды, ал әкімдер аумақта міндетті күші бар шешімдер мен өкімдер шығарады [173].

Жергілікті өкілді органдардың құзыретінің субъектілері: жергілікті бюджет, аумақтың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарлары мен

дамудың әр түрлі мәселелері бойынша кешенді және мақсатты бағдарламалар, құқықтық тәртіп пен азаматтардың құқықтарын сақтау, ұйымдық және кадрлық жергілікті маңызы бар мәселелер және т.б. Себебі, Қазақстан Республикасының Конституциясы істің жай-күйі үшін жауапкершілікті жергілікті өкілді органдарға да, бір аумақта орналасқан жергілікті атқарушы органдарға да жүктеген болатын [171; 173].

Бұл ретте жергілікті мемлекеттік басқаруды реттейтін заң бойынша өкілді және атқарушы органдардың өкілеттіктері қатаң шектелген. Бұл органдардың әрқайсысы бір-бірінің құзыретіне сәйкес келмейді. Жергілікті өзін-өзі басқарудың функцияларын мәслихатқа беру оның атқарушы органға айналуына және өкілді демократия институты мәртебесін жоғалтуына әкелмейді. Бұл институттардың болуы аумақ тұрғындарының қажеттіліктерін сапалы жоғары деңгейде шешуге және қоғамдық таңдау барысында олардың ұмтылыстары мен мүдделерін білдіруге мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес [171] мәслихаттарға атқарушы органдар әзірлеген бірқатар мәселелерді бекіту және бақылау жөніндегі өкілеттіктер тиесілі:

- тиісті аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту, оның ішінде бюджеттік бағдарламаларды бекіту;

- жергілікті бюджеттің, аумақтарды дамыту бағдарламаларының және т.б. атқарылуын бақылау.

Жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне мыналар жатады:

- аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

- коммуналдық меншікті басқару және т.б. [173].

Сонымен бірге, өкілді және атқарушы органдардың әкімшілік-аумақтық құрылым мәселесінде бірдей өкілеттіктері бар және бұл салада бірлесіп жұмыс істеуі керек.

Пәндік мәні бойынша ұйымдық-кадрлық, аумақты дамытудың экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешу, басқару, басқару және олардың деңгейлері мен субъектілері бойынша өкілеттіктерді ажыратуға болады.

Аумақ қызметінің әлеуметтік-экономикалық бағытының міндеттерін іске асыру өкілеттіктері облыстық бюджеттерді, аумақты дамыту бағдарламаларын, қызмет бағыттарының әртүрлі жоспарларын, оның ішінде жергілікті мемлекеттік органдарды ұстауға арналған шығыстар сметасын бекітуден тұрады. Сонымен бірге қоршаған ортаны сақтау шараларын бекіту, бақыланатын аумақта жұмыссыздық пен кедейшілікті төмендетуге бағытталған бағдарламаларды қарау және бекіту, жерді тиімді пайдалануға байланысты мәселелерді реттеу және т.б. да осыған кіреді.

Өкілді органның бақылау өкілеттіктері жергілікті қоғамдастық қызметінің салалары бойынша әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын,

әртүрлі қабылданған бағдарламаларды орындау, жергілікті бюджетті атқару, әртүрлі деңгейдегі мәслихаттардың құзыретіндегі мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органның есептерін тындау және олар бойынша қорытынды қабылдау сияқты мәселелерді қарауға бағытталған [174].

Басқару деңгейлері бойынша өкілеттіктер барлық деңгейдегі мәслихаттарға тиесілі және облыс мәслихаттарына, Қазақстан астанасы, республикалық және мәслихат мәртебесі бар қалаларға тән қосымша өкілеттіктерге, сондай-ақ аудандық (қалалық) мәслихаттың қосымша өкілеттіктеріне бөлінген.

Басқару субъектісі бойынша мәслихаттың алқалы орган ретіндегі өкілеттіктері, оның тексеру комиссиясының өкілеттіктерінен және мәслихаттың тұрақты комиссияларының өкілеттіктерінен ерекшеленеді. Мәслихат хатшысына, сессиясының төрағасына, депутаттарына белгілі бір өкілеттіктер беріледі.

Мәслихат өз өкілеттігі мерзіміне тұрақты комиссиялар құрады. Олардың саны жетіден аспауы керек. Қарағанды облыстық мәслихатында өңірді дамытудың мынадай бағыттары бойынша 5 тұрақты комиссия құрылған:

– бюджет және жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту туралы;

– құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология,

– өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, ауыл шаруашылығы және жер мәселелері;

– әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау;

– депутаттық өкілеттіктер, этика, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері.

22-кестеде облыстың стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын әзірлеу және іске асыру бөлігінде Қарағанды облысының стратегиялық дамуын басқару жүйесіне қатысушылар көрсетілген.

Жоғарыда көрсетілгендей, аумақтарды, оның ішінде Қарағанды облысын дамытуды стратегиялық басқарудың негізгі құжаты Қарағанды облысының даму бағдарламасы болып табылады.

Ұсынылған кестеге сәйкес, Қарағанды облысының экономика басқармасы мен қаржы басқармасы атынан атқарушы органдар АДБ әзірлеу және іске асыру процесіне негізгі қатысушылар болып табылады.

Атап айтқанда, Қарағанды облысының экономика басқармасы мемлекеттік жоспарлаудың өкілетті органы және облысты дамыту бағдарламасын, оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге, мониторинг пен есепті қалыптастыруға және т.б. жауапты болады.



Кесте 22 – Өңірдің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын әзірлеу және іске асыру бөлігінде Қарағанды облысының дамуын стратегиялық басқару жүйесінің қатысушылары

Қатысушылар	Функциялар
1	2
Қарағанды облысы әкімінің аппараты	<ul style="list-style-type: none"> <li>- облыс аумағында облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуге, мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылу барысын және әлеуметтік-экономикалық даму болжамын қамтамасыз етуге және бақылауға, өз құзыреті шегінде ұсыныстар әзірлеуге қатысу арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын іске асыруға қатысады;</li> <li>- Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын, оны іске асыру, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру тетіктері мен тактикасын жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуге қатысады және осы мақсатта облыс аумағындағы атқарушы билік органдарының қызметін талдауға, облыс әкімі мен әкімдігінің актілерін дайындауға, оларды қадағалауға ақпарат сұрату және уақтылы алу жолымен үйлестіруді жүзеге асырады, әлеуметтік-экономикалық жағдайды дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар мен болжамдарды орындау, қалыптастыру және т.б.</li> </ul>
Қарағанды облысының экономика басқармасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды және Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауын ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу және облысты дамытудың бес жылдық кезеңге арналған бағдарламасын әзірлеу;</li> <li>- облысты дамыту Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;</li> <li>- облысты дамыту Бағдарламасын іске асыру туралы есепті қалыптастыру және мониторингі;</li> <li>- жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау шеңберінде облысты дамыту бағдарламасының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және іске асыру жөніндегі қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды іске асыру;</li> <li>- жыл сайынғы негізгі нысаналы индикаторларға қол жеткізу бойынша облыс әкімінің Меморандумын қалыптастыру, талдау және іске асыру мониторингі және т.б.</li> </ul>
Қарағанды облысының қаржы басқармасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды және Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жолдауын ескере отырып, кірістер түсімдерінің болжамы, бюджеттің шығыс бөлігінің болжамында бес жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуге қатысу;</li> <li>- жоспарлы кезеңге арналған облыстық бюджетті әзірлеу;</li> <li>- әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асыруға, оның ішінде бюджеттік инвестициялар, МЖӘ жобалары бойынша, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына сәйкестікке бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын қарау;</li> </ul>

22-кестенің жалғасы

1	2
	<ul style="list-style-type: none"> <li>- бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері мен бюджеттік бағдарламалар жобаларын қарау;</li> <li>- облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, жоспарлы кезеңге арналған жергілікті бюджеттің кіріс бөлігін болжау және т.б.</li> </ul>
Қарағанды облысының мәслихаты	<ul style="list-style-type: none"> <li>- облыстың даму жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың орындалуы туралы есептерді бекіту;</li> <li>- жергілікті бюджеттің, облыстың даму бағдарламаларының орындалуын бақылау;</li> <li>- облыстың тексеру комиссиясы бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау;</li> <li>- қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту</li> </ul>
Қарағанды облысының тексеру комиссиясы	<p>тиімділік аудиті:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- есепті қаржы жылы үшін жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті дайындай отырып, ҚР Бюджеттік жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлау және атқару;</li> <li>- жергілікті атқарушы орган мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономиканы немесе экономиканың жекелеген саласын, әлеуметтік және Мемлекеттік басқарудың басқа да салаларын дамытуға әсері;</li> <li>- тиісті бюджеттің атқарылуы және мемлекет активтерін пайдалану бөлігінде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру және т.б.</li> </ul>
Қоғамдық кеңестер	аумақтарды дамытудың стратегиялық жоспарлары мен бағдарламаларының; бюджеттердің, нысаналы индикаторларға қол жеткізу туралы есептердің, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларының; бағдарламалық құжаттардың, қоғамдық бақылау мен сараптама жүргізудің жобаларының орындалуын талқылау
Ғылыми қоғамдастық	Аумақты дамыту бағдарламасын талдау кезеңіне қатысу
Кәсіпкерлік субъектілері	АДБ талдау кезеңіне қатысу
Халық	Сауалнама (сауалнама) жүргізу арқылы АДБ талдау кезеңіне қатысу
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [175-180]	

Қарағанды облысы әкімі аппаратының функцияларына келетін болсақ, ол негізінен облыс әкімі мен әкімдігінің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, облыс әкімдігінің қызметін үйлестіруге және жетілдіруге байланысты. Сондай-ақ, Қарағанды облысы әкімі аппаратының Ережесіне [175] сәйкес органның функцияларының біріне Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын әзірлеуге қатысу кіреді. Дегенмен, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес өңірлік деңгейдегі стратегиялар әзірленбейтіні баршаға аян.

Мәслихат пен облыстың қоғамдық кеңесінің рөліне келетін болсақ, ол бақылау мен шектеліп, облысты дамыту бағдарламасының жобалары мен есептерін талқылау бөлігінде, жоғарыда аталған органдардың функцияларын қайталайды.

«Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысына 2021 жылғы 26 ақпанда 56-тармағына өзгеріс енгізілді. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі мемлекеттік органдар, мемлекет қатысатын заңды тұлғалар, қоғамдық, ғылыми және жеке ұйымдардың өкілдері, жеке тұлғалар болып табылады. Дегенмен, жеке ұйымдар, жеке тұлғалар осы процесте құжаттың 117 және 118-тармақтарында қоғам, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тарту туралы бір ауыз сөз айтылмаған.

Тек «Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын және аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемеді» [159] тұрғындар, кәсіпкерлік субъектілері және ғылыми қоғамдастық бағдарламаны әзірлеуді талдау кезеңіне: интерактивті семинарлар, атқарушы және заң шығарушы билік, кәсіпкерлік субъектілері, ғылыми қоғам; өкілдермен сұхбаттар өткізу сауалнамалар, халықтың және кәсіпкерлік субъектілерінің қалауын анықтау үшін интернет-технологияларды пайдалану арқылы қатысатыны көрсетілген.

Яғни, жоғарыда аталған субъектілердің АДБ әзірлеу және енгізу процесіне қатысуы негізінен декларативті сипатқа ие.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 125-тармағында 2021 жылғы 26 ақпандағы № 99 жаңа редакцияда [94] қатысушылар шеңберінің шамалы кеңеюі байқалады. Құжатта « облыс әкімінің шешімімен облыстың даму жоспарларын әзірлеу бойынша жұмыс тобы құрылуда..., қажет болған жағдайда орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, үкіметтік емес және ғылыми ұйымдардың өкілдерін, әртүрлі білім салаларының ғалымдары мен мамандарын, бизнес-қоғамдастықты тарта отырып, жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық кеңестердің өкілдерінен және мәслихат депутаттарынан қалыптастырылған» - деп жазылған.

Яғни, заңнамалық деңгейде жергілікті атқарушы және өкілді органдарды қоспағанда, өңірлік деңгейдегі мемлекеттік жоспарлау жүйесіне қатысушылар толық қарастырылмағанын айта кеткен жөн. Қаулыда мемлекет мүддесі,

кәсіпкерлік субъектілерінің және халықтың мүдделері көрсетілмеген.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, өңірлік дамуын стратегиялық басқаруда шешілмеген құқықтық мәселелер бар деп қорытынды жасауға болады:

1. «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысында «Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің процестеріне қатысушылар» ұғымы қарама-қайшы және түсініксіз айқындалған жалпы анықтама жоқ, оның орнына осы құжаттың 117 және 118-тармақтарында жергілікті мемлекеттік билік органдарының – мемлекеттік жоспарлау жүйесіне қатысушылардың жабық тізімі берілген.

Алайда, осы әдістемелерді енгізудің практикалық тәжірибесі көрсеткендей, қазақстандық бағалау әдістемесі мемлекеттік органдар ұсынған есептік деректерді талдау әдістерінің нәтижелілігі мен тиімділігінің қолда бар көрсеткіштері бөлігінде халықаралық деңгейге жақындағаны айқын болып отыр, бірақ бағалау нәтижелерін қолдану саласындағы халықаралық тәжірибе жеткіліксіз іске асырылуда. Осыған байланысты, әдістемені одан әрі жетілдіру дамудың жаңа жолдарын таңдау қажеттігін дәлелдейтін зерттеулердің нәтижелеріне негізделуі тиіс деп есептейміз. Бұл ретте ғылыми болжамдарды практикалық қолдану арқылы салыстыруға мүмкіндік беретін бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдардың ғылыми-зерттеу ұйымдарымен тығыз өзара іс-қимылы міндетті шарт болуы тиіс.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижесінде келесі тұжырымдар мен ұсыныстар жасауға болады:

1. Әлеуметтік-экономикалық жүйелерді стратегиялық басқарудың әртүрлі тұжырымдамаларының жағымды және жағымсыз жақтарын зерттеу аймақты стратегиялық басқару мәселесін зерттеу үшін жаңа мемлекеттік менеджмент тұжырымдамасы ең қолайлы болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұжырымдама:

1) мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының келісілуін қамтамасыз ету қажеттілігімен;

2) мемлекеттік басқару органдары қызметінің тиімділігімен;

3) қол жеткізілген нәтижелерге мониторингті, бақылауды және бағалауды тұрақты жүргізумен негізделген;

4) қойылған мақсаттар мен міндеттерді түзету және жоспарлар мен жобаларды өзгерту және т. б. мен негізделеді.

Стратегиялық басқару тұрғысынан аумақ, аймақ - әкімшілік-аумақтық бірлік, ол басқару объектісі ретінде әрекет ете отырып, аумақтық бірлікпен, даму мақсаттары мен міндеттерінің бірыңғай жүйесінің болуымен сипатталатын күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе болып табылады.

Аймақтың дамуын басқарудың стратегиялық тәсілін болашақта әлеуметтік-экономикалық жүйені дамыту жоспарланған бағдарламалар, принциптер, әдістер жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

2. Стратегиялық басқару стратегиялық жоспарды іске асыру құралы болып табылады. Барлық дамыған елдер Стратегиялық жоспарлау негізінде өз аумақтары мен экономикаларын дамытуға ерекше назар аударады.

Диссертациялық жұмыста Германия, Франция, Жапония, Қытай, АҚШ, Жаңа Зеландия, Ресей және Беларусьның тәжірибесі қарастырлады. Аталған елдердің көпшілігінде ғылыми ұйымдарды тарта отырып, орта мерзімді кезеңге арналған стратегиялық құжаттар (стратегиялар, өңірлік бағдарламалар, жобалар мен жоспарлар және т.б.) әзірленеді. Мысалы, Жапонияда өңірлік дамудың бағдарламалық құжаттары тиімді өсуді жеделдету үшін өңірлердің жауапкершілігін орталықсыздандыруға және арттыруға бағытталған. Аймақтар өз бетінше жоспарлайды және жұмыс істейді, ал ұлттық үкімет қолдау функциясын орындайды. Қытайда аймақтық және салалық жоспарлау маңызды рөлге ие бола бастады, сонымен қатар «экономикалық теңсіздік және біркелкі емес өсу» кеңістіктік саясаты қолданылды. Мемлекеттік жоспарлаудың қытайлық моделінде алпыс жыл бойы экономиканың жоғары өсу қарқынының тұрақтылығы байқалды.

АҚШ-та штаттардың стратегиялық жоспарлауда жоғары егемендігін атап өтуге болады. Федералды үкіметтің міндеттеріне артта қалған штаттарды мемлекеттік қаржыландыру арқылы олардағы өмірдің минималды стандарттарын қамтамасыз ету кіреді.

Жаңа Зеландияда нәтижелер бойынша бюджеттеуді енгізу арқылы бюджеттік процесті кезең-кезеңімен реформалау атап өтіледі. Бюджетті реформалау ауқымды қоғамдық секторды қолдау мақсатында бюджет

жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

3. Қазақстандағы аумақты дамытудың мемлекеттік стратегиялық басқару құралдарын талдау мыналарды көрсетті:

- Қазақстан өңірлерінің дамуын стратегиялық басқарудың бағдарламалық құралдарын дамытуды шартты түрде 3 кезеңге бөлуге болады: 1-кезең (1996-2011); 2-кезең (2011-2019); 3-кезең (2020 – қазіргі уақытқа дейін).

- Өңірлік даму бойынша тым көп құжаттардың болуы «стратегиялардың инфляциясына» әкеледі. Бұл бағдарламалар арасында байланыс орнатуды қиындатады және бағдарламалардағы саяси мақсаттар арасындағы үйлесімділіктің болмауына әкеледі;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі өңірлік даму саясатын әзірлеуге жауапты негізгі орган болып қала береді. Қазақстанның осы салада әзірлеуге, жоспарлауға, мониторингке және бағалауға көзқарасы тігінен бағдарланған күйінде қалып отыр. Қазақстан Үкіметі салалық жоспарларды тұжырымдайды және өңірлерден келетін бастаманы көтермелеудің орнына оларды іске асыру үшін экономика секторлары мен өңірлерді өзі айқындайды. Сонымен қатар, жергілікті экономикалық даму жоспарлары негізінен Ұлттық экономика министрлігі белгілеген даму көрсеткіштерімен анықталады.

4. Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау өңірде мынадай проблемалар бар екенін көрсетті:

– облыс тұрғындарының азаюы және қартаю үрдісі байқалады. Халықтың басым бөлігі Астана, Алматы қалаларына және оларға іргелес Ақмола және Алматы облыстарына кетеді;

– өнеркәсіпте кен орындары ресурстарының сарқылуы жағдайында өндіріс көлемінің төмендеу қаупі және олардың өндірістік қызметінің қысқаруы аясында жүйе құраушы кәсіпорындардан жұмыс күшін босату қаупі болуы мүмкін;

– агроөнеркәсіптік кешенде өндірістің салыстырмалы түрде төмен өнімділігі байқалады. Дайын ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құны жоғары;

– құрылыста кірпіш, құрылыс әйнегі мен ағаш материалдары, Құрылыс битумы, есік блоктары, керамикалық плиталар, кабельдік өнімдер, электрмен жабдықтау жабдықтары, сантехника мен желдету материалдары мен жабдықтары тапшылығы байқалады;

– Қарағанды облысының жергілікті бюджетінің жоғары тұрған бюджет трансферттеріне жоғары қаржылық тәуелділігі байқалады.

5. Қарағанды облысында соңғы 15 жыл бойы қабалданған дамыту, бағдарламаларының нәтижелігін талдау және оларды бағалау мынаны көрсетті: 2007 жылдан бастап Қарағанды облысында 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы әзірленіп, бекітілді. Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесіне көшуге байланысты ел деңгейінде «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясының» және өңірлер деңгейінде «аумақтық даму стратегиясының» күші жойылды және 2011 жылы «Елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы» және «Қазақстан Республикасының аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды

схемасы», аумақтарды дамытудың бес жылдық бағдарламалары сияқты жаңа құжаттар қабылданды. Жаңа құжаттарға көшудің себебі - орта мерзімді бюджетті жоспарлау көкжиегінің (3 жылға) және стратегиялардың сәйкес келмеуі.

2011 жылдан 2021 жылға дейін Қарағанды облысында аумақты дамытудың 2 бағдарламасы іске асырылды және қазіргі уақытта Қарағанды облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары іске асырылуда. Жалпы, бағдарламалар/жоспарлар негізгі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге, халықтың өмір сүру деңгейі мен жұмыспен қамтылуын арттыруға, өңірлердің өндірістік, еңбек және зияткерлік әлеуетін нығайтуға бағытталған.

Алайда, талдау көрсеткендей, аталған бағдарламалық құжаттарды іске асыруда келесі жүйелік проблемалар бар:

– АДБ үйлестірушісі мен бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының болмауы;

– өңірдің ерекшелігі ескерілмей, жоғарыдан түскен құжаттардың нысаналы индикаторларның ыдырауы;

– іс-шаралар мен нысаналы индикаторлардың нақты орындалуы бөлігінде сәйкессіздіктер болатын АДБ іске асыру нәтижелері бойынша анық емес және толық емес ақпарат;

– бағдарламаларды әзірлеушілерде кәсіби құзыреттіліктің жетілсіздігі, бұл көрсеткіштерді сапасыз талдауға және жоспарлауға, кейбір бағдарламалардың ресми статистика деректерімен сәйкес келмеуіне әкеледі;

– көрсеткіштердің базалық тізбесіне жиі өзгерістер енгізу («жоғарыдан төменге» басқару моделі);

– мемлекеттік жоспарлау жүйесінің нәтижелілігі мен тиімділігі, шынайылығы мен сенімділігі қағидаттарын сақтамау;

– бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан АДБ іске асыру бөлігінде нормативтік құқықтық актілерді зерделеудің жеткіліксіздігі және бағдарлама үйлестірушісі тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі;

– іске асыру туралы есепті асыра «әшекейленген» түрде ұсыну, бұл орындаушылардың деректері мен тексеру комиссиясының есептерінің сәйкессіздігіне әкеледі;

– бағдарламаларды іске асыру туралы ақпараттың жеткіліксіз болуы және басқалар.

6. Аймақ деңгейіндегі стратегиялық басқару жүйесі басқарудың барлық деңгейлерін және олардың өкілеттіктеріне сәйкес барлық басқару органдарын қамтиды: әкімдіктер, мәслихаттар, Қоғамдық кеңестер, ғылыми қоғамдастық, кәсіпкерлік субъектілері, халық және т.б.

Алайда, қоғамдық, ғылыми және жеке ұйымдар өкілдерінің, жеке тұлғалардың АДБ әзірлеу және іске асыру процесіне қатысуы көп жағдайда декларативті болып табылады, сонымен қатар өңірдің дамуын стратегиялық басқаруда құқықтық проблемалар да бар. ҚР Ұлттық экономика министрлігі өңірлерге жіберген стратегиялық көрсеткіштер картасының болуы да облыстың басқа стейкхолдерлерінің мүдделерін толық ескеруге мүмкіндік бермейді.

2010 жылдан бастап облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі іске асырылуда. Өңірлер деңгейінде мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесі аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары деңгейінде және бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша тиімділікті айқындауға арналған. 2018-2022 жылдар аралығында осы блок бойынша «Қарағанды облысы әкімінің аппараты» ММ қызметі өзінің тиімділігін орташадан төменге дейін түсіреді.

2022 жылы облыстық бюджеттің атқарылуын 222 бюджеттік бағдарламасын 30 әкімшілік қызмекері жүзеге асырды. Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру тиімділігі 92,2% - құрады, тікелей нәтиженің 93 (8,9%) және 38-ші көрсеткішіне түпкілікті (11,4%) қол жеткізу қамтамасыз етілмеген. Себептері: мемлекеттік жоспарлау жүйесінің нәтижелілігі мен тиімділігі қағидаттарын сақтамау; облыс экономикасының дамуының жекелеген факторларын ескермей индикаторларды болжау; тиімсіз жоспарлау және т.б.

7. Өңірдің дамуын стратегиялық басқарудың сапасын толық бағалау үшін Қарағанды облысының, қалалық және аудандық әкімдіктерінің мемлекеттік қызметшілеріне облыстық даму бағдарламасын/жоспарын әзірлеуге қатысуға, сондай-ақ өңірдің дамуын стратегиялық басқарудағы осы құжаттың рөліне қатысты олардың пікірлерін анықтау тұрғысынан сауалнама жүргізілді:

– сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және іске асыру арқылы Қарағанды облысының дамуын стратегиялық басқаруға қатысады деп есептейтініне қарамастан, олардың басым бөлігі өз жауаптарында басқарудың базалық мәселелерінде құзыреттілік пен хабардарлықтың төмен деңгейін көрсетті;

– өңірді дамытудың негізгі құжаты ғылым өкілдерін тарта отырып әзірленуге тиіс;

– Қарағанды облысының даму жоспары өңірдің дамуын стратегиялық мемлекеттік басқарудың негізгі құралдарының бірі болып табылатынына қарамастан, құжаттың көптеген көрсеткіштері істердің нақты жағдайына сәйкес келмейді, өйткені олар базалық, жоғарыдан төмен түсірілген болып табылады;

– Қарағанды облысының даму бағдарламасын облыстың даму жоспарына сәйкес қайта форматтаудың тиімділігін әзірлеушілердің өздері де жоғары бағаламайды, олардың мазмұны емес, атауы ған өзгерді деп есептейді.

8. Қазақстандағы аумақты дамытуды стратегиялық басқарудың тәсілдерін трансформациялау жолдарына мыналарды жатқызуға болады:

– құжатты бағалаудан саясатты бағалауға көшу, яғни толық циклды бағалау: ұсынылған шаралардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін бағалау, реттеу сапасы, әсер ету логикасы, орындаушылардың әлеуеті, процестердің үйлесімділігі, шығындар мен өндірілген әсердің арақатынасы;

– азаматтарды бүкіл ел және өңірлер деңгейінде басқарушылық шешімдерді қалыптастыруға тарту, сондай-ақ сындарлы азаматтық қатысу үшін қажетті жүйелік жағдайларды айқындайды;

– стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың нәтижелерін институционалдық ортаға сәйкес бағалау және оған қажетті құзыреттерді әзірлеу және т.б.

9. Диссертациялық жұмыс шеңберінде жүргізілген зерттеу АДБ-ға қол жеткізу мен іске асырудың тиімділігін бағалау бойынша әдіснамалық базаны қалыптастыру қажеттігін айғақтайды. Қазіргі уақытта қолданыстағы Әдістемеде үш критерий қолданылады, олардың тек біреуі ғана тиімділікті бағалайды, ал екі критерий процестік сипатта болып отыр.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, қазіргі бағалау әдістемесінде жергілікті атқарушы органдарда тәуекел-менеджмент деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін облыстарды дамыту жоспарының тәуекелдерді басқару критерийі жоқ екенін көрсетті. Осыған байланысты, бағалау әдістемесіне және АДБ форматына тәуекелдерді басқару бөлімін енгізген жөн деп санаймыз.

Жергілікті атқарушы органдар үшін облыстарды дамыту жоспарларының стратегиялық мақсаттарын бағалау үшін 2 критерийді қосу ұсынылады: «әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері» және «өңірдің экономикалық дербестігі». Бұл тәсіл жергілікті атқарушы органдардың қызметін жоспарлауды бағалаудың объективтілігін арттыруға, өңірлік инфрақұрылымды, шағын және орта бизнесті дамытуды, жаңа жұмыс орындарын құруды, жалақыны көтеруді, жергілікті бюджеттің кірістерін арттыру құралы ретінде салық салынатын базаның өсуін ынталандыруға мүмкіндік береді.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезені: Қазақстан халқына жолдауы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020>. 16.11.2023.
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарын бекіту туралы: 2022 жылдың 21 ақпанда, №812 бекітілген // <https://online.zakon.kz>. 05.05.2023.
- 3 Пивень И.Г. Стратегическое управление развитием региона в современных условиях // <https://cyberleninka.ru/article/n/strategicheskoe-upravlenie-razvitiem-regiona-v-sovremennyh-usloviyah>. 16.11.2020.
- 4 Решетникова Н.В. Алгоритм стратегического управления социально-экономической системой // Островские чтения. – 2015. – №1. – С. 121-125.
- 5 Логиновский О.В., Максимов А.А. Стратегическое управление регионами: от сложившихся подходов к учету современных реалий // Проблемы управления. – 2017. – №6. – С. 19-31.
- 6 Сактоев В.Е. Региональное стратегическое планирование в контексте дефинитивных подходов и специфических особенностей // Вестник ВСГУТУ. – 2014. – №1(46). – С. 119-129.
- 7 Гагарина Г.Ю., Мирошников С.Н. Некоторые вопросы управления социально-экономическим развитием субъектов Российской Федерации на основе системы стратегического планирования // Управленческое консультирование. – 2018. – №12. – С. 79-90.
- 8 Пучкин М.Б. Инструменты стратегического управления социально-экономическим развитием закрытых административно-территориальных образований: дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – Красноярск, 2019. – 166 с.
- 9 Каркавин М.В. Концептуальные подходы к стратегическому управлению социально-экономическим развитием малых и средних городов // Фундаментальные исследования. – 2011. – №8, ч. 1. – С. 219-222.
- 10 Шевелева Р.Н. Инструменты формирования стратегии социально-экономического развития муниципальных образований неурбанизированных территорий: дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – Красноярск, 2016. – 150 с.
- 11 Сагиндиков Е.Н., Ювица Н.В. Государственное стратегическое планирование и прогнозирование: учеб. пос. – Астана, 2013. – 320 с.
- 12 Тютин Д.В. Новое Государственное Управление: от управления эффективностью и результативностью к менеджменту публичных ценностей// <https://cyberleninka.ru/article/n/novoe-gosudarstvennoe-upravlenie-ot>. 19.12.2020.
- 13 Каркавин М.В. Концептуальные подходы к стратегическому управлению социально-экономическим развитием малых и средних городов // Фундаментальные исследования. – 2011. – №8. – С. 219-222.
- 14 Байдаков С.Л. Теория и методология стратегического управления мегаполисом и его территориальными единицами: автореф. ... док. экон. наук: 08.00.05. – М., 2010. – 32 с.
- 15 Катъкало В.С. Исходные концепции стратегического управления и их современная оценка // Российский жур. менеджмента. – 2003. – №1. – С. 7-30.

16 Bozeman B., Straussman J. Public Management Strategies: Guidelines for Managerial Effectiveness. – San Francisco, 1991. – 214 p.

17 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдама туралы: 2007 жылдың 26 желтоқсанда, №1297 бекітілген // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070001297\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070001297_). 19.12.2020

18 Нагимова А.М. Социологический анализ качества жизни населения: региональный аспект. – Казань: Казан. гос. ун-т, 2010. – 306 с.

19 Толстогузов О.В. Стратегия периферийного региона в условиях ограничения информации: методология, теория и практика. – Петрозаводск: Карельский научный центр РАН, 2010. – 488 с.

20 Лапаева М.Г., Лапаев С.П. Регион как пространственная социально-экономическая система государства // Вестник Оренбургского государственного университета. – 2012. – №8(144). – С. 133-143.

21 Витульева Т.А. Понятие региона как социально-экономического образования // Вестник бурятского государственного университета. – 2014. – №4. – С. 41-46.

22 Доронина Ф.Х. Современные подходы к определению понятия «Регион» // Вестник Московского университета имени С.Ю. – 2015. – №1(16). – С. 72-77.

23 Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы: 1993 жылдың 8 желтоқсанда, №2572-ХІІ қабылданаған // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004200\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004200_). 19.12.2020.

24 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы: 2017 жылдың 29 қарашада, №790 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 19.12.2020.

25 Ефимова Е.В. Стратегическое управление устойчивым развитием сельских территории: дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – Саранск, 2017. – 206 с.

26 Бражник М.В. Научные школы стратегического управления: варианты классификации // <http://www.m-economy.ru/art.php?nArtId=2706>. 19.12.2020.

27 Ансофф И. Стратегическое управление. – М.: Экономика, 1989. – 519 с.

28 Митрофанова И.В. Управляемое социально-экономическое развитие регионов и округов России: мифы и рифы стратегического менеджмента // Государственное и муниципальное управление. – 2010. – №4. – С. 62-71.

29 Минцберг Г., Куинн Дж.Б., Гошал С. Стратегический процесс: концепции, проблемы, решения / пер. с англ. – СПб.: Питер, 2001. – 567 с.

30 Ходыкова Н.В., Болдырва А.В. Методологические проблемы стратегического управления экономикой региона // Terra economicus. – 2011. – Т. 9, №1. – С. 130-133

31 Пивень И.Г. Стратегическое управление социально-экономическим развитием региона как инструмент усиления его конкурентных преимуществ // ФЭС: Финансы. Экономика. Стратегия. – 2011. – №5. – С. 61-65.

32 Федулов Д.В. Выбор стратегии развития маркетинга территории // Экономика и управление. – 2015. – №3(124). – С. 40-42.

- 33 Межевич Н.М., Черняк С.Я. Специфика стратегического планирования в приграничных городах и регионах // <http://notabenenord>. 10.11.2022.
- 34 Сактоев В.Е. Региональное стратегическое планирование в контексте дефинитивных подходов и специфических особенностей // Вестник ВСГУТУ. – 2014. – №1(46). – С. 119-129.
- 35 Цветков А.Ю. Цели и стратегия развития территории (на примере Соловецкого архипелага) // Арктика и Север. – 2017. – №27. – С. 52-58.
- 36 Степанова С.В. Стратегическое управление региональным развитием в контексте эволюционной теории // <https://cyberleninka.ru/article/n>. 10.11.2023.
- 37 Деткина Д.А. Стратегическое управление территориальным развитием: техническое содействие // Научный вестник ЮИМ. – 2013. – №4. – С. 57-60.
- 38 Шеховцева Л.С. Концептуальные основы стратегического управления развитием региона // Вестник МГТУ. – 2006. – Т. 9, №4. – С. 690-693.
- 39 Захаров С.В. Комплексный проект развития территории: определение сущности дефиниции // <https://eee-region.ru/article/4947/>. 10.11.2023.
- 40 Пивень И.Г. Концептуальные основы стратегического управления устойчивым развитием региона // Новые технологии. – 2014. – №3. – С. 58-64.
- 41 Аймагамбетов Е.Б., Алимбаев А.А., Притворова Т.П. Стратегия устойчивого развития социально-экономической системы региона: монография. – Караганда: КЭУК, 2006. – Т. 1. – 324 с.
- 42 Асланова С.Х., Топсахалова Ф.М.-Г. Стратегическое управление социально-экономическим развитием на региональном уровне // Фундаментальные исследования. – 2015. – №2-11. – С. 2389-2393.
- 43 Политика пространственного развития экономики Казахстана: новые принципы, ключевые приоритеты и механизмы реализации / под ред. А.А. Сатыбалдина, Н.К. Нурлановой. – Алматы, 2017. – 484 с.
- 44 Батов Г.Х. Стратегическое планирование как инструмент стратегического управления региональной социально-экономической системой // Модернизация. Инновации. Развитие. – 2016. – Т. 7, №2. – С. 212-218.
- 45 Ахмедуев А.Ш. Стратегическое управление социально-экономическим развитием региона: методологические основы формирования и системные проблемы организации // Региональные проблемы преобразования экономики. – 2017. – №1. – С. 53-67.
- 46 Андреев В.Н. «Базовые» и «связующие» функции стратегического управления развитием региона // Российское предпринимательство. – 2012. – №22(220). – С. 160-166.
- 47 Рохчин В.Е. Знаменская К.Н. Стратегическое территориальное планирование в современной России: состояние, проблемы и первоочередные задачи научного обеспечения. – СПб., 2000. – 42 с.
- 48 Степанова С.В., Шулепов В.И. Стратегические подходы к управлению социально-экономическими системами регионального уровня в контексте эволюционной экономической теории // Вестник Поволжского государственного технологического университета. – 2015. – №3(27). – С. 15-30.
- 49 Андреев В.Н. Состав и базовые научные принципы построения системы стратегического управления экономическим развитием региона //

Управление экономическими системами: электронный научный журнал. – 2012. – №10(46). – С. 32.

50 Кухарская Н.А. Стратегирование социально-экономического развития региона как новый подход к разработке и реализации стратегий регионального развития // Соц.проблемы сучас.періоду України. – 2014. – №3(107). – С. 22-28.

51 Шацкая И.В. от государственного стратегического планирования к стратегическому управлению // Российское предпринимательство. – 2014. – №1(247). – С. 50-57.

52 Зубарев Ю.Н. К вопросу о стратегировании социально-экономического развития региона // Экономика: вчера, сегодня, завтра. – 2018. – Т. 8, №11А. – С. 41-48.

53 Светник Т.В., Федюкович Е.В. Методология стратегического управления экономикой региона // Известия Иркутской государственной экономической академии. – 2010. – №4. – С. 96-112.

54 Бабурин В.Л., Горячко М.Д. Стратегическое управление региональным развитием: экономико-географический подход // Вестник Московского государственного университета. – 2009. – №5. – С. 53-58.

55 Сактоев В.Е., Халтаева С.Р. Стратегическое управление устойчивым инновационно-ориентированным развитием социально-экономической системы региона // Известия ЮЗГУ. – 2013. – №3. – С. 25-41.

56 Гершанок А.А., Демин Г.А., Ощепков А.М. Развитие методологии стратегического управления территориальными образованиями // Экономика: вчера, сегодня, завтра. – 2018. – Т. 8, №3А. – С. 39-49.

57 Шибиченко Г.И. Зарубежный опыт стратегического планирования развития муниципального образования // Государст. и муницип. управление в XXI веке: теория, методология, практика. – 2014. – №14. – С. 75-80.

58 Быдтаева Э.Е. Зарубежный опыт стратегического планирования регионального экономического развития // Вестник Университета. – 2013. – №22. – С. 21-28.

59 Клименко А.В., Королев В.А. и др. Актуальный опыт зарубежных стран по развитию государственных систем стратегического планирования. – М., 2016. – Ч. 1. – 68 с.

60 Сафиянов Д.Р. Региональный аспект программно-целевого метода планирования в Российской Федерации и за рубежом // <https://strategy24.ru/04/news/regionalnyy-aspekt-programmnotselevogo>. 11.11.2020.

61 Borbasova Z., Nessipbayev R., Mussatayeva A. et al. Strategic Territorial Development Management (on the Example of the Karaganda Region) // Montenegrin Journal of Economics. – 2021. – Vol. 17, Issue 4. – P. 17-35.

62 Трифонова П.С. Зарубежный опыт национального стратегического планирования // Актуальные проблемы экономики и управления: сб. ст. 7-й всерос. науч.-практ. конф. с междунар. уч. – Екатеринбург, 2019. – С. 135-140.

63 Атанов Н.И., Мункодугарова А.Б., Семенов Ф.В. Стратегические подходы Японии и Республики Корея к развитию регионов: уроки, полезные для России // Вестник Бурятского государственного университета. – 2014. – №2. – С. 70-76.

64 Петунин Е.И., Бичиев Р.К., Вафин И.С. и др. Стратегическое региональное планирование Китая // Московский экономический журнал. – 2019. – №7. – С. 556-563.

65 Песцов С.К. Управление региональным развитием // Фундаментальные исследования. – 2019. – №10. – С. 57-63.

66 Восточная аналитика / Институт востоковедения. – М., 2016. – Вып. 3. – 97 с.

67 Петровский В.Е. Стратегическое планирование российско-китайских отношений в сфере приграничного и межрегионального сотрудничества // Аналитическая записка. – 2016. – №7. – С. 3-11.

68 Клименко А.В., Королев В.А., Двинских Д.Ю. и др. Актуальный опыт зарубежных стран по развитию государственных систем стратегического планирования. – М., 2016. – Ч. 2. – 40 с.

69 Беленчук А.А. Бюджетирование, ориентированное на результат: стратегии и перспективы // <https://cyberleninka.ru/article/n.8.01.2024>.

70 Кожумов А.С. Совершенствование системы стратегического планирования Республики Казахстан на основе методологии ОЭСР: дис. ... док. по образовательной программе: 8D041137 – Нур-Султан, 2022. – 128 с.

71 Ильина И.Н., Плисецкий Е.Е., Копыченко Г.С. и др. Оценка качества разработки региональных стратегий развития в России // Региональная экономика: теория и практика. – 2016. – №4. – С. 178-196.

72 Новоселов А.С., Фалеев А.В. Стратегическое планирование как основа долгосрочного развития региональной экономики (на материалах Новосибирской области) // <https://eee-region.ru/article/5913/>. 10.11.2023.

73 Потапов Л.В. Методология и организация системы стратегического планирования социально-экономического развития региона // Регионалистика. – 2018. – Т. 5, №3. – С. 45-58.

74 Вертинская Т.С. Стратегии устойчивого развития регионов Беларуси: к вопросу о разработке новой методологии // Псковский регионологический журнал. – 2016. – №3(27). – С. 17-30.

75 Нигметов К.К. Зарубежный опыт оценки программ на примере Канады // Матер. 4-й междунар. науч.-практ. конф. «Актуальные проблемы развития национальной и региональной экономики». – Белгород, 2013. – С. 251-256.

76 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының аймақтық саясатының тұжырымдамасы туралы: 1996 жылдың 9 қыркүйектегі, №1097 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs.11.11.2023>.

77 Жайлауов Е.Б., Улыбышев Д.Н., Петренко Е.С. и др. Оценка результативности государственной региональной политики Республики Казахстан // Экономические отношения. – 2020. – Т. 10, №3. – С. 787-810.

78 Таубаев А.А. Формирование национальной модели экономического развития в Республике Казахстан // Вісник Київського національного університету імені Тараса Шевченка. – 2012. – №142. – С. 36-39.

79 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының 2002-2006 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы: 2001 жылдың 7 желтоқсанда, №1598 бекітілген //

[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001598\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001598_). 10.05.2023.

80 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы туралы: 2006 жылдың 28 тамызда, №167 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 10.05.2023.

81 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуінің 2007-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы. 2006 жылдың 14 қарашада, №216 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 10.05.2023.

82 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы: 2011 жылдың 21 шілдедегі, №118 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 10.05.2023.

83 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасын бекіту туралы: 2011 жылдың 26 шілдегі, №862 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 10.05.2023.

84 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы: 2012 жылдың 25 мамырда, №683 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 10.05.2023.

85 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы: 2014 жылдың 28 маусымда, №728 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 10.05.2023.

86 Үкіметте Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жобасы мақұлданды // <http://government.kz/ru/v>. 07.01.2021.

87 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының жобасы туралы: 2019 жылдың 23 тамызда, №625 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 10.05.2023.

88 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсанда, №990 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz>. 10.05.2023.

89 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қуатты өңірлер-елді дамытудың драйвері» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №729 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 10.05.2023.

90 Досмагамбетова Г.И. Современные тенденции казахстанской региональной политики // Регионы Евразии: стратегии и механизмы модернизации, инновационно-технического развития и сотрудничества: матер. 1-й междунар. практ. конф. – М., 2013. – С. 128-131.

91 Обзоры результативности экологической деятельности: Казахстан: 2-й обзор / ООН. – Нью-Йорк; Женева, 2008. – 261 с.

92 Камалиева А. Возрождение моногородов: быть или не быть? // <https://ekonomist.kz/kamaliyeva/vozrozhdeniye-monogorodov/>. 04.01.2021.

93 Назарбаев Н. А. Эра независимости. – Астана, 2017. – 508 с.

94 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы: 2017 жылдың 29 қарашада, №790 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz>. 10.05.2023.

95 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан

Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы: 2013 жылдың 16 қаңтарда, №466 бекітілген // <https://adilet.zan.kz>. 10.05.2023.

96 Джумамбаев С.К. Региональная политика Казахстана: опыт и проблемы // [pps.kaznu.kz](https://pps.kaznu.kz). 10.05.2023.

97 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін реформалау туралы: 2014 жылдың 6 тамызда, №875 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 10.11.2023.

98 С заботой и вниманием ко всем или Программа развития регионов Казахстана // <http://transexpress.kz/ru/magazines.php?id=1101&edition>. 07.01.2021.

99 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан халқына жолдауы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>. 10.02.2023.

100 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің деректері // <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy?lang=kk>. 10.02.2023.

101 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы: 2018 жылдың 15 ақпанда, №636 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>. 10.02.2023.

102 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Бұйрығы. Республикалық және облыстық маңызы бар қалаларды дамыту стратегияларын әзірлеу жөніндегі әдістемені бекіту туралы: 2019 жылдың 11 қаңтарда, №3 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>. 10.02.2023.

103 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтары туралы: 2021 жылдың 26 ақпанда, №520 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/rus>. 10.02.2023.

104 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы: 2011 жылдың 30 сәуіресі, №473 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>. 10.02.2023.

105 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «2011-2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасын бекіту туралы: 2011 жылдың 24 мамырда, №570 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>. 10.02.2023.

106 Меры региональной политики по содействию диверсификации и росту производительности в Казахстане в Беларуси / ОЭСР. – Париж, 2020. – 86 с.

107 Хамбар Б., Тасбауова А., Ахметжанова К. Национальные проекты как инструмент реализации государственной политики: особенности и зарубежный опыт // Мемлекеттік басқару және қызмет. – 2020. – №3(74). – С. 4-14.

108 2022 жылғы Қарағанды облысы бойынша алдын ала деректер // <https://stat.gov.kz/ru/region/karagandy/collections/?year=&period>. 10.11.2022.

109 Социально-экономический паспорт Карагандинской области за 2022 год / Управление экономики Карагандинской области. – Караганда, 2023. – 62 с.

110 Итоги работы промышленности Карагандинской области: экспресс-информация от 2020 года, №11-31/20 // [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz). 10.11.2022.

- 111 Итоги работы промышленности Карагандинской области: экспресс-информация от 2019 года, №11-33/19 // [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz). 10.11.2022.
- 112 Қазақстан өңірлері 2021 жылы: стат. жыл. / ред. Ж.Н. Шаймарданова. – Астана 2022. – 464 б.
- 113 Қазақстан өңірлері 2018 жылы: стат. жыл. / ред. Н.С. Айдапкелов. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 451 б.
- 114 Қазақстан Республикасының өңірлерінің статистикасы // <https://www.stat.gov.kz/region/256619/dynamic>. 13.01.2021.
- 115 Қарағанды облысының өнеркәсіптік дамуы // <https://qazindustry.gov.kz/analitika/article/2451-promyshlennoe-razvitie>. 16.09.2023.
- 116 Қарағанды облысындағы инвестициялық және құрылыс қызметі // <https://stat.gov.kz/ru/region/karagandy/collections/?year=2022&period>. 17.09.2023.
- 117 Отчет о реализации Государственной программы индустриально-инновационного развития // <https://www.gov.kz/memleket/entities>. 15.06.2021.
- 118 Об итогах социально-экономического развития региона за 2022 год и задачах на 2023 год // <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda>. 06.02.2023.
- 119 Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы // <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-forrest-village>. 06.02.2023.
- 120 Новые фермы и картофелохранилища появятся в Карагандинской области // <https://www.inform.kz/ru/novye-fermy-i>. 16.09.2023.
- 121 Қарағанды облысының 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық паспорты / Қарағанды облысының экономика басқармасы. – Қарағанды, 2022. – 154 б.
- 122 Еңбек және табыс. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық // <https://stat.gov.kz/ru/region/karagandy/collections/?year=2022&period>. 17.09.2023.
- 123 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы: 2023 жылдың 22 қыркүйектегі, №828 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz>. 10.05.2023.
- 124 Қарағанды облысы кәсіпкерлік басқармасының ресми деректері // <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-kasipkerlik/documents>. 22.08.2023.
- 125 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 26 желтоқсанда, №982 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 10.05.2023.
- 126 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді «денсаулық сақтау ұлттық жобасын бекіту туралы»: 2021 жылдың 12 қазанда, №725 бекітілген // <https://adilet.zan>. 10.05.2023.
- 127 Қарағанды облысының демографиялық жылынамасы 2015-2019: стат. жин. / Қарағанды облысының экономика басқармасы. – Қарағанда, 2019. – 176 б.
- 128 Қазақстанның демографиялық жылынамалығы / ред. Ж.Н. Шаймарданова. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 265 б.
- 129 Әлеуметтік статистика. Демографиялық статистика // <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/>. 10.11.2023.
- 130 Қазақстанның демографиялық жылынама: стат. жин. / ред. Н.С. Айдапкелов. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 262 б.



- 131 Қазақстанның демографиялық жылнама: стат. жин. / ред. Н.С. Айдапкелов. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 276 б.
- 132 Демографиялық статистика // <https://old.stat.gov.kz/region>. 10.11.2023.
- 133 Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы: шешімі / Қарағанды облыстық мәслихаты. – Қарағанды, 2018. – 189 б.
- 134 Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі 2017-2021 / Ұлттық статистика бюросы. – Астана, 2022. – 142 б.
- 135 Рейтинг конкурентоспособности регионов Казахстана – 2019 // [https://forbes.kz/leader/rejting\\_konkurentosposobnosti\\_regionov](https://forbes.kz/leader/rejting_konkurentosposobnosti_regionov). 13.02.2021.
- 136 Официальные данные Центра Стратегических Инициатив // <https://csi.kz/aboutcompany>. 01.09.2023.
- 137 Заключение к отчету Правительства Республики Казахстан об исполнении республиканского бюджета за 2021 год / Высшая аудиторская палата Республики Казахстан. – Астана, 2022. – 641 с.
- 138 Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2021 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебі: қорытындысы / Қарағанды облысының экономика басқармасы. – Қарағанды, 2022. – 98 б.
- 139 Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2020 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебі: қорытындысы / Қарағанды облысының экономика басқармасы. – Қарағанды, 2021. – 98 б.
- 140 Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2019 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебі: қорытындысы / Қарағанды облысының экономика басқармасы. – Қарағанды, 2020. – 94 б.
- 141 Как передача части КПН в местные бюджеты повлияла на налоговые сборы // <https://kz.kursiv.media/2021-06-28/kak-peredacha-chasti-kpn>. 15.04.2023.
- 142 Стратегия территориального развития Карагандинской области до 2015 года: утв. решением 2-й сессии Областного маслихата от 16 октября 2007 года, №29. – Караганда, 2007. – 84 с.
- 143 Қарағанды облысының 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасы / Қарағанды облыстық мәслихаты. – Қарағанды, 2014. – 130 б.
- 144 Указ Президента Республики Казахстан. О системе государственного планирования в Республике Казахстан: утв. 18 июня 2009 года, №827 // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000827\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000827_). 10.11.2023.
- 145 Указ Президента Республики Казахстан. О некоторых вопросах дальнейшего функционирования Системы государственного планирования в Республике Казахстан: утв. 4 марта 2010 года, №931 // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U100000931\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U100000931_) 10.11.2023.
- 146 Приказ Министра экономического развития и торговли Республики Казахстан. Об утверждении Методических рекомендаций по разработке Стратегического плана развития Республики Казахстан, Прогнозной схемы территориально-пространственного развития страны, государственных программ, программ развития территорий и стратегических планов государственных органов, включающих формат стратегических планов государственных органов: утв. 1 июля 2010 года, №101 (утратило силу) //

[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30819535](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30819535). 10.11.2023.

147 Прогноз социально-экономического развития Карагандинской области на 2014-2016 годы // <https://www.karaganda-region.kz/eng>. 26.02.2021.

148 Итоги государственного аудита реализации Программы развития Карагандинской области за 2011-2015 годы / Ревизионная комиссия Карагандинской области // [http://krgrevcom.gov.kz/ru/work\\_2/cat](http://krgrevcom.gov.kz/ru/work_2/cat). 26.02.2021.

149 Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан. Об утверждении Базового перечня показателей: утв. 23 декабря 2014 года, №166 (утратил силу) // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800018008>. 26.02.2021.

150 Кодекс Республики Казахстан. Бюджетный кодекс Республики Казахстан: принят 4 декабря 2008 года, №95-IV // <https://adilet.zan.kz>. 10.05.2021.

151 Сельское, лесное и рыбное хозяйство в Республике Казахстан: стат. сб. 2011-2015 гг. / Бюро национальной статистики. – Астана, 2016. – 144 с.

152 Инвестиции в основной капитал в сельское хозяйство // <https://stat.gov.kz/official/industry/161/statistic/5>. 06.03.2021.

153 Инвестиционная и строительная деятельность в Республике Казахстан: стат. сб. 2011-2015 / Бюро национальной статистики. – Астана, 2016. – 157 с.

154 Образование в Республике Казахстан: стат. сб. 2015-2016 / Бюро национальной статистики. – Нур-Султан, 2020. – 167 с.

155 Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы: Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы ХІ сессиясының №453, шешімімен бекітілген. – Қарағанда, 2015. – 130 б.

156 Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы: Қарағанды облыстық мәслихатының ХХХІІ сессиясының 2019 жылғы 30 қазандағы №461, шешімімен бекітілген. – Қарағанда, 2016. – 84 б.

157 Қарағанды облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы: Қарағанды облысы мәслихатының 2020 жылы 22 қазандағы ХЛІІІ сессиясының №577, шешімімен бекітілген. – Қарағанда, 2020. – 80 б.

158 Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан. Об утверждении Базового перечня показателей: утв. 19 декабря 2018 года, №104 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800018008>. 10.10.2023.

159 Методика по разработке Стратегического плана развития Республики Казахстан, Прогнозной схемы территориально-пространственного развития страны, государственных программ, стратегических планов государственных органов и программ развития территорий: приложение №1 // О некоторых вопросах Системы государственного планирования в Республике Казахстан: утв. приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 февраля 2018 года, №64 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800016493>. 10.10.2023.

160 Қарағанды облысының 2016-2020, 2017-2021, 2019-2023, 2020-2024 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы // <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda>. 10.10.2023.

161 Қарағанды облысы әкімдігінің Қаулысы. Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары: 2020 жылдың 17 қарашада, №73/07 бекітілген //

<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda>. 10.10.2023.

162 Аудиторлық есеп / «Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ. – Караганда, 2020. – 51 б.

163 Қарағанды облысын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасы: Қарағанды облыстық мәслихатының 44 сессияс. 2020 жылдың 10 желтоқсанда, №589 шешімімен бекітілген // <https://www.gov.kz>. 10.10.2023.

164 План развития Карагандинской области на 2021-2025 годы: утв. решением 9-й сессии Карагандинского областного маслихата №124 от 9 декабря 2021 года // <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda>. 10.10.2023.

165 Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан. Об утверждении Методики разработки, мониторинга, реализации, оценки и контроля Национального плана развития Республики Казахстан, Плана территориального развития страны, концепций, планов развития государственных органов, планов развития области, города республиканского значения, столицы: утв. 25 октября 2021 года, №93 // <https://adilet.zan>. 10.11.2023.

166 Отчет о реализации Плана развития Карагандинской области на 2021-2025 годы за 2022 год // <https://www.gov.kz/memleket/entities>. 16.04.2023.

167 Братченко С.А. Несогласованность целей в государственном управлении // Вестник Института экономики Российской академии наук. – 2023. – №6. – С. 78-108.

168 Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении национального проекта по развитию агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021-2025 годы: утв. 12 октября 2021 года, №732 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000732>. 16.04.2023.

169 Счетный комитет выявил неэффективность госпрограмм // <https://kz.kursiv.media/2020-06-22/schetnyy-komitet-vyyavil>. 19.01.2024.

170 Вечкинзова Е.А. Основные факторы, воздействующие на эффективность реализации государственных программ в Республике Казахстан // Вестник Челябинского государственного университета. – 2009. – №26(164). – Вып. 22. – С. 110-112.

171 Закон Республики Казахстан. О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан: принят 23 января 2001 года, №148 // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000148\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000148_). 19.01.2023.

172 Жанузакова Л.Т. Проблемы взаимодействия местных представительных и исполнительных органов в Республике Казахстан // Вест. Института законодательства Республики Казахстан. – 2006. – №1. – С. 17-24.

173 Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы: 1995 жылдың 28 қыркүйектегі, №2464 қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464>. 10.11.2023.

174 Положение о государственном учреждении «Управление экономики Карагандинской области»: приложение 1 // Постановление акимата Карагандинской области от 07 августа 2018 года, №41/02. – Караганда, 2018 (ДСП).

175 Положение о государственном учреждении «Аппарат акима Карагандинской области»: приложение // Постановление акимата

Карагандинской области от «25» мая 2016 года №36/03. – Караганда, 2016 (ДСП).

176 Положение о государственном учреждении «Управление финансов Карагандинской области»: утв. постановлением акимата Карагандинской области от «02» ноября 2017 года №69/03. – Караганда, 2017 (ДСП).

177 Регламент Карагандинского областного маслихата // <http://www.karoblmaslihat.gov.kz/ru/the-regulations-of-the-maslikhat>

178 Положение о государственном учреждении «Ревизионная комиссия по Карагандинской области»: утв. решением 41-й сессии Карагандинского областного маслихата от 6 января 2016 года, №474. – Караганда, 2016 (ДСП).

179 СПК «Сарыарка» // <http://www.spk-saryarka.kz/rus/about/>. 10.12.2023.

180 Пособие по Общественным Советам: проект «Региональное развитие Казахстана» / Министерство культуры и спорта Республики Казахстан. – Караганда, 2016. – 43 с.

181 Указ Президента Республики Казахстан «О Системе ежегодной оценки эффективности деятельности центральных государственных и местных исполнительных органов областей, городов республиканского значения, столицы» от 19 марта 2010 года № 954 <https://adilet.zan.kz/rus/docs>. 01.09.2023.

182 Указ Президента Республики Казахстан. О совершенствовании системы государственного планирования: утв. 18 июня 2009 года, №827 // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000827\\_/links](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000827_/links). 01.09.2023.

183 ТОО «Центр исследований, анализа и оценки эффективности» Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета // <https://www.bagalau.kz/results/po-blokam>. 10.09.2023.

